

А 20-18

90к

Иманова Айгүл



**ЖҮЛДЫЗДЫ ЖОЛДЫҢ
САРДАРЫ**

Алматы - 2017



ИМАНОВА
Айгүл Серікбайқызы

ЖҰЛДЫЗДЫ ЖОЛДЫҢ САРДАРЫ

Монография

Жалпы редакциясын басқарған
ф.ғ.к., доцент **Сағатбек Медеубекұлы**

Алматы – 2017

ӘОЖ 01:821.512.122.0 94
КБЖ 91.9 Қаз 983
И 48

Пікір жазғандар:

Педагогика ғылымының докторы, профессор
Әбдіраман Шәмшиден;
Экономика ғылымдарының кандидаты, профессор
Бекболат Жетпісбайұлы

И 86 Иманова А.С.
Жұлдызды жолдың сардары. – Алматы, 2017.
-150 бет.

ISBN 978-601-04-1546-89

Бұл кітап ұлттың рухын көтеруші жазушы-болашақгер, Жүніс Сақұрпағы жайлы жазылған. «Қазақтың Жюль Верні» атанған Жүніс Сақұрпағының балалық шағы мен «бабалық» жасына дейінгі әрекеттері мен тірліктері осы кітапта баяндалады.

Кітап жалпы көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 01:821.512.122.0
КБЖ 91.9 Қаз 983

ISBN 978-601-04-1546-89

©Иманова А.С., 2017



КІРІСПЕ

Қазақ халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, оның тек жердегі, қоғамдағы ғана емес, жұлдызды әлеммен тікелей байланысты болып жататынын білеміз. Ата-бабаларымыздың көшпенділік өмірінде жұлдызды әлемді біліп-тануға мол мүмкіндік болды. Күн мен Ай, Құйрықты жұлдыздар мен өзге де мың-сан жұлдыздар қазақтың дархан даласында, кең көкжиегі мен ашық аспаны астында көшіп-қонып жүрген дана ата-бабаларымыздың көз алдарында тұрды.

Оларды қазақтың білікті жұлдызшылары бақылап-зерделеп, шығыс көкжиектен шығуы, көк жүзіне шарықтауы мен батуын, Ай ширектерінің өзгеруіне, Күн мен Айдың құлақтануына сай ауа райының қалай өзгеретініне мән бере білді. Ел арасында жаттанды болған «Таразы туса, таң суыр, Сүмбіле туса, су суыр» және басқа да өлең жолдарынан-ақ оны айқын көруге болады. Ол зерттеу-леріне қазақтың бұрышсыз тұрғызылатын қасиетті киіз үйі де мол мүмкіндік тудырды. Киіз үйдің кең керегелері мен уықтары, шаңырағының аралықтарынан жұлдызды аспандағы күллі аспан денелері көз алдарында болды. Тіпті, жаздың жылы, аптапты айларында киіз үйдің шаңырағы да, уықтары мен керегелері түні бойы киізден ашық қалдырылды. Бұл кез келген қазаққа жұлдызды әлемді танып-білуге жол ашты.

Қазақтың киіз үйлерінің өз кезінде осылайша обсерваторияның қызметін атқарғаны жөнінде орыс

галымы Владимир Васильевич Цыбульский өзінің «Әлем елдерінің календарлары мен хронологиясы» деген еңбегінде: «Көшпенділердің әрбір отбасының өз киіз үйі болды, оның шанырағы жылдың жылы мезгілдерінде түні бойы ашық қалдырылды, ал шыңырақтың уықтары жұлдыздар мен ғаламшарларды бақылауға бағыт берді. Осылайша әрбір киіз үй өзінше «планетарий-обсерватория» қызметін атқарды. Аспан денелерінің қозғалысын бақылай білу тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырды. Ғалымдардың зерттеулерінде айтылатындай, көшпенділердің көздері өте қырағы болған» деп жазды. Халқымыздың талант-ты әңгімешілері жұлдызды әлем жайлы небір аңыз-әңгімелер тудырды. Солардың елге ең кең тарағаны Үшарқар-Таразы, Жетіқарақшы шоқжұлдыздары мен Торпақ шоқжұлдызының құрамындағы Үркер жұлдыздар шоғыры жайлы аңыздар. Үркер жайлы аңыз жұлдызды дүниенің солтүстігіндегі нүктесі – Темірқазық жұлдызы мен оның төңірегіндегі шылбырланған Ақбозат пен Көкбозат, оны айналып жүретін Жетіқарақшымен байланыстырла айтылады.

«Ерте бір заманда бір отбасының Үркер делінген ортақ есімді сұлу қыздары болыпты,-деп басталады ол жайлы аңыздардың бір нұсқасы,- ол кең аспанның сәнін келтіріпті. Оларға көзі түспеген, қызықпаған жан, ғашық болмаған жігіттер қалмаған. Содан ол қыздарды Жетіқарақшының жеті жігіті де назарға алады. Қарымды да қарулы жігіттер ол қыздарға құда түспей-ақ солай қарай аттанып, кешкілік мезгілде қаннен-қаперсіз серуендеп жүрген топ қызға лап қояды. Қыздар жан-жаққа қашады. Бірақ олардың Үлпілдек есімді нәзіктеуі қашып үлгере алмай Жетіқарақшының қолына түседі. Сөйтіп, Жетіқарақшы шоқжұлдызына сегізінші жұлдыз болып қосылады». Аңыз осылай аяқталады.

Қазақтың жұлдызды аспан жайлы қай аңызында да қазақтың жұлдыздай сұлу қыздары, аңшылық дәстүрлері, тұрмыс-салттары суреттеледі. Үшарқар-Таразы, Делбеші. Егіздер шоқжұлдыздарының екі-екі жұлдыздарынан ақ босағаны көзге елестететін Босаға шоқжұлдызы жайлы айтылатын аңыздар да осындай әсерлі келеді.

Қазақ халқының жұлдызды әлем жайлы аңыз-әңгімелер тудырумен ғана шектелмей, күн мен түннің көктемгі, күзгі теңелулері мен жазғы, қысқы тоқырауларын дәл көрсететін жүйекті обсерваториялар да салған. Олардың орындарының Алматы мен Қарағанды қалаларының төңірегінен табылғаны барша-мызға аян. Ал жұлдызды аспанды бақылап-зерттейтін құралдардың айнасының ұлы энциклопедист ғалым Әбу Нәсір әл-Фарабидің ойыс айнасынан бастау алатыны белгілі. Бұл жөнінде кезінде «Білім және еңбек» журналында жарияланды, қазақ тілінде тұңғыш шыққан Жүніс Сақұрпағының «Астрономия» энциклопедиясына енді. Ғалымдар Хасен Әбішұрпағының «Халық астрономиясы», «Аспан сыры», Мыңбай Исақұрпағының «Қазақ күнтізбесі (календары)» кітаптары өз кезінде осы ғылым саласына қомақты үлес болып қосылды.

Қазақ халқының жұлдызды әлемді танып-білуге деген ықыласты ниеті бекер қалған жоқ. Өткен ғасырымыздың елуінші жылдарының аяқ кезінде, нақты айтқанда 1957 жылғы Қазан айының 4-ші күнінде Қорқыт атамыз «Жер кіндігі» деп атаған Жер шарымыздағы тұңғыш ғарыш айлағы Байқоңырдан Жердің Бірінші Жасанды Серігі ұшырылып, адамзат тарихында жұлдызды әлемге сапар жасаудың кең дарбазасын ашты. Ал дәл сол жылы ұлы ғалым, геолог, фарабитанушы Ақжан Жақсыбекұлы Машанидің «Жер астына саяхат» кітабы жарық көріп, қазақ әдебиеті шаңырағынша тұңғыш рет тек өткен шақта баяндалатын қазақ ертегілері мен аңыздарынан табиғаты

мүлдем бөлек. қоғам мен ғылымның болашағын ғылыми негізді көркем сөзбен бейнелейтін ғылыми жанр бастау алды.

Бұл жанр өткен жиырмамыншы ғасырдың бас кезінен грек сөзінен алынған «Фантастика», «Ғылыми фантастика» деген айдарға ие болып келді. Ол француздың әйгілі жазушысы Июлес Верненің шығармаларын орыс тіліне аударған кезде тұспалданып алығанды. Ал шындығында Июлес Верне шығармаларына «ғылыми хикаялық», «ғылыми географиялық» деген грифтер қойған. Ағылшын тілінде «фантастика» ұғымы жоқ. Бұл жанр ағылшын тілінде Science fiction делінеді. Бұл «ғылыми-болашақтық» деген мағынаны береді. Осындай грифпен тұңғыш рет қазақ ғылыми жанрында шығармашылығын өзім зерттеп жазып отырған Жүніс Сақұрпағының авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының он екіншісі – «Күзетші» ғылыми-болашақтық романы 2013 жылы Астанадағы «Елорда» баспасынан жарық көрді.

Ғылыми жанрдың мән-мақсатын оны зерттеуші Кабдрахман Әбілқасымұлы Наурызбайұрпағы өзінің «Ғылыми жанр» мақаласында: «Онда ғылым мен техниканың жетістігі ғана емес, адамзат басынан өткізіп отырған әлеуметтік, саяси, адамгершілік, психологиялық мәселелер де орын алады. Ғылыми жанр оқырманына болашақтың небір ойға бергісіз мың-сан жақсы модельдерін, солнымен қатар болашақ қоғамда болуы мүмкін келеңсіз көріністерді де бейнелейді. Бұл ғылыми жанрда ядролық қауіп, ғарыштық зерттеулердің мақсаттары, болашақ дүниедегі қоғамдық құрылым, тағы басқа да көкейкесті мәселелер көтеріліп, кең масштабта бейнеленеді. Бүгіндегі ғылыми жанр оны идеологияның аренасына шығарды» деп тұжырымдаған.

Елуінші жылдардың соңы мен жетпісінші жылдарда бұл жанрға Медеу Сәрсекке «Ғажайып сәуле»,

«Көрінбестің көлеңкесі». «Жетінші толқын». Талап Сұлтанбекұрпағы «Көшпелі алтын». «Лұқман Хәкім». Шоқан Әлімбайұрпағы «Данышпандық альфасы». «Данышпандық субстанциясы». Төлау Шаханұрпағы «Көгілдір мұнаралар». Төлеш Сүлейменұрпағы «Жұлдыз адамы», «Алианна – жұмбақ нысан». Шәмшиден Әбдіраман «Көрінбес қорған», «Әл-Фараби көпірі». «Әлмисақ», Абдул-Хамид Мархабайұрпағы «Ғарыштағы қымыз», «Арал әуендері», «Балалардың аман қалғанын айт!», «Аспанға құлады да кетті», «Жарылқаушы...». «Тосын ғарышхат», «Шортан планетасы, сен күнәлісің!», «Қолыңды әкел, келешек», «Қазақ фантастикалық әдебиеті», «Қазақ фантастикасының поэтикасы» және тағы басқа кітаптарымен елеулі үлес қосты. Ал Төлен Әбдіқұрпағы «Айтылмаған ақиқат», Машһар Ғұмар «Жұмбақ сәуле», Рысбек Бамаханұрпағы «Қаратауға қонған жұмбақ кеме», Советхан Ғаббасұрпағы «Кәусар», Нәрбін Кенжеғұлұрпағы «Қиын шешім», Раушанбек Бектібайұрпағы «Ионосферадағы алаң», «Қайта оралған Қорқыт ата», Сарманбай Исақұрпағы «Қызыл сәуле» кітаптарын арнады. Сонымен бірге бұл жанрға Кәдірбек Сегізбайұрпағы, Мұрат Сыздықұрпағы, Қарлыбай Жайтабарұрпағы, Байбота Серікбайұрпағы, Мыңбай Рәшүрпағы және тағы басқа да ақын, жазушылар бірді-екілі әңгімелерімен атсалысты.

Осы сексенінші жылдардың басында қазақ ғылыми жанрында тұңғыш өзінің авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарымен көрінген жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағы ғылыми жанрдың басты дінгегіне айналды, «Қазақтың Июлес Вернесі атанды. Сериясының бүгінгі күнге дейін жазып бітірген 90 ғылыми-болашақтық романдарының он екісі баспалардан кітап болып жарық көрді.

Жүніс Сақұрпағы жазған авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық роман-

дарына жан-жақты тоқталып, оның айтпақшы ғылыми ой-идеясының түп төркінін түсінуіміз керек.

Қазақ әдебиетіндегі ғылыми жанр әлемі халық арманынан туындаған жануарлар жайлы, қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілерінен бөлек сипат алады. Жазба әдебиетте ой-арманнан туындаған ғылымнан тыс оқиғалар Абай Құнанбайұлының дастандарында, Саттар Ерубаев-тың прозасында, Мұхтар Әуезовтың пьесаларында көрініс табады. Ғылыми жанрға қалам тартқан жазушылардың қатарынан Жүніс Сақұрпағы мен бірге Ақжан Машаниді, Медеу Сәрсекені, Талап Сұлтанбекұрпағын, Шоқан Әлімбайұрпағын, Төлеу Шаханұрпағын, Т.Сүлеймен-ұрпағын, Абул-Хамид Мархабайұрпағын, Раушанек Бектібайұрпағын, Советхан Ғаббасұрпағын, Нәрбін Кенжеғұлұрпағын, Шәмшиден Әбдірахманды, ерекше атап өтуімізге болады. Аталған қаламгерлер, сөз жоқ арман дүниесінің әдеби-ғылыми мәнін арттырды, шын өмірдің өзегіне айналдырды. Ақиқат жайттар болашақ әлемімен көркемдік үйлесім тапты.



**ЖАЗУШЫ-БОЛАШАҚҒЕР
ЖҮНІС САҚҰРПАҒЫНЫҢ
САРА ЖОЛЫ**



БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағы 1950 жылы Наурыз айының 1-ші күнінде Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданына қарасты Алматы ауылында дүниеге келген. Айнала төңірегі табиғаттың ғажайып көрінісіне бай, әйгілі Айқынбай, Тенізбай қыстау үңгірі, Ақмешіт әулие, Жеті отау үңгірлері, Әулие төбе табиғи ерекше орындары бар, түнгі тұнық аспанында Ай, Шолпан, Қызыл ғаламшар, Асқак ғаламшар мен мың-сан жұлдыздар менмұндалайтын ғажайып ортада балалық балғын шағы басталған.

Әкесі Сак төрт жасқа келгенінде дүниеден өткені. Ол кісі араб тілін де жақсы білген, құран таныған, елге белгілі ұста болған, шаруашылықта бригадирлік қызмет атқарған. Ауылында өнер көрсеткен күш атасы Қажымұқан Мұнайтпасұлы әкесінің сол ұсталығына тәнті болып, кеудесіне қойылған үлкен тасты ауыр балғамен сол кісіге ұрып сындырғызған. Жұмыстан қолы босаған сәттерінде ол ғылыми және құран кітаптарға ден қойып, оларда жазылғандарды айтып беріп отырған. Әкесінің араб әрптерімен жазған жазбалары өкінішке орай түрлі себептермен сақталмаған. Анасы Құлханыс ерекше дарынды, әңгімешіл кісі болған. Жастайынананасынан жетім қалып, жыршы ағасы Сейділдаға ілесіп, талай той-томалақтарда жыр тыңдап өскен. Ол кісі Сактан, өзінің әке-шешесінен естіген жұлдызды әлем, жалпы адамзаттың өнегелі істері жайлы аңыз-әңгімелерді тыңдап, көңіліне зерделеп, жадында сақтап, есіне түсіріп, Жүніске айтып беріп отырған.

Анасы күн сайын түнгі ұйқыдан таңғы сағат төрт-бес шамасында оянып, үй ішіндегілер мен күллі ауыл тұрғындары тұрғанша біршама жұмыстарын бітіріп тастайтын болған. Сегіз құрсак көтерген. Үш үлкені жастайларынан шетінеп кеткен. Олардан кейін Гүлбала,

Төрөгелді. Фатима. Рахима. Жүніс дүниеге келген. Гүлбала тұрмысқа ерте шығып кетіп, қалғанының ауыртпалығы анасы Құлханыс пен ағасы Төрөгелдіге түскен.

Жаздың аптапты айларындағы түндерде үй ауласындағы сыпа делінетін үлкен ағаш төсекте түн мезгілінде аспанда уысты ашып шашып жіберген маржан тастартай жылтылдаған мың-сан жұлдыздарға қадала, қызыға қараған Жүніске анасы Құлханыс жұлдызды әлемдегі Темірқазық, оның төңірегіндегі Ақбозат, Көкбозат, одан кейінгі Жетіқарақшыны оң қолының сұқ саусағымен жай ғана нұсқап көрсетіп, олар жайлы. Үркер мен Сұлусары жұлдыздары мен Үшарқар-Таразы шокжұлдызы жайлы қызықты да тартымды аңыз-әңгімелер айтқан. «Үркер жұлдыздар шоғыры жөнінде анам: "Үркер деген сұлу қыздар екен. Сол сұлу қыздарға бірде Жеті қарақ жігіттің көздері түсіпті. Сөйтіп, бір сәті келгенде, сол Үркердің бірі, ең сұлуы Үлпілдекті ұрлап алып кетіп, өздеріне қосып алыпты. Ал ана Темірқазыққа шылбырланған Жеті қарақ жігіттің бастаушысының екі аты - Ақбозат пен Көкбозаты. Сол оқиғадан кейін көздері қарақ жеті жігіт Жеті қарақшы атанып кетіпті. Алып ожауға ұқсайтын осы Жетіқарақшының сабының ұшынан санағанда екінші жұлдыздың үстіндегі кішкене жұлдыз сол Үркердің ұрланған ең сұлу қызы Үлпілдек" дейтін,-деп есіне алады Жүніс Сақұрпағы.

Анасының бұл аңыз-әңгімелері бала Жүністің арман қанатына қанат жалғап, "Ол жұлдыздарда не бар екен?" деген сұрағына жауап іздеуге деген ынта-ықыласын арттыра түседі. Мектепке бармай тұрған кездің өзінде-ақ ол білім алуға ынтығып, әріп танымаса да, ағасы мен әпкелерінің оқулықтарын қызыға парактаумен жүреді. Мектепке ол бес жасында барады. Бірақ мұғалімдер оған әлі ерте екенін, алты жасқа толған соң ғана білім алуына болатынын түсіндіреді. Сөйтіп, болашақ жазушы-болашақгер, ғалым 1956 жылы ұлы ғалым Қаныш Иман-

тайұлы Сәтбаев атындағы қазақ орта мектебі табалдырығын аттап, әріп таниды. Сол кезде барып ол әлгі жиі парақтаған кітаптардың Астрономия, Физика, Биология оқулықтары болғанын біледі.

Бірінші сыныпты бітірген 1957 жылдың Қазан айының 4 күнінде адамзат тарихында қазақтың қасиетті жерінен, Қорқыт атамыз "Жер кіндігі" атаған Байқоңырдан Жер төңірегіндегі ғарыш кеңістігіне Жердің Бірінші Жасанды Серігі ұшырылып, Ғарыш эрасы басталады. Ал 1959 жылдың Қаңтар айында өзімізге ең жақын ғаламшар - Айға тұңғыш ғаламшараралық автоматты кеме аттандырылады. Ол оқиғалар да Жүніске қатты әсер етеді. Сол жылдың жазындағы Айлы түндердің бірінде ол Батырбек, Тұрсынбек, Қамзабек есімді көрші достарына: "Ағам Төрегелді екеуіміз бір алапат Самұрық құсқа мінгесіп алып, оның арқа жонындағы бір түймесін басып қалып, сонау алыстағы жұлдыздардың біріне ұшып жеттік. Онда да өзіміз сияқты адамдар бар екен. Олармен тілдесіп, тарихын біліп алған соң Самұрық құстың арқа жонындағы келесі түймесін басып, Жерге қайтып ұшып келдік" деп ойдан құраған әңгімесін айтады.

Келесі 1960 жылғы Мамыр айының үшінші онкүндігінде Оңтүстік сапарында жүрген ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов ауыл мектебі мен құлыбында болады. Соның алдында жақын туыс ағасы Әжібек «Мұхтар Омарханұлы Әуезовке жалынды сәлем!» деп ақ сырмен жазылған жазуы бар енді қызыл түсті матаны көлік қорабының екі қабырғасына тағып, ауыл көшесімен әрі-бері жүйткітіп жүрген. Оны көрген анасы Құлханыс ерекше қуанып, белгі беріп, көлігін тоқтатқызып: "Әжібек, Жүністің ұлы жазушыны жақыннан көруіне мүмкіндік жаса. Шыбықбелден оқушылармен бірге құшақ-құшақ гүлмен қарсы алғанда қайбір анықтап көре алды дейсің" дейді. Сөйтіп, ол кезде төртінші сыныпта оқитын Жүніс ұлы жазушыны оқушылармен бірге де,

мектептегі. құлыбтағы ауыл тұрғындармен кездесуінде де жақыннан анық көріп, ұлағатты сөздерін естиді. Сол оқиғадан кейін жұлдызды әлем жөніндегі ой-армандарын ақ қағаз бетіне түсіруге талпына бастайды.

Оныншы сыныпта оқып жүргенде оның алғашқы ғылыми-танымдық еңбектері аудандық "Алғабас" газеті бетінде жарияланады. Шығарма жазу мен жұлдызтану ғылымына деген құлшынысы арта түседі. Бір артықшылығы, ол оқитын мектеп Шымкент қаласынан, аудан орталығы Шаяннан шалғай, таулы аймақта орналасса да, онда Мектеп сыңардүрбісі - телескобы болады. Бастауыш сыныптарда оқып жүргенде Күн мен Ай тұтылуларын, Олпан, Шолпан, Қызыл ғаламшар мен Асқақ ғаламшарды, сол жылдары көзге көрінген Құйрықты жұлдыздар мен басқа да аспан құбылыстарын жоғары сынып оқушыларымен бірге бақылап жүреді. Кәмелет жасқа толғанда көрген акпа жұлдыздар мен аспаннан жерге жеткен "жұлдыздар" жайлы Алматыдағы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Астрофизика институты мен Мәскеу Мемлекеттік университетінің П. К. Штернберг атындағы Астрофизика институтына жазып, қойған сұрақтарына жауап алады. Олардан келген әрбір жауап хат ауыл тұрғындарына да қуанышты жаңалық еді. Сол жетістіктеріне қарап Қантай есімді мұғалима туыс әпкесі: "Осы сен тегін емессің, түбі үлкен жазушы-ғалым боласың" дейді екен. Астрорномиядан ғана емес, Физика, Математика, Биология, Зоология пәндерінен дәріс берген Пернебек, Мақұлбек, Мұрат есімді ұстаздары Жүністің ерекше қабілеттілігіне тәнті болған. Ал қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берген Арыстан есімді ұстазы: "Жүністің шығарма жазу қабілеті бөлек" деген сөзін әрбір жазған шығармасын оқып шыққан сайын айтып отырады екен. Мұндай пікірлерді Жүніс университет қабырғасында оқып жүргенде де оқытушылар тарапынан жиі естіген.

Мектепті бітірген 1966 жылдың жаз айларында ауыл шаруашылығы жұмыстарына араласады. Шопан көмекшісі бола жүріп, түн. таң мезгілдерінде жұлдыздарды бақылайды. Сол жылдың Қараша айында ең үлкен әпкесі Гүлбаланың шақыруымен аудан орталығы Шаянға барып, аудандық Байланыс бөлімшесіне телеграфшы болып орналасады. Сонымен қатар ауданның радио торабында техник, Қазақстан Республикасы Гидрометеорология қызметінің Шаян стансасында ауа райын бақылаушы қызметтерін қатар атқарады. Аудандық "Алғабас" газеті беттерінде шығармалары жиі жарияланып тұрады. 1968 жылы республикалық "Білім және еңбек" ғылыми-көпшілік журналының 4-ші нөмірінде Жүністің "Астрофизика" сөзжұмбағы жарияланады. Сол жылы мәңгілік қазақ елі алдындағы әскери борышын өтеуге аттанып, телеграфшы, радиотелеграфшы, радист қызметтерін атқара жүріп, «Білім және еңбекке» мақалаларын жариялайды. 1969 жылғы Шілде айында адам баласы өкілдерінің Ай топырағына аяқ табанын тигізгендері Жүніске қатты әсер береді.

Әскерден 1970 жылдың Желтоқсан айында елге оралып, байланыс бөлімшесіндегі қызметтерін жалғастыра жүріп, 1971 жылғы Наурыз айында өзі "Кеңістік көшпенділері" деп жалпы айдар қойған авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарымның алғашқысы - "Тірішілік ұясы" ғылыми-болашақтық романын бастап жазады. Оған өзі зерттей келе "Қандай да бір Құйрықты жұлдыз ядросының Жермен соқтығысуынан түзілген үңгір" деп санайтын әйгілі "Ақмешіт әулие" үңгірі негіз болады. Үлкен шығармашылық жолға бет бұрғаннан кейін сол жылғы жазда Алматыға барып, қаладағы Автоматты телефон стансаларының біріне техник болып орналасып, кешкі сегіз айлық ақылы дайындық курсында оқиды. Келесі 1972 жылдың жазында кезекті еңбек демалысын алып, Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлт-

тық университетінің Жазбагерлік факультетіне оқуға түседі. Екінші курсты тәмамдаған 1974 жылғы жазда "Қазақстан пионері" газетінде "Атлантида жанғырығы" делінген ғылыми-болашақтық повесть-буриме жарияланады. Жүніс Сақұрпағы "Тұңғыықта" деген тақырыппен оның үшінші бөлімін жазады. Ол жарияланғаннан кейін сол кездері бірді-екілі ғылыми-болашақтық кітаптары жарық көрген жазушы-болашақгерлер оған назар аудара бастайды.

ТӘЖІРИБЕ ТАҒЫЛЫМЫ

1976 жылы қазақ ғылыми жанрында өзі алғаш бастап жазған авторлық «Кеністік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының алғашқысы - "Тіршілік ұясын" "Жалын" баспасына басылымға ұсынады. Бірақ оның әдеби қызметкері: "Сен ә дегеннен сериялы ғылыми-болашақтық романдарыңды кітап етіп шығармақшымысың. Мұны әуелі ықшамдап жинақ жаса. Содан соң толық нұсқасын шығара жатарсың" дейді. Автор солай жасап, баспаға тапсырады, ол тұнғыш жинағы баспада жеті жыл жатып, 1983 жылы жарық көреді. Ал сол 1976 жылы Семейдегі "Семей таңы" газетінің Желтоқсан айындағы екі нөміріне сериясының "Жаңбыр жауғанда" ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы жарияланады. Ал "Білім және еңбек" ғылыми-көпшілік журналының 1977 жылғы 1-ші нөмірінде "Әке өсиеті" тақырыбымен жарияланған "Уақыт қайтарымы" ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы журналының сол жылғы лауреаты атанады. "Жалын" баспасынан жарық көрген "Жібек жел" авторлар жинағына енген сериясының «Жаңбыр жауғанда» ғылыми-болашақтық романы жөнінде сол жинақтағы шығармаларға жазған алғы сөзінде ғалым Рахманқұл Бердібай: "Жаңбыр жауғанда" ғылыми-болашақтық шығармада ауаны, суды, топырақты ластап, ынсапсыздық бәсекесіне түсудің нендей қасіретке апарып соғатыны ескертілген" деп жоғары бағасын берді.

Анасы Құлханыс Жүністің «Жәбек желдегі» шығармасы мен суретін көргенде жас балаша қуанады. Кітапты қолынан тастамай үй ішінде де, сыртқа шығып та оқыды. Анасы Алматыға жиі келіп тұрған. Келген сайын Жүніс анасына қаланың көрікті, тарихи жерлерін көрсетіп, сурет пен әуесқойлық түрлі-түсті киноға да түсірген. 1978 жылдың күзінде анасын ұлы жазушы Мұхтар Омар-

ханұлы Әуезовтің мұрайжайға айналдырылған тұрғын үйіне апарды. Анасы жазушының мүсіндеріне, жазу үстелі мен жазу құралдарына, кітаптарына ерекше назар аударады. Оның 1960 жылы ауылда болған күндерін естеріне алады. Сол күннің ертеңінде таңғы шай үстінде анасы Жүніске: "Мен бір жақсы түс көрдім. Сен халқыңның ғылыми-әдеби алтын қорына енетін көп шығармалар жазасың" деп, ақ батасын береді.

1983 жылы жарық көрген сериясының тұңғышы «Тірішілік ұясы» ғылыми-болашақтық романы ә дегеннен көзге түседі. Ол жөнінде үлкен ғалым Файзулла Оразаев Қазақстан Жазушылар одағының жылдық әдеби қорытындысында жақсы пікірлерін білдіреді.

1987 жылы «Жалын» баспасынан сериясының екіншісі - "Борыш" ғылым-болашақтық романы ұлы ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің алғы сөзімен жарық көреді. Ол кісі алғы сөзінің соңында: "Жүністі қазақ халқының рухани қасиеті мен озық ойын халықаралық аренада танытатын жазушы-болашақгер деп білемін" деп ақ батасын береді.

Жүніс Сақұрпағы 1989 жылғы Желтоқсан айында КСРО Жазушылар одағы тарапынан арнайы хатпен Латыш Республикасының Дубулты қаласында өтетін жазушы-болашақгерлердің Бүкілодақтық семинарына қатысуға шақырылады. Оған сериясының "Тірішілік ұясы", "Соқтығысу" ғылыми-болашақтық романдарының орыс тіліне аударылған журналдық нұсқаларын алып барады. Семинарға Сергей Александрович Снегов есімді Ресей жазушысы жетекшілік етеді. Екі шығармасын талқылау барысында бір орыс орнынан ұшып тұрып: "Сіз "Тірішілік ұясы" ғылыми-болашақтық романыңызда неге қазақты кемедегі ғарышкерлер тобының басшысы, ал орысты борт инженер етіп жазасыз?" деп дүрсе қоя береді. Жүніс еш саспастан өзін салмақты ұстап: "Біріншіден, мен қазақ жазушысымын. Сондықтан менің

бас кейіпкерім міндетті түрде қазақ болады. Екіншіден. Ғарыш эрасы да, адам баласының ғарышқа алғаш ұшуы да қазақтың қасиетті жерінен. Байқоңырдан бастау алды. Үшіншіден, қазақ меймандос, мейманына қашан да төрінен орын береді. Қазақ ғарышқа ұшпаса, енді ұшады" деп байсалды жауап береді. Семинарға қатысушылардың кейбіреуі Жүніс Сақұрпағы шығармаларымдағы ғылыми идеяларды толық түсіне алмапты. Оны топ жетекшісі жайымен түсіндіріп береді. Соңында семинарға қатысушылар шешімімен Жүніске КСРО Жазушылар одағына мүше болуға Кепілдеме беріледі.

Сериясының үшіншісі - "Шеңбердің түйісуі" ғылыми-болашақтық романымның повестік нұсқасы "Жалын" баспасынан 1991 жылы жарық көрді. 1994 жылғы Қараша айының 30-шы күнінде бұл кітабына Үнді жазушыларының Қазақстандағы күндері өтіп жатқан кезде Қазақстан Жазушылар одағы үйінің кең залында бірінші хатшы Қалдарбек Найманбаев үнді жазушыларының алдында Жүніс Сақұрпағына Қазақстан Жазушылар одағы мен Жандос әдеби сыйлығы дипломын табыс етеді.

Ал 1995 жылғы күзде Чех Республикасынан келген танымал ғылыми жанр сыншысы Ярослав Ольша Қазақстан Жазушылар одағы арқылы жұмысына телефон қоңырауын соғып, Жүніс Сақұрпағына кездескісі келетінін білдіреді. Екі рет кездесулеріндегі әңгіме барысында Жүніс оған қазақ ғылыми жанрының өткені мен бүгінгі жетістіктері және болашағы жайлы айтып береді. 1996 жылы Чех Республикасының астанасы Прагада шығатын "Nemesis" ғылыми-танымдық журналының 2-ші нөмірінде Ярослав Ольшаның қазақ ғылыми жанры жөніндегі көлемді мақаласы, Жүніс Сақұрпағымен жүргізген суретті сұхбаты, авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының алтыншысы - "Қимайтын әлем" ғылыми-болашақтық

романының журналдық нұсқасы чех тіліне аударылып жарияланады.

1997 жыл да жазушы-болашақгердің есінде елеулі оқиғаламрымен қалады. "Қазақ энциклопедиясы" бас редакциясында "Техника. астрономия" ғылыми редакциясының меңгерушісі қызметінде жүргенінде "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясының 1-ші томы дайындалады. Ол томға еруге тиісті қазақтың ғана емес, бүкіл түркі халқының тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы, Кенес Одағының Батыры Тоқтар Онғарбайұлы Әубәкіров жөнінде ғылыми мақала жазу авторлық "Кеңістік көшпенділері" сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазып, жұлдызды әлемді зерттеп, астрономия ғылымын насихаттап жүрген Жүніске тапсырылды. Сөйтіп, ол ғарышкермен бір ғана рет емес, үш рет кездесіп, әңгімелеседі, бірге суретке түседі. Тоқтарға тек өмірбаяны ғана емес, ғарыш сапары жөнінде де көптеген сұрақтар қойып, еркін сырласады. Өте қарапайым, қазақы мінезді, әңгімешіл Тоқтар Әубәкіров ғылыми жанрға деген сүйіспеншілігін білдіреді. Жүніс Сақұрпағы ол кісіге сериялы ғылыми-болашақтық романдарының бірін қолтаңбасымен сыйлайды. Ал Тоқтар Әубәкіров Жүніске ғарышкер скафандрымен түскен суретінің екінші жағына қолтаңба жазып береді.

1999 жылы "Жазушы" баспасынан авторлық "Кеңістік көшпенділері" сериялы ғылыми-болашақтық романдарының төртіншісі - "Көктен келген көшпенділер" ғылыми-болашақтық романы толық нұсқасымен жарық көреді. «Ол менің о бастаған ойлаған арманым еді. Оған тәуелсіздігіміздің үлкен ықпалы тиді. Бұл шығарманың журналдық нұсқасы "Зерде" ғылыми-көпшілік журналының 1993 жылғы 11-ші нөмірінде жарияланған болатын», - деп есіне алады автор. Арада бір жыл өткенде, 2001 жылғы Мамыр айында Алматыдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының "Қазақстан" залында қазақ

ғылыми жанрында тұңғыш рет Жүніс Сақұрпағының өмірі мен авторлық "Кеністік көшпенділері" сериялы ғылыми-болашақтық романдарына арналған кітап көрмесі екі ай бойы жұмыс жасайды. Ол жөнінде қазақ және орыс тілдерінде көптеген республика-лық мерзімді баспасөзде мақалалар жарияланады.

2002 жылы "Білім" баспасы Жүніс Сақұрпағы сериясының бесіншісі - "Марстан шыққан жаңғырық" ғылыми-болашақтық романын жарыққа шығарады. Кейіннен ол жөнінде газет-журналдарда мақалалар жарияланып, "Қазақстан", "Астана", "Рахат" телеарналары арнайы телехабарлар түсіріп халыққа көрсетіледі.

2003 жылы "Ғылым" ғылыми баспа орталығынан жарық көрген сериясының алтыншысы - "Қимайтын әлем" ғылыми-болашақтық романы да елеулі шығармаларының бірі болды. Оның журналдық нұсқасы 1994 жылы "Тірішілік" журналының 1-ші нөмірінде, орыс тіліндегі нұсқасы сол жылғы Алматы қалалық "Вечерний Алматы" газетінде, 1995 жылы республикалық "Простор" әдеби журналында, ал 1996 жылы Чех Республикасының астанасы Прагада шығатын "Nemesis" ғылыми-көпшілік журналында чех тілінде жарияланады. Ол қазақ ғылыми жанрында шетел асқан бірінші ғылыми-болашақтық роман болды.

2004 жылы Астанадағы "Елорда" баспасынан сериясының жетіншісі - "Шолпанға көшкен ауыл" ғылыми-болашақтық романы жарыққа шығады. Ал 2005 жылы "Қазақ әдебиеті" газетінің айқара бетінде журналдық нұсқасы жарияланады. 2006 жылы "Елорда" баспасынан сериясының сегізіншісі - "Космотарих куәсі" ғылыми-болашақтық романы шығады. Оның журналдық нұсқасы 2000 жылы Алматы облыстық "Жетісу" газетінде жарияланған болатын.

Сериясының тоғызыншысы - "Су әлемінің саздары" ғылыми-болашақтық романы 2008 жылы Астанадағы

"Фолиант" баспасынан жарық көреді. Бұл шығармасы "Ел" газетімен бірге шығып тұрған, авторы мен редакторы өзі болған "Сүмбіле" ғылыми-танымдық басылымында жарияланған еді

Келесі, 2009 жылы Алматыдағы "Білім" баспасынан шыққан сериясының оныншысы - "Жасампаздық қиырында" ғылыми-болашақтық романы оқырмандар қолына тиді. Оның толық нұсқасы Астанада шығып тұрған "Жас қалам" әдеби журналында 2008 жылы жарияланған болатын. 2010 жылы биобиблиографиялық көрсеткішінің екінші басылымы жарыққа шықты. Сол жылғы Наурыз айының 3-ші күнінде Шымкент қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұжымы жазушы-болашақгердің алпыс жасқа толуына байланысты "Жұлдызды жол" тақырыбында облыс оқырмандарымен кездесу кешін өткізді. Ол жөнінде облыстық, республикалық газет-журналдарда мақалалар жазылды, телеарналар хабарлар көрсетті. Одан кейін шақырулары бойынша Алматы, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Орал, Семей, Тараз облыстық әмбебап ғылыми кітапханаларында болып, облыс оқырмандарымен жүздесті. Ол кездесулері жөнінде бұқаралық ақпарат басылымдарында көлемді-көлемді мақалалар жарияланды.

2011 жылы Жүніс Сақұрпағы шығармашылығында ірі жетістіктерге жетті. Сол жылғы Сәуір айының 6-12 аралығында Ақтөбе облыстық Планетарийі басшылығының арнайы шақырауымен адам баласының тұңғыш ғарышкері Юрий Алексеевич Гагариннің ғарышқа ұшқанына 50 жыл толуына орай ұйымдастырылған "Жұлдызды 50 жыл" апталығына қатысып, Планетарийде "Қазақ халқының жұлдызды әлемді тану тарихы" тақырыбында келушілерге дәріс оқыды. Қазан айында Астанадағы "Елорда" баспасынан сериясының он біріншісі - "Ғарыштан келген гүл" ғылыми-болашақтық романы жарық көрді. Қараша айында Ақтөбе облыстық Планетарийі ұжымы ұйымдастырған

ҮІІ-ші Азия-Тынық мұхиттық астрономиялық олимпиадасына олардың арнайы шақыруымен қатысып, Байқоңыр ғарыш айлағында болды. оның мұражайына қазақ ғарышкерлігі, қазақ ғарышкерлері мен Ю.А. Гагарин жөнінде мерзімді басылымдарда жарияланған ғылыми-танымдық мақалалары мен "Ғарыштан келген гүл" ғылыми-болашақтық романын, орыс тілінен қазақшалаған «Астрофизика» кітабын табыс етті.

Қараша айының 30-шы күні мен Желтоқсан айының 1-2 күндерінде Астанадағы "Назарбаев университетінде" қазақ ғылыми жанрында тұңғыш рет өткен жазушы-болашақгерлердің 1-ші Халықаралық Конгресіне қатысып, "Қазақ ғылыми жанрының даму қарқыны" тақырыбында баяндама жасады. Оның алдында жас талапкерлердің жақсы болашақтық шығармаларына жарияланған республикалық, халықаралық конкурстардың жюри мүшесі ретінде жастардың көптеген тырнақалды шығармаларын оқып, баға берді. Конгресстің жабылу салтанатында оны ұйымдастырған "Болашақ" Қауымдастығы төрағасының орынбасары Дәурен Төлеуханов Жүніс Сақұрпағына (Сахиевке) өзінің авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарымен әлемдік ғылыми жанрдың дамуына қосқан мол үлесі үшін "Халықаралық Байқоңыр сыйлығының лауреаты дипломын табыс етті.

2013 жылы Созақ ауданының орталығы Шолаққорғандағы аудандық, Түркістан қаласындағы қалалық, Бәйдібек ауданының орталығы Шаяндағы аудандық кітапханалар ұжымдарының "Жазушы-болашақгер" тақырыбында ұйымдастырған аудан, қала оқырмандарымен кездесу кештері өтті. «Жұлдыз» әдеби журналының Қараша айындағы нөмірінде педагогика ғылымының докторы, профессор Шәмшиден Әбдіраманның Жүніс Сақұрпағының авторлық "Кеңістік көшпенділері" сериялы ғылыми-болашақтық романдарымның кітап болып жарық

көрген 12 ғылыми-болашақтық романы жөнінде жазған "Ғылыми жанр романдарындағы болашақ болжамдары" тақырыбындағы көлемді еңбегі жарияланды.

Әдебиеттегі өмір шындығын ғылыми болжау тұрғысынан әсірелеп бейнелеуде, әр алуан оқиға, қым-қуыт, шым-шытырық көрініс, жайттарды сенімді суреттеуде ғылыми жанрдың алатын орны ерекше. Ғылыми жанрдың қалыптасу кезеңдері мен даму жолдары, бүгінгі мен ертеңі, осы жанрда жазылған еңбектердің тақырыбы мен мазмұны, жазушы-болашақгердің тіл шеберлігі мен ой тұжырымдары, ақиқатты бейнелеудегі басты идеялары, ғылыми-болашақтық әдебиеттің ғылым мен техниканың перспективалары, адамзат арманының ұшан теңіздігі, ғылымшарымыздағы басқа да өзгерістерді зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелер болып табылатыны хақ.

ҒЫЛЫМИ ИДЕЯЛАРЫ

Әлемдік әдебиет әлемінде ерекше өріс алған ғылыми жанрдың өзіндік мәнері мен астарлы ғылыми талабы бар екенін зейіні зерек әрбір оқырман жақсы біледі. Сол себепті оның көтерер жүгі еселі. оған батып бел буып тұрақты жазатын қаламы қарымды қаламгері сирек. Рас, қазақ әдебиеті шаңырағында бұл жанрға қалам тербеуге талпынған жазушылардың саны ондап саналды. Тек олардың көбі бірді-екіді әңгіме жазған соң жанр ауырлығын сезініп, өзге жанрға ауысып кетті.

Осы тұрғыдан келгенде, шығармашылығы зерттеліп отырған Жүніс Сақұрпағының бұл жанрдағы шығармашылық қарымы ерекше. Бүгінгі күнге дейін автордың жазып бітірген 90 авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының он екісі жеке-жеке кітап болып жарық көрді. Олардың бәрінде де жұлдызды әлемді болашақта зерттеу мен игерудегі жетістіктерді ғылыми тұрғыдан бейнелеу ғана емес, жалпы қоғамдағы адам парасаты жөніндегі өзіндік ғылыми-философиялық ой толғамдары, адамзатқа ортақ терең ғылыми идеялары айшықталады.

Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарын 1971 жылы қазақ әдебиетінің ғылыми жанры тарихында «Тірішілік ұясы» ғылыми-болашақтық романымен алғаш бастағаны мәлім. Оның қолжазбасы «Жалын» баспасына 1976 жылы тапсырылып, тек 1983 жылы жарық көрді. Ғылыми-болашақтық роман «Маңынды мақсат», «Ұрпақтармен ұшырасқанда», «Қайтар жолда», «Тірішілік ұясы» делінген төрт бөлімнен тұрады. Шығарманың басында археолог ғалымдардың Байқоңыр ғарыш айлағының төңірегінен алты қырлы монументтің ішіне Әбен есімді ғарышкер жазып қалдырған шығарманы тауып алады.

Бұл шығарманың басты мән-мағынасын ашады. Қазақ ғарышкерлері жұлдызсапарға екінші Мұз Дәуірінің алдында аттанған. Олар қайтып оралғанша, Жерде үшінші Мұз Дәуірі өткен. Алты қырлы монументті тапқан ғалымдар осы үшінші Мұз Дәуірінен кейін дамып-жетілген ұрпақтардың ұрпақтары. Әбеннің баяндауынша, Жерден, елдегі Байқоңыр ғарыш айлағынан Үркер жұлдыздар шоғырындағы Шұғыла деп аталынған ғаламшарға жұлдызаралық кемемен ұшып барған.

Ғылыми-болашақтық романның бас кейіпкері Әсет. Ол кеме құрамының басшысы. Борт инженері Валерий, әр түрлі мамандықтың иелері Андре, Хьюберт, Жансая, Дилара, Лола, Светлаана, Лиза. Бұл құрам көп ұлтты болғанымен автор сол кездегі қылышынан қан тамып тұрған Кеңес заманында кеме құрамының басшысын қазақ етіп қойған. Бұл батылдығы үшін автор 1989 жылы Латыш Республикасында өзі қатысқан жазушы-болашақгерлердің бүкілодақтық семинарында орыс тарапынан естіген қарсылықты мерзімді басылымдарда жазды да. «Сол семинарда менің «Тірішілік ұясы» ғылыми-болашақтық романымың орыс тіліне ықшамдалып аударылған аудармасын оқып шыққан бір орыс жігіті орнынан ұшып тұрып: «Сіз шығармаңызда неге қазақты кеме құрамының басшысы, ал орысты борт инженер етіп қоясыз?!» деп дүрсе қоя берді,-деп есіне алады автор.- оған мен: «Біріншіден мен қазақ жазушысымын. Сол себепті менің қай шығармамда да бас кейіпкерім міндетті түрде қазақ болады. Екіншіден, Ғарыш эрасы да, адамзат өкілінің ғарышқа тұңғыш ұшуы қазақтың қасиетті жерінен, Байқоңырдан бастау алды. Үшіншіден, қазақ кең пейілді, осы себепті сырт меймандарына жол беріп келді. Қазақ ғарышқа ұшпаса, ұшады».

Автордың ол сөздері бекер кеткен жоқ. Бір жылдан соң-ақ Кеңес Одағы ыдырап, сол 1991 жылғы Қазан айының 2 күнінде қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртының

тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіров ғарышқа самғады. Онан кейін Талғат Мұсабаев ғарышқа үш рет ұшып, екі ретінде кеме құрамының басшысы болды. Жазушы-болашақгердің ой-арманы осылайша жүзеге асты.

Ғылыми-болашақтық романның бірінші, «Маңызды мақсат» бөлімі «Үркер». «Толыққан құрам», «Кемеге қалыптасу», «Достарға сипат», «Нысанаға назар», «Күрделі күндер», «Қыздар жағы», «Сұлусары», «Бақ ішінде», «Бес қыз – бес жұлдыз», «Қуанышты күн», «Маңызды мақсат» тарауларынан тұрады. Ғылыми жанр шығармасы болған соң оның өне бойында тек болжам емес, ғылыми нақты мәліметтер де беріліп отырады. Ал жұлдызды әлемге сапар шеккен кейіпкерлер, болса да алдын ала зерттелген, ат берілген ғаламшарға ұшуы тиісті. Шығарманың бірінші бөлімінің «Үркер» тарауынан бастау алуы оқырманын елітіп әкетеді. Үркер жұлдыздар шоғырын білмейтін қазақ жоқ. Ол жөніндегі аңыздар да тартымды. Үркер – бір топ сұлу қыздар аңызда. Ал ғылыми тұрғысынан келсек, Үркер Торпақ аталатын шокжұлдыздың құрамындағы ғажайып әсем жұлдыздар шоғыры. Ерте кезде ата-бабаларымыз осы шоғырдан ешбір дүрбі, сымардүрбісіз тоғыз жұлдыды көрген. Сол арқылы көз қырағылығын тексерген.

Бір топ шығарма кейіпкерлері Үркерге қарай жұлдызаралық кемемен аттанудан бұрын Өріс есімді ұстазынан ол жайлы мол ғылыми мәліметтер алады. Жұлдызаралық кеңістікте өте жылдам ұшатын кеме ішінде ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысу да оңай емес. Тарауларда ғарышкерлердің сол ортаға қалыптасудағы психологиясы, батылдығы, көздеген нысандары мен Жерге, елге, ата-ана, туған туыстар, дос-жарандарға деген сағыныштары суреттеледі. Автор шығарманың әрбір кейіпкеріне жеке-жеке сипаттама береді. Олардың бәрі де әртүрлі ұлттың өкілдері болса да, бір-бірін көзқарасынан, иек қағысынан терең түсінетін, бір-бірін сыйлайтын, кез келген қиын

жағдайда бір-біріне қолұшын беруге дайын тұратын нағыз достар. Осы қасиеттердің бәрі де Жерден аттанар алдында ескерілген.

Жігіттер жағының қыздарға деген құрметтері бөлек. Олар тіпті, бес қызды бес жұлдызға теңейді. Торпақ шоқжұлдызының басты жұлдызы – Сұлусары жұлдызына да мол ғылыми сипаттама беріледі бұл тарауда. Ғарышкерлер кеме ішінде тек қана ғылыми зерттеу жұмысымен айналысумен шектелмейді. Олардың кемедегі бақ ішінде серуендейтін, бір-бірімен сырласатын да кездері бар. Бұл жастарға тән қасиет. Мұндай ұзақ жұлдызаралық сапарға жастардың аттанатыны түсінікті жағдай. Ал достық, сыйластық пен махаббат сезімі бар жерде қашан да еңбек жемісті болмақ. Шығарманың бірінші бөлімі ғарышкерлердің маңызды мақсаттарын орындау жолындағы қайсар әрекеттерімен әсер береді.

«Ұрпақтармен ұшырасқанда» делінген екінші бөлімін «Жердің ағасы», «Жермен жүздескенде», «Бұлақ басында», «Екінші таңда», «Жерден жеткен хабар», «Байыпты бақылау», «Жүзбен жүздескенде», «Атамекенді еске алғанда», «Алыптар қаласы», «Жаңа кеме», «Үлкендер парызы», «Қазаққа құрмет», «Сапар алдында» тараулары құрайды. Бөлімде Шұғыла атанған ғаламшардың Жерімізден аумайтыны, тек оның көп есеге үлкен екендігі суреттеледі. Ғарышкерлер оған жұлдызаралық кемелерін жұмсақ қондырады. Ондағы ауа да, су да, ауа райы да Жеріміздегідей. Сондықтан да ғарышкерлер өздерін өте жақсы сезінеді. Бұлақ басына барып, оның мөлдір, кәусар суынан ішеді, айнала-төңірегін мұқият барлап, сұлу табиғатын тамашалайды.

Алайда, бұл ғаламшар иесіз емес. Шамалы уақыттан соң әуеде әдеттегіден үлкен әуе кемелері пайда болып, айнала қоршай ғаламшар бетіне қонады. Ғарышкерлер жұлдызаралық кемесінен шыққан соң өз кемелеріне мінгізіп, қаласына алып кетеді. Өздеріне құрмет көрсетіп

жүрген жергілікті тұрғындар өте ірі адамдар болып шығады. Олардың мінген әуе кемелері де, тұратын тұрғын үйлері мен ғимараттары да соған сай үлкен. Олармен салыстырғанда қазақ ғарышкерлері бала-бақшаның балаларындай болып көрінеді. Бірақ жергілікті тұрғындар аңыздарда айтылатын алып адамдардай анайылық пен әлжетімділік әрекеттер жасамайды. Олар өте қарапайым, мәдениетті, ілтипатты. Қаладағы сырт әлемнен келгендерді танып-білетін арнайы ғимаратқа келген соң ғарышкерлердің Жер ғаламшарынан келгендерін біледі.

Ғарышкерлердің бақыттарына қарай жергілікті алып адамдардың арғы ата-бабалары Жер ғаламшарында өсіп-өніп, кезекті Мұз Дәуірі басталар алдында осы ғаламшарға жұлдызаралық кемелерімен көшіп келген еді. Олардың ұрпақтары ғарышкерлерге арнайы үлкен экраннан Жердің бұрынғы келбетін көрсетеді. Олардың ата-бабалары Жерден көшер алдында ескерткіш ретінде бірнеше алып тас құрылыстар тұрғызған екен. Қазақ ғарышкерлері соны да біледі. Оларға Жердің одан кейінгі келбетінің жұқа табаққа жазылған бейнесін сыййға тартады. Жердің кезекті Мұз Дәуіріне дейін тұрған тұрғындардың ұрпақтары қазақ ғарышкерлеріне үлкен құрмет көрсетеді. Жаңа әрі өте үлкен жұлдызаралық кемені сыйлайды. Қазақ ғарышкерлері туыстардан Жердің тарихы, ондағы адам баласының дамып-жетілуі, жұлдызды әлем кеңістігін игерудегі батыл қадамдары жөнінде мол мағлұмат алып, қайтар сапарға дайындалады.

«Қайтар жолда» делінген үшінші бөлімнің «Соңғы айналым», «Олжаны ойға алғанда», «Кемедегі көктем», «Ғалам перзенттері», «Жанданған тірішілік», «Жаңарған дәстүр», «Әсерлі әңгіме», «Әсет ауырғанда», «Қосалқы құрам», «Жер», «Жердегі тыныштық», «Ғарыш қаланың қалдығында», «Байырғы Байқоңыр» тарауларын оқи отырып ерекше бір қимастық пен сағыныш сезіміне бөленемізі. Саналы адам баласының қашан да бауырмал ке-

летіні хақ. Бір ауылдағы, қаладағы немесе елдегі туысына барып қайтқан адам қандай әсерде болады. Қазақ ғарышкерлері өздеріне көрсеткен ізгі-ілтипат пен құрметке ерекше әсерленіп, ірі денелі тұрғындары бар үлкен ғаламшардан жаңа жұлдызаралық кемелерімен ұшып шыққанан кейін ғаламшарды айналып ұзақ ұшады. жергіліктілермен ұзақ қоштасады. Сөйтіп, Күн жүйеміздегі Жерімізге қарай бет қояды. Арада қанша уақыт өтсе де, сол ғаламшардың ірі денелі тұрғындарының сыйластығы мен берген сыйларын естерінен бір сәтке де шығара алмайды.

Алапат жұлдызаралық кеменің үлкен бағының ішінде ғылыми зерттеу жұмыстарынан қолдары босаған сәттерінде жас ғарышкерлер бір-бірімен көп сырласып, бір-бірін терең түсініседі. Әсет пен Жансая, Әбен мен Дилара, Андре мен Лола, Валерий мен Светлана, Хьюберт пен Лиза жүрек қаласады. Сөйтіп, әне-міне дегенше, Жер ғаламшары да менмұндалайды. Ол қандай ыстық еді. Туылып өскен ауылға қаладан барған адам қалай толқыса, бұлар одан да терең толқыныс сезімінде болады. Бірақ оларды Жер төңірегіндегі ғарыш қалашығынан қалған қалдықтар мен Жер бетіндегі тыныштық алаңдата бастайды. Ойларынша, Жер бетінде әдеттегіше дамыған өркениет қайнап жатуы тиісті еді. Амал қанша, алапат жұлдызаралық кеменен байырғы Байқоңыр ғарыш айлағына қона береді. Автор үшінші бөлімде бізді осындай сағыныш сезімі мен өкініш сезіміне бөлейді.

Ғылыми-болашақтық романның төртінші бөлімі – «Тірішілік ұясы». Бұл бөлім «Ақмешіт таңы», «Үрейлі әрекет», «Жердің жаңа иелері», «Аядай ауылда», «Жастар достығы», «Киіз үйлі ауыл», «Ата-анаға тағзым», «Тау басындағы ескерткіш», «Басқа аймақтарда», «Ақмешіт елі», «Қоштасу күндерінде», «Тірішілік ұясы» тарауларын қамтиды. Қазақ ғарышкерлері байырғы Байқоңыр ғарыш айлағынан бір де бір ғарыш кемесін кезіктірмейді. Сөйтіп

жүріп, олар монументастына жасырылған «Жерден Үркерге аттанған ғарышкерлерге» деген хат табады. Ондағы мәліметтерден ғарышкерлер өздері аттанар кездегі ата-ана, замандастарының ұрпақтарының өздері қайтып оралғанша болып өткен кезекті Мұз Дәуірінің алдында Кит делінетін шоқжұлдыздан табылған тірішілікке қолайлы ғаламшары көшіп кеткенін біледі. Қыздар жағы бұл өкінішке шыдамай ыстық көз жастарын сығады. Жігіттер жағы ұстамдылық көрсетеді. Алапат жұлдызаралық кеме ішінде түрлі жағдайда кемеден ұшып шығуға арналған барлаушы әуе кемесіне отырып, өздерінің туылып өскен жері Ақмешіт әулие жеріне келеді.

Ертеңіндегі таң мезгілінде ғарышкерлер тілдері өздеріне жартылай түсінікті адамдардың сөйлескен дауыстарынан естіп селт оянады. Қараса, мейлінше қарапайым киінген бір топ адамдар. Өздері ішінде ұйқтаған әуе кемесін сырттай қызықтап жүр. Ғарышкерлер олармен толыққанды тіл табыса алмайды. Күндіз сол маңда кезінде жерленген ата-бабаларының мазаратына барып тағызым етеді. Оны көрген жергіліктілер әуелдегіден жақын келіп, жастары бұлармен араласа бастайды. Бұл маңда шағын киіз үйлі ауыл да бар екен. Ғарышкерлер кемесіне мініп, Жер шарының басқа аймақтарын да барлайды. Ол аймақтарда осындай алғашқы даму басталған екен.

Қайта келген ғарышкерлер Ақпешіт ауылының үлкен елге айналатынына көз жеткізеді. Содан соң Кит шоқжұлдызындағы ғаламшарға біржолата көшіп кеткен ұрпақтарға аттануды жөн көреді. Әбен Жерде, елде болған күндерінде осы оқиғаны ақ қағазға жазып, байырғы Байқоңырдағы монументтің астына жасырады. Өздері Жерді де, елді де қимай аттанады. Автор ғылыми-болашақтық романын «Осы Жер ғаламшарымыз әрбір Мұз Дәуірінің алдында адам баласы өсіп-өркендеп, жұлдызды әлемді игеріп, аса жылдам ұшатын жұлдызаралық кемелерімен өзге жұлдыз жүйелеріндегі тірішілікке

қолайлы ғаламшарларға көшіп кетіп отыратын тірішілік ұясы емес пе?» деген ғылыми негізді идеямен аяқтайды.

Сериясының екіншісі – «Борыш» ғылыми-болашақтық романы.

Жазушы-болашақгер сериясының екіншісі – «Борыш» ғылыми-болашақтық романы. «Жанданған үміт». «Жердегі күндер», «Шолпаннан оралу». «Жыл өткенде». «Айдағы базада», «Қызыл ғаламшар құмында», «Қазақстан» жұлдызаралық кемесі», «Көріскенше, Күн жүйесі!», «Жаңа жүйеге жақындағанда», «Найзағай бейне», «Ғарыш қанаты», «Арман сапарында» тарауларын құрайтын бірінші «Арман сапарында» бөлімінде шығарманың бас кейіпкері, белгілі де беделді, тәжірибелі ғарышкер Әлімханның тағдыр тәлкегіне түсіп, көп бөлмелі пәтерде жападан жалғыз қалып, ішкі қайғы-қасіретіне шыдамай, жер-дүниеге сыймай, өзі сұранып алыс жұлдызаралық сапарға аттану жолы баяндалады. Әлімханның әкесі мен анасы өзінен келін күте-күте қартайып, жазылмас сырқатқа ұшырап, ақыр соңында бакилық болған. Ал Әлімханның үйленбеуіне басты себеп, сүйген қызы Әйкеннің шетелде жүргенде жеңіл көлік апатынан көз жұмуы еді.

Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшып шыққан кеме Айдағы «Қазақстан» базасына аялдайды. Онан соң Қызыл ғаламшар – Марста болады. Осы Қызыл ғаламшар мен Асқақ ғаламшар – Юпитердің айналымжолдарының екі аралығында топ-тобымен Күнді айнала қозғалатын кіші ғаламшарлардың ішінен бірін тандап алып, оны жұлдызаралық кемеге айналдырады. Оған «Қазақстан» жұлдызаралық кемесі деген ат береді. Сапар жалғаса береді. Әнеміне дегенше, Күн жүйесі де кейінде қалады. Ғаламшар-кемедегі құрамды басқарған Әлімхан мен қарамағындағылар Күн жүйесімен ауылмен қоштасқандай уақытша қоштасады. Бұл тұста автор ғарышкерлердің

туылған Жерге елге. Күн жүйесіне деген қимастық сезімдерін лирикалық тұрғыдан көркем суреттейді.

Өздері үшін жана жұлдыз жүйесіне жақындағанда бакылау-зерттеу жұмыстарын жиілетеді ғарышкерлер. Сол тұста өздеріне түсініксіз найзағай бейне пайда болады. Онан кейін ғарышкерлерге өздері Ғарыш қанаты атап кеткен ғарышкер қыз кезігеді. Қазақ ғарышкерлері ол қыз арқылы бара жатқан ғаламшарлары жөнінде біршама мағлұматтар алады. Арман сапарының мәресіне жеткендей күй кешеді.

Екінші «Адамзат үшін арпалыста» бөлімінде шығарма оқиғасы күрделене түседі. «Қонуға дайындық», «Мансапқорлар мекенінде», «Шеңбер ішінде», «Тартылыс құрсауында», «Әйкеннің ақ тілегі», «Үлкен іске дайындық», «Жауапты кезең», «Ғаламат қозғалыс», «Тірілген тірішілік», «Жайдары күндерде», «Жастар бақыты», «Қабілет иелері», «Қобалжулы күндерде» тарауларында қазақ ғарышкерлерінің адам баласының өмірін аса үлкен қатерден сақтап қалуға деген ынта-жігерлері күшейеді. Оларға «Қазақстан» ғаламшар-кемесімен көздеп ұшып барған ғаламшардың тағдыры мен тұрғындарының тағдыры жол-жөнекей кезіккен Ғарыш қанатынан жақсы мәлім. Ғаламшар жүйедегі ортақ Жұлдыздың ішкі термоядролық реакциясынан әркез туындайтын жарқылдың қас-қағым сәттік кедергісінен уақыт өте келе өз осінде айналысын біржолата тоқтатқан. Соның салдарынан ғаламшардың Жұлдыз сәулесі түсетін жағы шектен тыс ысып, сәулесі түспейтін жағы мұз болып қатқан. Ондай аптапты ыстық пен қатты суыққа төзбеген тұрғындар ғаламшар төңірегіндегі шеңберлі қалаларға шығып кеткен.

Қазақ ғарышкерлері осыны көре тұра «Қазақстан» ғаламшар-кемесімен ол ғаламшардың бір бүйірінен соғып, өз осінде айналуын қайта қалпына келтірудің жоспарын жасайды. Бірақ жақсылықты адам пенденің бәрі

бірдей түсінбек емес. Кей шеңбердің тұрғындары қазақ ғарышкерлеріне қолдау көрсетудің орнына оларды тұтқынға алып, бірнеше тәулік бойына «тартылыс құрсауында» ұстайды. Оларды Ғарыш қанаты құтқарады. Қиын сәттерде Әлімханның түсіне Әкені еніп, оған демеу береді.

Қазақ ғарышкерлері алған беттерінен қайтпайды. «Қазақстан» жұлдызаралық ғаламшар-кемесімен ғаламшардың бүйірінен соғып, оның өз осінде қайта айналуына қозғау салады. Әлімхан аяғынан жарақат алады. Ғаламшардағы аптап пен мұзға айналған ғаламшар бетінде қайтадан тірішілік жанданады. Қазақ қаһармандарына аса риза болған ғаламшар тұрғындары Әлімханның тағдырын естіп, оған кез келген адам баласының өткен өмірін көрсете алатын шағын экранды «Ес» құралын сыйлайды. Бұл Әлімханның ішкі қайғы-құсасын жеңілдетіп, үміт отын маздатады.

Шығарманың үшінші «Бақытты жолда» бөлімін қамтитын «Мейман ғайып», «Еске алу – ләззат!», «Танылымға талпыныс», «Әкем мен анам», «Жұлдыздарға жақындағанда», «Жер дауысы», «Алғашқы аялдама», «Ғаламшарлар әлемі», «Жер төңірегінде», «Ұзақ көрінген сәт», «Бақытты күндерде», «Ата-аналарға тағзым» тарауларындағы оқиғалар арқылы Әлімхан басшылық ететін ғарышкерлер тобының барған ғаламшарынан Жер оралардағы толқыныстарын сезініп отырамыз. Бұл жарық дүниеде адам баласы адам баласына мейман. Сол мейман кеткен кезде ғайыптанғандай әсер береді кім кімге де. Қазақ ғарышкерлері Жерге қайтар жолда өздеріне үлкен сый-құрмет көрсетіп, «Ес» құралын берген ғаламшарлықтарды көпке дейін ұмыта алмайды. «Ес» құралын Әлімхан қай байлықтан да артық бағалайды. Оның әкесі мен анасына, сүйген қызы Әйкеннен мінез-құлқы, тағдыры аумайтын адамдарды табуға деген үміті зор.

Сондықтан да оған әрбір секунд, минут, сағат, айлар мен жылдар мейлінше ұзақ көрініп кетеді. Күн жүйесіндегі әрбір ғаламшар оған өте ыстық. Ал Жер төңірегіне жеткендегі толқынысы тіпті де бөлек. Жер бетінен оның көз алдына тірі әкесі мен анасы, сүйген қызы Әйкен жиі елестейді. «Қазақстан» жұлдызаралық ғаламшар-кемесін Жерден тиісті қашықтыққа қалдырып, өздері Жер бетіне барлаушы кемемен қонады. Байқоңырдағы ыстық-ықыласты қарсы алу, жүздесу мен сырласу Әлімханға алдына қойған ұлы мақсатынан артық әсер бермейді. Жердің тартылыс өрісіне, климатына қайта қалыптасқан бетте өзі туылып өскен қаласына аттанады. Ондағы үлкен мазаратқа жерленген әкесі мен анасының құлпытасына барып бас иеді, тағзым етеді.

Төртінші «Борыш» бөліміндегі «Ізденіс жолында», «Жылт еткен үміт», «Саябырлы күндерде», «Ең бақытты күн», «Ыстық жанұяда», «Топыраққа сіңген қасірет», «Достар бақыты», «Жердегі қара дақтар», «Жаңбырлы түнде», «Қайта жанған үміт оты», «Үрдісті ізденіс», «Бақыт таңы», «Борыш» тарауларынан ғылыми-болашақтық романның ғылыми идесын аңғарамыз. Жұлдызаралық сапардан оралып, Жер, ел тірішілігіне қайта қалыптасқан соң өзге ғаламшар тұрғындары сыйлаған «Ес» құралымен Әлімхан әке-шешесіне мінез-құлқы, тағдыры қатты ұқсайтын адамдарды іздеуге кірісіп кетеді. Ол біршама уақытқа созылса да, еңбегі еш кетпейді. Әкесі мен анасына қатты ұқсайтын екі қарттың ми қыртысында сақталған өткен тағдырларын «Ес» құралының шағын экранынан көре отырып, әке-шешесіне сай келетінін анықтайды. Оларды үйіне әкеліп, шағын той-томалақ жасап, мауқын басады. Бірақ әке мен ананың көкейінде қашан да ұрпағын аяқтандыру деген арманы болады.

Сол әңгіме қозғала бастағанда Әлімхан ол кісілерге мән-жайды түсіндіріп, шетелге аттанады. Әйкені жеңіл

көлік апатынан қаза болған қалаға келеді. Онан «Ес» құралы арқылы Әйкеніне өте ұқсас әрі тағдырлас қызды іздейді. Шетел ғалымдары да көмектеседі. Бірақ өкінішке орай, ондай қыз табылмайды. Әлімхан сол аумақта ірі жарылыс сынағының жасалғанын, ондағы топырақ, су мен өсімдік атаулының сол мезетте күйіп кекенін біледі. Салысуға кетіп, елге қайтып оралады. Күн санап, елеңдеп отырған әкесі мен анасы да ол жайлы естігенде белдерін жаза алмай қалады.

Күндер өте береді. Әкесі мен анасының «Жоқты қайдан таппаксың, балам, өзге де қыздар бар емес пе?» деген сөздерін жиі естісе де, Әлімханның көңілі ешбір қызға аумайды. Сөйтіп жүріп, бір жаңбырлы түнде жеңіл көлігімен қызметінен үйіне қайтып келе жатып, жол шетінде қолшатыр ұстап, тоқтауға белгі берген бір қызды көлігіне алады. Айна арқылы барлап қараса, ол Әйкеннің бір кездегі Ақлима есімді құрбысынан аумайды екен. Әлімхан оны үйіне жеткізіп салып, оның ертеңінде өзімен «Ес» құралы арқылы бір сәт сырласуын өтінеді. Қыз келісімін береді. «Ес» құралы арқылы Ақлима Әйкенді есіне түсіріп, оның шетелде жерленген денесінің Әлімхан жұлдызаралық сапарға аттанып кеткеннен кейін елге әкелінгенін айтады. Үміт оты жанады. Әлімхан Әйкенінен аумаған қызды өз елінен табады. Шаңырақ құрып арманына жетеді. Әке-шешесін, келінді, немере-шөберелі етеді.

Ғылыми-болашақтық роман оқиғасы осындай бақытты тағдырмен аяқталады. Адам баласының да, күллі өзге тіршілік иелерінің бәрі де жердегі топырақ, су, ауа, өсімдіктерден нәр алады. Ал олар күйген жерде не өспек, не өнбек? Ірі зиянды жарылыс сынағы жасалған шетел қаласында өсу-өрбу тоқтаған. Ал табиғатты таза ұстап, аялай білген дана қазақ халқының қасиетті жерінде бәрі де өсіп-өнеді, даму жалғасын тауып жатады. Ғылыми-болашақтық романның ғылыми идеясы осы. Шығарманың

өне бойында ғылыми жаналықтар мен қатар оқырманның сезімін билейтін лирикалық толғаныстар жатыр. Осы себепті де шығарма өте тартымды. Ғылыми-болашақтық романға ұлы ғалым, геолог, фарабитанушы Ақжан Жақсыбекұлы Машани «Қайырымды кадам» алғысөзін жаған. Ол кісі сөзін: «Жүністі қазақ халқының рухани қасиеті мен озық ойын халықаралық аренада танытатын жазушы-болашақгер деп білемін» деп аяқтаған. («Брыш», Алматы «Жалын» баспасы, 1987) Бұл шығарма сол сенімді артығымен ақтап тұр.

Сериясының үшіншісі – «Шеңбердің түйісуі» ғылыми-болашақтық романы.

Жүніс Сақұрпағының авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының жалпы тақырыбының «Кеңістік көшпенділері» деп алынуының мәні бұл шығармалардағы оқиғалардың тек ғарыш кеңістігі емес, жер беті, жер асты, су беті мен су асты кеңістіктерін қамтитынында. Сериясының үшіншісі – «Шеңбердің түйісуі» ғылыми-болашақтық романындағы оқиғалар тек жер беті мен су астында өтеді. Шығарманың бірінші «Шеңберлі аралда» бөліміндегі «Күткен жолдама», «Дос қуанышын бөліскенде», «Көңілшектіктің кесірі», «Соңғы емтихан», «Сапар алдындағы сабылыс», «Жер астының ғарышында», «Арманның соңғы асуында», «Арал жағасындағы әңгіме», «Су астына саяхат», «Тереңдегі толқыныс», «Қыңырлықтың кесірі», «Қыздар айтқан оқиға» тарауларында жоғары оқу орнының екі студенті Жарылғап пен Омарханның жазғы демалыста гректің ұлы философы Платонның «Тимэй» және «Критий» жазбаларында айтылатын, Атлант мұхитында бір кездері дәуренді болып, бір түн ішінде суға батып, аты аңызға айналған Атлантида аралы сияқты етіп қолдан жасалған «Атлантида аралына» оқу орнынан жолдама алып барады.

Олар келешектегі жер қыртысының астымен мейлінше жылдам жүйіткітін көлікпен әп-сәтте жетеді. Орналасып,

арал құмында Күн көзіне қыздырынып, жағалауында се-
руен жасап, әңгіме-дүкен құрады. Платон жазбаларынан
оқығандарын естеріне түсіреді. Жасанды арал мен ондағы
құрылыстардың тап сол Платон суретегендей етіліп жа-
салғанына қайран болады. Сөйтіп жүріп екі жігіт сонда
демалуға барған Қарашаш. Қарлығаш есімді қазақ қы-
здарымен танысады. Демалыс қызықты бола түседі.
Төртеуі бірге қыдырады, арал жағалауында бірге сырла-
сады. Сол күндердің бірінде қыздар жігіттерге аралға кел-
гендеріне дейін аралда бір өкінішті оқиғаның болғанын
баяндайды. Қазақ елінен келген екі есепке жүйрік жігіт
күтпеген жерден ізім-ғайым жоғалады. Оның сырын
ешкім білмейді.

«Даңқ шеңберінде» делінген екінші бөлімнің
«Ғажайып цирк», «Жақсының жәрдемі», «Әсерлі сәттер»,
«Аренада – қар адамдары!», «Ашылмаған сыр», «Сағы-
нышты күндер», «Сюрприз», «Құрбыларды еске алғанда»,
«Жаңа әдіс», «Ғажайып сапар», «Ғарыштағы цирк», «Өзге
ғаламшарларда», «Даңқ шеңберінде» тарауларында жа-
санды «Атлантида» аралына құрамында лезде есеп
шығарғыш ерекше қабілеттері бар Қар адамдары бар та-
маша цирктің келуі, оны көруге ынталы дамалушылардың
көптігінен билеттің табылмауы, әлдекімнің екі жігіт пен
екі қызға көмектесуі, өз елдеріне оралған жігіттер мен қы-
здардың бір біріне деген сағыныштары әсерлі суреттеледі.
Одан әрі қарай ол цирктің дүние жүзі ғана емес, Күн жүйе-
есіндегі тіршілікке қолайландырылған ғаламшарлар мен
оларды серіктеріндегі елдердің халықтарына жақсы таны-
лып, аса даңқты болғандары тартымды баяндалады.

Ғылыми-болашақтық романның үшінші «Шеңбердің
ширегінде» бөлімінің «Құпия таңдау», «Ашудың шегі»,
«Таудағы түнде», «Күтпеген жаңалық», «Қыздармен
қауышқанда», «Алғашқы әрекеттен соң», «Күшейген
қорқыныш», «Қызықты ізденіс», «Шың басында», «Тағы-
лардың тарихы», «Қапылысты іздеу», «Торға қайта

түскенде» тарауларынан жасанды «Атлантида аралында» ізім-ғайып жоғалып, мансапқор қарақшылардың қолдарымен екі жігіттің мұхит тереңіндегі сүнгүйр кемедегі құпия зертханаларда «Қар адамдарына» айналдырылғанын білеміз. Олар екі жазықсыз жігіттің үстеріне арнайы дәрі-дәрмек беру арқылы жедел қалың түк өсірген, бет-әлпеттерін қар адамдарының бет-әлпеттеріне келтірген.

Жер шарындағы елдерді аралап, даңқтарын асырған цирк Қарашаш пен Қарлығаш тұратын тау етегіне жақын орналасқан қалаға да келеді. Оны естіген Жарылғап пен Омархан да жетеді. Төртеуі циркке барады. Цирк жүріп жатқан мезгілде «Қар адамына» айналған екі жігіт залда жігіттермен қатар отырған Қарашаш пен Қарлығашты байқап қалады. Ашу мен ыза, қызғаныш пен күйініш бойларын билейді. Цирк көрсету барысында болған үзілісті пайдаланып, екеуі ғимараттан қашып шығып тау асады. Сол тауға серуендеп келгендерден азық қымқырып күнелтеді. Сол күндерде ол екеуі таудың жоғары басындағы үңгірлерде тұратын шын мәніндегі Қар адамдарын кезіктіреді. Олармен тілдесе алмаса да, мылқаулар сияқты бет мимикасы, қол саусақтарының қозғалысымен түсініседі. Қар адамдары күн сайын таң мезгілінде, шығыс көкжиектен Күн көтеріліп, сәулесі тас жартастарға түскен мезетте қолдарына өздері қашап жасап алған бір-бір дөңгелек тастарын Күнге қаратып тағзым жасайды. Мұнысынан екі жігіт олардың бір замандағы Атлантида аралы тұрғындарының бір түнгі күтпеген жойқын апаттан аман қалған адамдардың тау кезіп, қар адамдары болып кеткен ұрпақтары екендерін біледі. Ал бұл күндерде олардан қапыда көз жазып қалған цирк мансапқор қарақшылары әмбебап әуе кемелерін жалдап, қаланың, одан қала бере тау аймағын әуеден барлауға кірісіп, қапылысып жатқан еді.

Төртінші «Шенбердің түйісуі» бөліміндегі «Шын ба-сындағы шу», «Сезім күдіреті», «Құпия дайындықтан соң», «Шұғыл шегіністе», «Шешімі шексіз зерттеу», «Құпия кемеде», «Демалысты еске алғанда», «Таудағы тауқымет», «Хайуанаттар бағында», «Шыңда ашылған шындық», «Шенбердің түйісуі», «Ортаға оралу», «Бақыт шыңында» тараулардан ғылыми-болашақтық роман оқиғасының күрделене түскенін көреміз. Мансапқорлығынан қапелімде айырылып қалған қарақшылар барлығына барады. Әмбебап әуе кемесімен тау үстін шарлай ұшып жүріп екі жігітті табады. Жігіттерге қар адамдары болысады. Олар қарақшылардың басшысын таспен атып, шыңнан құлатып мерт етеді. Жігіттерге көмекке қаладан бір топ дәрігерлер мінген әуе кемесі келіп жетеді. Мәнжай ашылады. Жігіттерді ауруханаға жеткізіп, арнайы зартханада ота жасап, қайтадан өз қалыптарына келтіреді. Оқиға ақпарат көздері арқылы әлем халқына тарайды. Мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп, қар адамдарына тау беткейлеріне ағаш үйлер тұрғызылады. Аспалы жолдар салынады. Шын – бақыт шыңына айналады.

Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының бұл ғылыми-болашақтық романы арқылы бүгінгі күннен-ақ адамның бет-әлпетіне, терісіне жасалынып жүрген өзгерістердің ғылыми жетістіктерінің болашақта қандай да бір мансапқор қарақшылардың қолдарына түскенде қандай жағдайға душар етуі мүмкіндігін ескертеді. Автордың бұл шығармасына 1994 жылғы Қараша айының 30-шы күнінде Үнді жазушыларының Қазақстандағы күндері өтіп жатқанда Қазақстан Жазушылар одағының Жандос атындағы әдеби сыйлығы берілді.

Сериясының төртіншісі – «Көктен келген көшпенділер» ғылыми-болашақтық романы.

Жазушы-болашақгер сериясының төртіншісі – «Көктен келген көшпенділер» ғылыми-болашақтық романының бұл тақырыбы күллі шығармаларының мән-мазмұнын

ашады. Олай дейтінім. сериясының жалпы айдары «Кеңістік көшпенділері». Автордың бұл тақырыпты алу-дағы мақсаты қазақ халқының көшпенділік өмірінің ұлы табиғатты қорғау мен аялаудағы дана тәсіл екенін Ғаламдық масштабта паш ету. Сонымен бірге, Жер ғаламшарында өмір сүріп жатқан адам баласының бәрінің де көшпенді екенін көрсету. Сәл ой жіберіп қарасақ, бүгіндегі көші-қон ертедегіден әлдеқайда жиі, көшу аясы өте кең. Ерте кездегі көштердің аясы мың шақырымнан үш-бес шақырымға дейін жетсе, бүгінде адам баласы континенттен континентке қоныс аударады. Бір қаланың ішінде қаншама көш бар. Пәтерден пәтерге, қаладан қалаға, бір елден елге көшіп кетіп жатқан, көшіп келіп жатқан адам баласында сан жоқ.

Дегенмен де, автордың мақсаты адам баласының көші-қон әрекеттерін көрсету емес, ата-бабаларымыздың о бастан-ақ көші-қон арқылы ұлы табиғатты қорғай, аялай білгендігін, сол арқылы табиғаттың тамаша көркі мен байлығын сақтай білгенін көрсету. Төрт бөлімнен тұратын ғылыми-болашақтық романның бірінші «Қазақ жері» бөліміндегі «Дана қазақ», «Ақ тұман арасында», «Дүрлігу», «Қайтар жолдағы қиындық», «Құрметті мейман», «Қазақ жері», «Ұйқыдағы ғалым» тарауларында шығарманың бас кейіпкері, жұлдызшы ғалым Жайлау Жаһангерұлының кезекті еңбек демалысын алып, өзі туылып өскен ауылына келуі мен оның атқа мініп, серуен жасаған кезінде аспаннан Бикеш шокжұлдызындай болып қалықтап келіп ол барған Көкжайлауға қонып, бір дүйім киіз үйлі ауылға айналғаны, Жайлаудың келгендермен жүздесіп сыр бөліскені суреттеледі. Көктен келгендер тұтастай бір жұлдызаралды бір ауылдай игерген өркениетті көшпенділер. Олар жұлдызаралық кемелерімен Жер ғаламшарымыздың төңірегінде айнала ұшып жүріп, осы ең таза қазақ жерін, оның табиғаты әсем Көкжайлауын таңдаған. Ғалам көшпенділері Жайлауды шошытпау үшін

оны уақытша ұйқыға кетірген. Оянған соң өздерінің киіз үйлі ауылдарында құрметті мейман еткен. Сонан соң тағы да ұйқыға беріліп, Көкжайлаудың жасыл шөбіне жайғастырған. Ғалымды іздеген ауыл тұрғындары оны осындай күйде тауып алады. Жайлау оянады. Бірақ көргендерінің бәрі де түс көргендей.

Екінші «Тарылған табиғат» бөлімінде ғалымның көргендерінің ешқандай түс емес, шындық екенін дәлелдеу жолындағы ізденісі баяндалады. Мұны біз «Адасу», «Тарих белдеуі», «Қарбалас өмір», «Ел сенбейтін елес», «Көкжайлаудағы көш», «Сенімді жаналық», «Тарылған табиғат», «Жаңа жоба» тарауларынан оқимыз. Жайлаудың көктен келген көшпенділермен кездескені, тілдескені анық. Оның үстіне өзі Күн жүйеміздегі Қоңырқай ғаламшар – Сатурнды расытханада қуатты сыңардүрбімен бақылап-зерттеп жүргендіктен ол кездесу маңызды бола түскен. Көшпенділердің әрқайсысының кеудесінде осы Қоңырқай ғаламшардың бейнесі салынған төсбелгі болған. Жайлау үнемі соны көз алдына елестетеді. Аспан бұлтсыз түндерде расытханаға барып Қоңырқай ғаламшарға сыңардүрбі арқылы ұзақ қарайды.

Сол күндерде Жайлау ұшптын беймәлім денелерді зерттеумен айналысатын мекеме мен қалалық сәулет құрылысы мекемесінде болып, ондағыларға көргенбілгендерін айтады. Бірақ ғалым бола тұрса да онысына кей адамдар күмәнмен қарайды. Жайлау сонда да алған бағытынан тайған емес. Осы кездерде көктен келген көшпенділердің жұлдызаралық кемелері белең беріп те қалады. Оларға Жер ғаламшарының үй мен ғимараттарға шектен тыс толғаны ұнамайды. Оны Жер тұрғындары сезіне бастайды. Жайлау қаланың бас сәулетшісіне дейін барып, қаладағы көп қабатты тұрғын үйлер мен мекемелік ғимараттардың жаңа жобасын жасау керектігі жөнінде әңгіме қозғайды.

Ғылыми-болашақтық романның үшінші «Тазарған табиғат» бөліміндегі «Балалық сана», «Ақиқат жолында», «Қара пиғыл», «Табиғатты тұншықтырушылар», «Наымды болжам», «Жайлау үстіндегі от», «Төгілген абырой», «Күтпеген сілкініс», «Тазарған табиғат» тарауларында автор қанша дамыса да адам санасының балалық санадан шыға алмағанына ой тоқтатады. Расында да, ой жіберіп қарасақ, «дамыған елміз» деп, кеуде қағып, күрделі техникалары мен қуатты қаруларын ұлы табиғатты бүлдіруге бағыттап отырған елдердің санасы шын мәнінде де балалық сана. Жайлау осымен күреседі.

Көктен келген көшпенділер Жайлаумен үнемі тілдесіп жүрмесе де, Жер шарындағы қандай елдердің ұлы табиғатқа зиян келтіріп жүргенін біледі. Ал ондай қарулы елдер көктен келген көшпенділерді байқап, әуе шабуылына арналған күштерін Көкжайлауға әкеледі. Көктен келген көшпенділердің жұлдызаралық кемелерін атқылайды. Бірақ оларға ол оқтары еш дарымайды. Артынша ел елде күтпеген жер дірілі пайда болады. Биік бастары бұлтпен таласқан жүзден аса қабатты тұрғын үйлер мен ғимараттар әлдеқандай бір құпия күштің әсерінен шайқалып-шайқалып барып аспанға қарай зымырай ұшып, Жер төңірегіндегі ғарыш кеңістігіне шығып кетіп жатады. Бұл құбылыс көктен келген көшпенділердің алапат жұлдызаралық кемелерінен туындаған «тартылыссыздық құбырынан» туындаған еді.

Айналасы аз ғана уақыттың ішінде Жер шарындағы артық делінген құрылыстардың бәрі де Жер төңірегіндегі ғарыш кеңістігіне Қоңырқай ғаламшардың сақинасы іспетті тасты сақинаға айналады. Көктен келген көшпенділер Жер тұрғындарын баспанасыз қалдырмайды. Тазарған табиғат аясына киіз үй іспетті жеңіл құрылып, жеңіл жиналатын баспаналар жеткізеді.

Төртінші «Жер жайлау» бөліміндегі «Жер жарасы», «Өткенге оралу», «Жасыл Жер», «Жаңа өмір», «Сақиналы

ғаламшар». «Орындалған мақсат». «Жасыл Жердің жанашырлары» тарауларынан ғылыми-болашақтық романның бас кейіпкері Жайлау Жаһангерұлының ой-арманына жеткенін оқимыз. Артық құрылыстардан арылған Жер бетінің әжімсіз болмайтыны түсінікті. Оны жасылдандыру үшін көктен келген көшпенділер жер бетіне арнайы кемелерімен жылдам өсетін өсімдіктердің дәндерін себеді. Жер жарасы жазылады. Жер ғаламшарының барлық аймақтарында жаңа өмір басталады. Қала кезінде қарама-қарсы пәтерде тұрса да бір-бірімен араласпайтын, сырласпайтын, бір-біріне қиямет күнінде қолұшын беруден қашқақтайтын адамдар бір-бірімен бәз-баяғы ауыл адамдарындай араласып-құраласып кетеді.

Көктен келген көшпенділер де алдарына қойған мақсаттарын толығымен орындайды. Олар өз жұлдызаралдарына қайтар алдында үлкен төбенің басында қазақ халқымен жүздеседі, табиғатты қорғай, аялай білгендері үшін алғыстарын білдіреді. Қоштасып аттанады. Жерді көпке дейін сыртынан бақылайды. Жер тап бір Қоңырқай ғаламшар – Сатурн ғаламшары сияқты сақиналы болып қалған. Көктен келген көшпенділердің Жайлау Жаһангерұлына түснiдiрулерiнше, олардың алыс ата-бабалары Қоңырқай ғаламшар сияқты ғаламшарда өмір сүрген. Келле-келе қаптаған тұрғын үйлер мен ғимараттармен ғаламшар бетін толтырған. Ауа райы, күллі табиғат бүлінген соң артық құрылыстарды осы сияқты ғаламшар төңірегіндегі ғарыш кеңістігіне «тартылыссыз құбыр» арқылы шығарып жіберген. Содан бастап ол ғаламшар тап Қоңырқай ғаламшар – Сатурн сияқты сақиналы ғаламшар болып қалған. Өздері басқа жұлдыз жүйесіне көшіп кеткен. Олардың ұрпақтарының ұрпақтары – өздерінің кеуделеріне сақиналы ғаламшардың бейнесі салынған төсбелгіні тағып жүретіні содан.

Автор сондықтан да ғылыми-болашақтық романның өне бойында Қоңырқай ғаламшар – Сатурнды үнемі

оқырманның есіне салып отырады. Бұдан біз «Расында да Күн жүйеміздегі сақиналы Қоңырқай ғаламшар – Сатурн әуелде осы Жеріміз сияқы ғаламшар болмады ма екен?» деген де ойға келеміз. Ал шығарманың басты ғылыми идеясы – Жер шарының бетін шектен тыс тас төсеммен жауып, тынысын тарылтып, жасыл жерді азайтып, артық құрылыстармен толтырудың зиянды жағы көп болмақ

Серияның бесіншісі – «Марстан шыққан жаңғырық» ғылыми-болашақтық романы.

Бұл шығармадағы оқиғалар Күн жүйеміздегі Жерімізге өте ұқсас келетін Қызыл ғаламшарда - Марста өтеді. Бірақ автордың түпкі ғылыми ой-толғамы сол ғаламшарды кең даламызды игерген, гүлдендірген, сырт жаудан қорғай білген ата-бабаларымыздай екінші атамекенге айналдыруда жатыр. Бірінші «Екінші Жер» бөлімінің «Дүлейлі табиғат», «Жерден келген кеме», «Көгілдір жұлдыз», «Бұрғы басында», «Су айдынында», «Кеңейтілген мәжіліс», «Көкөніс шаршысында», «Алып тауда», «Қаһарлы қыс алдында» тарауларында шығарманың бас кейіпкері Қайыргелді бастаған бір топ жас отбасылардың Жердегі қазақ елінен Қызыл ғаламшарға қоныс аударғаны суреттеледі. Қызыл ғаламшардың табиғаты қатан. Оның экваторының өзінде жаз айларындағы жылу температурасы Цельсий бағамы бойынша 25 градустан жоғарыламайды. Онда секундына 50 метр жылдамдықпен соғып, ғаламшар аймақтарында құмды дауыл тудыратын желі, қақаған аязды қысы бар. Осының бәрін біле тұра қазақтың қаһарман отбасылары тәуекелге бел буған. Олар Қызыл ғаламшар бетіне ерекше төзімді материалдардан тігілген киіз үйлі ауыл қоныстандырып, арнайы бұрғылармен ғаламшар қыртысы тереңінен су шығарады, жазығына микроорганизмдер бар көң төгеді, мөлдір түсті қалың шыны күрке астында көкөніс өсіреді.

Қазақ отбасыларының түпкі мақсаттары Қызыл ғаламшарды қазақтың екінші ата-мекеніне айналдыру

болғандықтан олар осы жолда көп қиындықтарды бастарынан кешеді. Құрған киіз үйлері мен құрылыстарын мезгіл-мезгіл дауылды желден көтерілген құм бораны жауып қалып жатады. Алыста қалған Күннен мардымсыз жеткен сәуле мен жылу да қиындықты еселейді. Соған қарамастан қазақ қаһармандары Қызыл ғаламшардағы Күн жүйесіндегі ешбір ғаламшарда жоқ, көлденені 600 биіктігі 25 шақырым келетін алып тау басындағы жазыққа көтеріліп, онда да киіз үйлі ауыл қоныстандырады.

Екінші «Екінші өмір» бөлімін құрайтын «Қоқысты аймақ», «Айда», «Мұз айдынында», «Түн тыныштығында», «Мал қораларында», «Екінші Күн», «Жасыл бөрік», «Жасыл аймақтарда», «Ерте көктемде», «Екінші өмір» тарауларында қазақ отбасыларының Қызыл ғаламшар табиғатын игерудегі әрекеттері жандана түседі. Олар Қызыл ғаламшардың Үлкен Ай, Кіші Ай деп қазақшаланған Фобос және Деймос серіктерінде болады. Алыста қалған Күннің мардымсыз сәулесі мен жылуын еселеу үшін Кіші Айға аса қуатты термоядролық реакциялы қондырғылар орнатып, екінші Күнге айналдырады. Қызыл ғаламшардың бір кездегі Ақ бөрік енді Жасыл бөрік. Уақыт өткен сайын ғаламшардың жасыл аймақтары молая береді. Ауа райы да өзгеріп, көктем көрінісі көңілді көтереді. Қызыл ғаламшарда екінші өмір басталады.

Үшінші «Екінші атамекен» бөліміндегі «Жайлау жазы», «Көңілсіз күзде», «Күтпеген келімсек», «Ғалымдар үйінде», «Тау шындарында», «Шұғыл мәжіліс», «Қырағылық – ел тыныштығының кепілі», «Туылған Жерді еске алу» тарауларында ғылыми-болашақтық роман кейіпкерлерінің іс-әрекеттері күрделене түседі. Қызыл ғаламшардың барлық дерлік аймақтары жасылданған соң ақ ондағы өмір де тап бір Жердегі қазақ жеріндей қасиетті мекенге айналған. Жерден көшіп келген жас отбасылар өсіп-өнген, ұрпақтары жалғасып, дәуренді күндер өте берген. Бірақ ұлы табиғаттағы кез келген тірішілік иесінің

белгіленген өмір мерзімі бар. Жастар өсіп, үлкендер қартайған. Дүниеден озғандар да бар. Ал өмір жалғаса береді. Қызыл-сарғыш түстен жасыл-көгілдір түске айналған Қызыл ғаламшарға енді сырттан көз тігушілер көп. Сонау алыс жұлдыз жүйесіндегі бір тіршілікті ғаламшарды тоздырып, өзге ғаламшар іздеген келімсектер екінші атамекеннің аспанында пайда бола бастайды. Оны дер кезінде байқаған қазақ қаһармандары жедел мәжіліс құрып, ғалымдармен ақылдасып, ол келімсектерді жолатпаудың жолын қарастырады.

Ғылыми-болашақтық романның «Атамекен үшін айқас» делінген төртінші бөлімінде оқиға желісі шарықтау шегіне жетеді. «Беймәлім ұшатын кемелер», «Қатерлі жоспар», «Қазақ еліндегі көш», «Жаза басқандар», «Құпия мәжіліс», «Алғашқы шабуыл», «Құм базасында», «Кезекті шабуыл», «Сейілген бұлт», «Дала төсіндегі дүбір» тарауларында қазақ қаһармандарының екінші атамекенді сырт жаудан қорғап қалу жолындағы пәрменді күресі суреттеледі. Автор бұл арқылы ата-бабаларымыз гүлдендіріп, сырт жаудан сақтап қалған, өзімізге аманат еткен қасиетті жеріміздің қадірін де оқырманның санасына құяды.

Қиыр кеңістіктен келген келімсектер «дайын асқа тап болмаққа» әрекеттенеді. Оған қазақ қаһармандары қарсы тұрады. Келімсектердің кемелерінің қозғалтқыштарын істен шығаратын құм шашқыш кемелер ойлап табады. Сөйтіп, бұлт сейіледі, келімсектер келмеске кетеді. Екінші атамекен үшін айқас осылайша қазақтардың жеңісімен аяқталады.

Бүгінгі күндері біз күнделікті күйкі тірілігімізбен арпалысып жүргенде, кейбір дамыған елдер аспандағы Айды, Шолпанды, Қызыл ғаламшарды толығымен иемденіп алуға талпынуда. Олардың бәрінің де Жеріміздікі сияқты сызылып қойған карталары да бар. Ай мен Қызыл ғаламшарға қалалар салу жоспары да әлдеқашан жасалған. Се-

риялы ғылыми-болашақтық романдар жазумен қатар жұлдызды әлемді бақылап-зерттеп жүрген жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағы бұл мәселеге қанық болғандықтан Ай. Шолпан мен Қызыл ғаламшарды шығармаларында осылайша қазақ иелігіне берген. Кім біледі. Ғарыш эрасының қазақ жерінен басталғанындай. болашақта қазақ отбасылары шын мәнінде де Қызыл ғаламшарды бірінші болып Екінші атамекенімізге айналдырар. Ләйім, солай болса екен!

Серияның алтыншысы – «Қимайтын әлем» ғылыми-болашақтық романы.

Жазушы-болашақгер сериясының қай ғылыми-болашақтық романын оқысақ та, олардан ұлы табиғатты қорғау, жерді, елді қастерлеу мен адами қасиеттерді ұғыну жөнінде тәлім аламыз. Табиғаты таза жердегі адамның да, өзге кез келген тірішілік иелерінің де дені таза. Өйткені, ұлы табиғат пен онда тірішілік ететін күллі тірішілік иелері біртұтас организм.

Бүкіл оқиғасы жер бетінде өтетін сериясының алтыншысы – «Қимайтын әлем» ғылыми-болашақтық романында автор «Ұлы табиғаты мақұрым жерде оның иелері де мақұрым» деген ғылыми негізді мәселені көтереді. Оқырман назарын көктегі ақ пен қара түспен қалған Ай, Олпан (Меркурий) және басқа да соларға ұқсас ғаламшарлар мен олардың серіктеріне аударады. Адам баласының мінез-құлқы, оның адами қабілеті мен қасиеті туылып өскен жеріндегі табиғат аясына сай қалыптасады.

Ғылыми-болашақтық романның «Кемедегі ақау», «Тыныштық», «Алғашқы азық», «Ауыл әсері», «Алғашқы қоңырау», «Танысу», «Көңілсіз күндер», «Қастандық», «Сурет сабағында», «Дарымаған оқ» тарауларында жұлдызаралық сапармен өзіміздің Күн жүйеміздің жанынан үшіп өтіп бара жатқанда кемеден ақау табылып, бөтенжүйеліктер оны Жерге, ауыл маңына аз уақытқа қондырады. Кеме терезелерінен жайқалған нешетүсті гүл-

дерді көрген ғарышкерлер қайран болады. Олар туылып өскен ғаламшарда мұндай табиғат көрінісі жоқ. Бәрі де көздеріне жасанды түс беретін көзілдірік киген. Ол болмаса, табиғи түсті де ажырата алмақ емес. Сол ғарышкерлердің ішінен Батыл есімді ғарышкер ауыл табиғатына қатты қызығады. Кеме жөнделіп, аттанар алдында ол одан секіріп жерге түседі.

Кеме ұшып кетеді. Батыл өзінің өте жылдам қозғала алатын қабілетін пайдаланып, азығын ұстап жейді, тыныштыққа, жер тартылысы мен ауа райына қалыптасады. Содан соң ауылға келеді. Ауылдағы білім ордасы – мектеп. Онда жаңа оқу жылы басталған. Батыл жылдам қозғалып мектептегі бастауыш сыныбына енеді. Артынша Еңлікгүл есімді жас мұғалима кіріп, балаларға қазақ әріптерін үйретеді. Мұны Батыл тез қабылдайды. Аз уақыттың ішінде қазақ тілінде сөйлей бастайды. Еңлікгүлмен танысып, қазақ елі жөнінде біршама мәлімет алады.

Мұны байқаған Еңлікгүлдің жігіті Қалыбек бөтен жігітке күш көрсетпек болады. Бірақ оны ұстау да, ұрып-соғу да еш мүмкін емес. Ол көше шаңын бұрқ еткізіп табан астында көзден ғайып болады, қайта пайда болады. Әбден ызаға булыққан Қалыбек бірде мылтық оғымен оның көзілдірігін тас-талқан етеді. Батыл ақ-қара түстен өзге түстерді ажыратудан қалады.

Екінші «Екі түсті әлем» бөліміндегі «Кешкі серуен», «Айтылмаған ақиқат», «Қарайған дүние», «Бөтен ауыл жүйрігі», «Ең таза мектеп», «Қауіпті сапар», «Тағылған күнә», «Елде жоқ көлік», «Жала жабушылар», «Шебердің шебері» тарауларынан Батылдың ауыл өміріне ным-нымдап араласа бастағанын оқимыз. Ол Еңлікгүлмен кездесуін доғармайды. Ауылдағы өзі алғаш білім алған, танысқан жанашыр адамы болғандықтан Батыл Еңлікгүлге бар сырын да айтады. Мұғалима арқылы мектепке қаруыл-аула сыпырушы болып жұмысқа орналасады. Ол қай

жұмысын да жылдам әрі сапалы атқарады. Оны естіген кейбір адамдарда қызғаныш сезімі де оянады. Оған жала да жабылады. Батыл істен шыққан жеңіл көліктердің бөлшектерінен елде жоқ көлік құрастырады. Шебердің шебері атанады.

Үшінші «Ақиқат жолында» бөлімін құрайтын «Қатерсіз сапар», «Қаладағы елес», «Жаңа қоныс», «Күтпеген қызғаныш», «Жалған жала», «Ғажайып көлік жүргізуші», «Мақсатына жеткендер», «Күтпеген ұсыныс», «Аспанда айтылған ақиқат» тарауларында Батылдың ерекше қабілеттері ашыла түседі. Ол қалаға барады. Ондағылар Батылдың жылдам қозғалыстарына қайран болып елес атайды. Ауылға келген соң оған бөлек үй беріледі. Сонда да қызғанушылар тарапынан оған жабылған жала таусылмайды. Батылдың қолынан келмейтіні жоқ. Ол жеңіл көлікті де өте шебер жүргізе алады.

Төртінші «Оянған қабілет» бөлімінің «Жолдағы жаттығу», «Күтпеген хабар», «Сәтсіз сапар», «Қайта табысқандар», «Соңғы өсиет», «Ұмытылмаған өкініш», «Ақиқатқа бір адым», «Өзгерген пікір», «Жаңа ұсыныс», «Кемедегі кеңес», «Оянған қабілет» тарауларында бөтен ғаламшарлық Батылдың ғажайып табиғатты армансыз көру, сүйсіну, одан терең ләззат алу үшін көзінің табиғи көру қабілетін ояту жолындағы әрекеттері суреттеледі.

Бөтен ғаламшардан келмек түгілі, бөтен ауылдан келген адамның таныс емес ортаға үйренуі оңайға соқпайды. Батыл өзінің бөтендігін әрбір минут сайын сезінеді. Ауыл тұрғындарына қаншама жақсылық жасаса да, олардың арасынан өзін түсінбейтіндер, ерекше қабілетіне қызғаныш білдіретіндер табылады. Батыл Еңлікгүл мен оның құрбысы Бәтиманың рухани көмегімен көп жетістікке де жетеді. Еңлікгүлді ұнататын Қалыбек Батылдың ізінен қалмайды. Ақыр соңында ол үй сарайындағы әкесінің мылтығын жасырын алып, тағы кездесіп, Еңлікгүлмен қатарласа әңгімелесе өзенге қарай

кетіп бара жатқан Батылдың арқа тұсынан мылтық оғын атады.

Батыл құлап, қансырағалы жатқанда, аспанда шағын ғарыш кемесі пайда болып, оның жанына қонады. Ол Батылдың Жер ғаламшарындағы осы ғыжайып табиғатты ауылда қалып қойған Батылды сәл кеш біліп, қайта оралған сүйген қызы еді. Ол дереу ем-дом қолданып Батылды аяғына тұрғызады. Осы кезде Батылдың организмінде болған қиналысты өзгерістен көзінің табиғи көру қабілеті оянады. Ол енді ғажайып табиғаттағы түрлі түсті ешқандай арнайы көзілдіріксіз көре алады. Артынша мән-жайды Қалыбек те түсінеді. Батылмен достасады. Екі жұп үйлену тойларын осы ауылда өткізеді. Шығарма осындай бақытты оқиғамен аяқталады.

Авторды бұл ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы «Тірішілік» журналында, орыс тіліне аударылған журналдық нұсқалары Алматы қалалық «Вечерний Алматы», республикалық «Простор» журналында, ал чех тіліне аударылған журналдық нұсқасы Чех Республикасының астанасы Прагада шығатын «Nemesis» ғылыми-көпшілік журналында жарияланып, қазақ ғылыми жанрында тұңғыш рет Шығыс Еуропаға танылған болатын. 2003 жылы «Ғылым» ғылыми баспа орталығынан кітап болып жарық көрді.

Сериясының жетіншісі – «Шолпанға көшкен ауыл» ғылыми-болашақтық романы.

Жарық сәулесі жоқ жерде ешқандай көрініс те, құбылыс та болмайды. Дүние әлемін де, кез келген тірі мен затты да көрсетіп тұрған сол жарық сәулесі. Ол болмаса, телеэкраннан ешқандай да бейнені көре алмас едік, ешқандай көріністі фото мен бейнеге түсіре де алмас едік. Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының авторлық сериясының жетіншісі – «Шолпанға көшкен ауыл» ғылыми-болашақтық романының оқиға желісі арқылы дамитын ғылыми идеясы осыған негізделген. Бірінші «Аптапты

аймақта» бөлімінің «Емшектау», «Атлантида ойпатында», «Елеске ілескен қыз», «Жоғалған із», «Өткен заманға оралу», «Жерден келген сағыныш», «Қара дене құпиясы», «Аспаннан келген қала», «Қызықты серуен» тарауларынан қазақ ғалымдарының Шолпан ғаламшарын зерттеулерін оқимыз. Олардың құрамында Шолпан ғаламшарымен аттас Шолпан есімді жас ғалым қыз да бар. Бірақ жастың аты – жас. Бұрын-соңды көрмеген ғажайып табиғатқа қызыққан қыз құрамнан шеттеп, кездейсоқ адасып кетеді. Ұзақ жүріп, жазық жерге қоныс тепкен қазақ ауылына тап болады. Ол ауылдың тұрғындары Жерден көшіп келген.

Шолпан ауылдың абзал адамдарының қамқорлығында жүріп, Абзал есімді жас жігітпен танысады. Абзал қызға ауылының Жерден қалай көшіп келгені, оның «Қара дене» аталған ғаламат құрылғының көмегімен жүзеге асқанын түсіндіреді. Екеуі бір бірін ұнатып, серуен де құрады.

Екінші «іздеу сапарында» бөліміндегі «Түсініксіз түс», «Мұхиттағы қорқыныш», «Емшектауға қонған ауыл», «Емшектаудағы әбіржу», «Туылған ауылға оралғанда», «Аңғардағы арпалыс», «Ауылдағы дүрлігу», «Қайта табысқандар» тарауларынан қазақ ғалымдарының Шолпанды іздеу сапарын оқимыз. Ғалымдар Шолпанды осы ауылдан табады.

Үшінші бөлім «Дүниенің көзі» деп аталған. Ғылыми-болашақтық романның ғылыми идеясының негізі де осы бөлімде. «Кеңістіктен қармалған дене», «Тұтқынға түскен кеме», «Көктен түскендер», «Жерден келген көмек», «Той алдында», «Кезекті шабуыл», «Басқа ауылда табысқандар», «Арғы ауылдан оралғандар» тарауларында Шолпан ғаламшарында біршама көкейкесті мәселелердің шешілгені шым-шытырық оқиғалар арқылы суреттеледі. «Махаббатсыз – өмір тұл». Шығармада Абзал мен Шолпанның бір-біріне деген адал махаббат сезімі әркез еске са-

лынып отырады. Бұл шығарманың әсерлілігін арттыра түседі. Шолпан ғаламшары о бастан серіксіз. Оның үстіне оның өз осінен Жердің өз осінен айналуына кері бағытта айналатыны әрі ол қозғалыстың мейлінше баяу өтетіні белгілі. Ғылыми-болашақтық романның бұл бөлімінде ол жағы да назардан тыс қалмаған. Айлы түн жастар махаббатына қашан да қажет.

Төртінші «Шолпанға көшкен ауыл» бөлімін құрайтын «Сапар алдында», «Жерге оралғанда», «Той алдындағы кездесу», «Орындалған арман», «Күн тұтылған соң», «Қайта жасалған бейнесызба», «Көрші ауылдағы той», «Шолпан елі», «Қатерсізденген қара тетік» тарауларында Шолпан ғаламшарын ауылдандыру ісі шешімін табады. Оның басты қозғаушы күші де екі жастың бір біріне деген пәк махаббат сезімі. Мұндай сезімнің адам баласын ұлы іске итермелейтіні хақ. Абзал ғалымдармен бірге алапат жарық жұтқыш дененің анау-мынау кемшіліктерін жетілдіреді. Содан соң ол Жерге оралады. Ауылдағы Шолпанмен кездеседі. Екі жақтың әке-шешелері келісімге келеді. Осыдан соң алапат жарық жұтқыш денемен Жердегі Шолпан тұрған ауылды өткір жарық сәулесімен бір сәтке бөлшектеп жіберіп, Шолпан ғаламшарындағы Абзалдың ауылы бар Емшектау баурайына қоныстандырады.

Осылайша Абзал мен Шолпанның ауылдары көрші ауылға айналады. Көп ұзамай Абзалдың ауылында – көрші ауылда Шолпан екеуінің үйлену тойы болады. Той өткен соң Абзал ғалымдармен бірге алапат жарық жұтқыш денеге барып, әлдебіреулер оны жауыздық мақсатқа пайдаланып кетпеуі үшін кейбір тетіктеріне өзгерістер енгізеді.

Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағы 1974 жылы жазған бұл ғылыми-болашақтық романында айтылған ғылыми идеяны 2002 жылы Австралия университетінің ғалымдары қандай да бір затты лазер сәулесімен секундтың бір сәтінде бөлшектеп жіберіп, екінші жерге

дар». «Тағы бір жаңалық». «Қанатсыз ұшқан алып» тарауларда ғалымдар Айдың солтүстік бүйіріндегі мұзды аймаққа бұрғылау жұмыстарын жүргізгендері суреттеледі. Сол жұмыс барысында ғалымдар күтпеген жерден мұз құрсауында мұз болып қатқан алып динозаврдың денесіне тап болады. Ол жаңалық Жердегі ғалымдарға хабарланады. Жерден оны зерттейтін арнайы мамандар келеді. Динозавр үлкен әуе көлігімен Айдағы кең қоймаға жеткізіледі.

Үшінші «Ғасырлар қойнауынан жеткен үн» бөлімінің «Тоңазытқыштардағы ақау», «Айға аттанған кемелер», «Қоймадағы сілкініс», «Айда оянған алып», «Алыппен арпалыс», «Жолдағы жағдай», «Өзгерген жоспар», «Жанұядағы қауышу», «Айналаны барлау» тарауларында оқиға күрделене түседі. Ай бетіндегі күндізгі температураның Цельсий бағамымен 100 градустан асып кететіні белгілі. Ғалымдар алып динозаврдың мұз болып қатқан денесін Жерге жеткізгенше бұзбай сақтау үшін қоймадағы тоңазытқыштардың қуатын барынша күшейтіп қояды. Бірақ оған есептелмеген техникада көп кешкпей ақау пайда болып, соңында тоңазытқыш істен шығады. Ғалымдар қатты әбіржиді. Жердегі ғалымдармен хабарласып, динозаврды Жерге жедел жеткізетін ғарыш кемелерін жіберулерін өтінеді.

Сөйтіп арпалысып жүргенде тағы бір күтпеген құбылыс болады. Тұла бойы жылыған динозавр оянып, қозғала бастайды. Енді оған көп оттегі мен азық қажет. Ғалымдар бұл жағына да қатты алаңдайды. Жерден арнайы жасалған ғарыш кемелері келіп жетеді. Динозаврды дереу соған артып Жерге әкетеді. Біршама қиындықтар туындағанымен алып дін-аман қалады. Оны ғалымдар Хайуанаттар бағындағы арнайы орынға орналастырады.

Ғылыми-болашақтық романның төртінші «Космотарих куәсі» бөлімінің «Аяғына тұрған алып», «Таң алдында болған оқиға», «Қалаға төнген қатер», «Хайуанат

бағындағы қарбалас». «Көшедегі бүлік». «Ғажайып аймақ», «Аяқсыз қалған көрініс». «Қатерлі тас жауыны». «Тасқа айналған алып» тарауларындағы оқиғалар Жерімізде өтеді. Айдан әкелінген алып кесіртке-динозавр автоматты-компьютерлі манипуляторлар арқылы жақсы тамақтандырылғаннан кейін күш алады. Ол бірде, тіпті, орналасқан орнынан таң алдында шығып, қала көшелерінде жүреді. Оны көрген қала тұрғындары үрейленіп шу көтереді. Хайуанаттар бағындағылар қатты әбіржиді. Қанша дегенмен де еркіндікке үйренген алып кесіртке-динозаврға қаладағы жыпырлаған көп қабатты тұрғын үйлер мен ғимараттар, көше-көшеде зымырай қозғалған мың-сан жеңіл-ауыр көліктер ұнамайды. Ол жолындағының бәрін де жайпап тастауға тырысады.

Оны тыныштандыру үшін барлық шара, барлық қажетті техникалар қолданылады. Хайуанаттар бағына әкелінген соң ғалымдар уақыт өткізбей оның миы қыртысында сақталған көріністерді арнайы зертқана залының үлкен экранына шығарып көруге кірісіп кетеді. Артынша үлкен экранда ғажайып табиғат аясы көрініс табады. Ол табиғат аясында мың-сан алып кесіртке-динозаврлар мен басқа да тірішілік иелері алаңсыз тірішілік кешуде.

Бірақ ол ғажайып көрініс көпке ұзамайды. Кенеттен аспаннан нөсерлей төгілген түрлі көлемді тастар бұл тамаша тыныштықты бұзады. Басқаларын былай қойғанда алып кесіртке-динозаврлардың өздері де жан сауғалап жан-жаққа бытырай қашады. Солардың бірі – бұл алып кесіртке-динозавр да шағын бір тас үңгірге қашып барып тығылады. Сол мезетте аспаннан дәл сол үңгіртастың жанына үлкен аспан тасы түсіп, жер қатты қопарылып, үңгіртас алып кесіртке-динозаврымен бірге аспанға қарай атыла ұша жөнеледі.

Экрандағы көрініс осылай үзіліп қалады. Ғалымдар оған ренжімес пе еді, арада көп уақыт өтпей алып кесіртке-динозаврдың денсаулығы нашарлай бастайды. Оған

көшіріп, қайтадан өз қалпына келтіру тәжірибесімен шындыққа айналдырды.

Сериясының сегізіншісі – «Космотарих куәсі» ғылыми-болашақтық романы.

Бұл дүние әлемінде қозғалыссыз, өзгеріссіз қалатын ештеме жоқ. Ұлы табиғатта тірішілік еткен қаншама тірішілік иелері болды. Қанша түрі табиғаттың ірі апаттарынан жойылды. Сонымен бірге адам баласының өз қолымен жасаған апатты әрекеттері де қосылып жатады. Автор сериясының сегізіншісі – «Космотарих куәсі» ғылыми-болашақтық романындағы оқиғалар осы екі ірі мәселені қозғайды.

Ғылыми-болашақтық романның бірінші «Құпиясы мол қойнау» бөлімінің «Жаңа құрам», «Адам аяқ баспаған аймақ», «Айдағы сілкініс», «Жердегі жаңалық», «Қараңғылықтағы жаттығу», «Жерді еске алу», «Жер жарығындағы жарқылдар», «Техникалық дайындық», «Архимедтік әдіс» тарауларында қазақтың белгілі ғаламшар зерттеуші ғалымы Есеналы Мұхитұлы бастаған бір топ ғалымдардың Айдын Күн сәулесі ешқашан түспейтін солтүстік бүйіріне ғылыми зерттеу жұмыстарын бастаған күндері баяндалады. Ай түніндегі қараңғылық пен күндізіндегі заттан түскен көлеңкенің қоюлығына үйрену де оңай емес. Сол Айдан Жер ғаламшары қандай әдемі көз тартады! Ғалымдар Ай жағдайына қалыптасу барысында түн мезгілінде Жердегі қалалардағы мың-сан электр шамдарынан тараған жарықты да қызықтайды. Адам баласы қай жерде жүрсе де туылып өскен жері мен елін сағынады емес пе? Ғалымдардың құрамындағы жас ғалымдардың Жерге деген сағынышы да суреттеледі бұл тарауларда.

Екінші «Мұз құрсаудағы алып мүсін» бөліміндегі «Жерден келген жүккеме», «Солтүстік бүйірге сапар», «Іс басындағы кідіріс», «Айдан келген жаңалық», «Ұйқыдағы алып», «Қоймадағы дайындық», «Жерден келген маман-

кажетті деген барлық ем-дом жасалады. Шетелден де білікті деген дәрігерлер шақырылады. Соңында алып кесіртке-динозаврдың қанынан радиация табылады. Алып көз жұмады. Ғалымдардың ұсынысымен мүсіншілер алып кесіртке-динозаврдың тас мүсінін жасайды. Ол Хайуанаттар бағының кіреберсіне орнатылады.

Ғылыми-болашақтық романның оқиғалары оқырманды баурап әкетеді. Күн жүйеміздегі аспан денелерінен – Жерден Ай бетіне, Ай бетінен Жер бетіне, Қызыл ғаламшардан Жеріміздің бетіне, Жерімізден Қызыл ғаламшардың бетіне және басқа да аспан денелерінің беттеріне бір бірінен ұшып келген ірілі-ұсақты тастардың түсіп жататыны белгілі. Алып кесіртке-динозавр жан сауғалаған үңгіртастың Ай бетіне ұшып жетуі де түсінікті. Жер қыртысын қазу кезінде мұз-тонда ұзақ уақыт қатып жатып, Күн сәулесінен денесі жылығанда кенеттен тіріліп кететін кесірткелер жөнінде де білеміз. Сары ара мен шыбындар да бойлары жылығанда тіріліп ұша жөнеледі. Осындай табиғи ерекшеліктерді автор шығармасында шебер пайдаланған.

Ал ғылыми-болашақтық романның ғылыми идеясы ғылымдағы «Күн жүйемізде оныншы ғаламшар болған. Ол неден жойылған?» деген сұраққа ғылыми тұрғыдан болжам беру. Зерттеу нәтижесінде ғалымдар: «Алып кесіртке-динозаврдың қанынан табылған радиация сол заманда Күн жүйемізде болған тірішілікті ғаламшар тұрғындарының шектен тыс зиянды жарылыс сынақтарын жасауы салдарынан жаңғақ пішінді ғаламшар қақ жарылып, бөлшектері Жер бетіне тас нөсер болып жауған. Алаңсыз тірішілік етіп жүрген алып кесіртке-динозаврлар содан қырылған» деген қорытындыға келеді.

Сериясының тоғызыншысы – «Су әлемінің саздары» ғылыми-болашақтық романы.

Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық

романдарының бәрінде де туылып өскен жер мен ел. оның тамаша табиғаты. қоғамы мен ғылымы болашақ тұрғысынан суреттеледі. Кейіпкерлерінің бәрі де қазақтар. Түрлі ұлттың өкілдерін тек сериясының біріншісі – «Тірішілік ұясы» ғылыми-болашақтық романынан ғана көреміз. Сериясының тоғызыншысы – «Су әлемінің саздары» ғылыми-болашақтық романының ғылыми идеясы қазақ халқының әуендік дәстүрі мен демографиясына негізделген. Бірінші «Тұңғыықтағы таңғажайыптар» бөліміндегі «Күрделі жоспар», «Аралдағы дайындық», «Қысым құрсауында», «Кезекті хабар», «Жарықты қуған кеме», «Оянған сезім», «Мұхит астындағы әуен», «Жалғыздықтағы еске алу», «Кеме ішіндегі елес қыз» тарауларында ғылыми-болашақтық романның бас кейіпкері Айдынбектің өзге мұхитшы ғалымдармен бірге сүңгуір кемемен мұхит тереңін зерттеуі суреттеледі. Қазақ ғалымдары тек ғылыми ізденіспен шектелген жандар емес. Қай қайсысы да әуен құмар, қазақтың кез келген әуендік аспабында еркін ойнайды. Кемеде домбыра да, кобыз бен сырнай да бар. Ғылыми зерттеу жұмысынан тыныстаған мезгілдерінде олар арнайы бөлімге келіп сол әуендік аспаптарда ойнайды, күй шертеді, ән де айтады.

Сондай күндердің бірінде олардың көздеріне кенеттен пайда болған бір бөтен кеме түседі. Оның не екенін анықтау үшін ізіне түседі. Бірақ ол ұстатар емес. Содан бір күндері сүңгуірдің өздері әуендік аспаптарда ойнайтын бөлмеде кобыз бен сыбызғыны сызылтып отырғанда сол бөлмеде қандай да бір бейтаныс қыздың сәулелі бейнесі пайда болады. Ғалымдар тағы да алаң болады.

Оны сезген сәуле кенеттен жанды қызға айналады. Ол домбыраны шебер шертіп, кобызды сызылтатын Айдынбекке жақындайды. Сол сәттен бастап Айдынбектің бойында бұрын-соңды болмаған махаббат сезімі оянады. Елде Айдынбектің көптен жұптасқан Раушан есімді әйелі

бар. Бірақ осы кезге дейін Айдынбектің оған деген дәл осындай махаббат сезімі оянбапты.

Екінші «Сезім сикырлары» бөліміндегі «Мазасыз түндер». «Құпия ұйғарым». «Күтпеген өтініш». «Айқындалған тағдыр». «Қайсар мінез». «Адасу», «Жоғалған кеме». «Шынға айналған түс». «Қолға түскен бейтаныс қыз» тарауларында Айдынбектің бейтаныс қызға деген махаббат сезімі арта түседі. Ол мұхит тереңінен оралған соң да қызды ұмыта алмайды. Ол қыз түсіне де жиі кіреді. Болмаған соң өзі сұранып сүнгуір кемемен мұхит тереңіне қайта түседі. Бірақ көпке дейін бейтаныс кеме ізін жоғалтады. Айдынбек сонда да одан күдерін үзбейді. Су тереңіндегі кеме ішінде жиі-жиі домбыра шертеді, қобыз сызылтады. Содан бір күні әлгі қыз қайта пайда болады кемеде. Сол жолы Айдынбек пен өзге ғалымдар қызды қолға түсіреді. Айдынбектің көрген түстері шындыққа айналады.

Ғылыми-болашақтық романның үшінші «Су астының патшаханым» бөлімінің «Үйдегі әбіржу», «Айрықша кеме», «Күшейе түскен қызғаныш», «Дұрыс шешім», «Алғашқы оңашалықта», «Қаламен танысу», «Сәуле шашқан қыз» тарауларынан Айдынбектің өзі Сәуле деп атаған қызбен байланысты тағдырының жалғасын оқимыз. Әуелде Қазақ Ғылым академиясына әкелінген қыз ғалымдар алқасының шешімімен Айдынбектің үйінде тұратын болып шешіледі. Ол Раушанға оңай соқпайды. Арасында Айдынбек мұхит тереңін зерттеуге барып келіп жүреді. Оңашалықтан зеріккен кезде Сәуле қаланы аралайды. Токпен жүретін көліктерге мінеді. Қыздың бойында жоғары вольтты ток та бар. Ол токты қыз әлденеге ренжігенде қолданып, бойынан сәуле шығара алады. Бірде қала көшесінде оның көркіне қызыққан жігіттер тиіседі. Бірақ қыз денесінде күшті ток бар екенін сезген олар табандарын жалтыратады. Сәуленің бойындағы ток-

ты электр көлігін жүргізуші мен оның ішіндегі жолаушылар да біледі.

Төртінші «Су әлемінің саздары» бөліміндегі «Бассейнде», «Қаладағы жаңалық», «Жайсыз хабар», «Алғаш ашылған сыр», «Күтпеген құрмет», «Күшейген қызғаныш», «Жоғалған қыз», «Су астындағы жалғыздық», «Ашылған құпия», «Су әлемінің саздары» тарауларынан алыс жұлдыз жүйесінен келген қыздың одан әргі тағдырын оқимыз. Бір үйде тұрып, бірге дәм татқан соң Раушан мен Сәуленің қарым-қатынасы біршама жақсарды. Сәуле бос уақыттарында қаладағы бассейнде болып, ондағыларды да таңдандырады. Бірақ келе-келе қанша дегенмен де көп жылдар бойы бірге тұрып үйренісіп қалған күйеуін Раушан Сәуледен қызғана бастайды. Ол қызғанышы күн санап күшейе береді. Айдынбекпен ренжісуі де жиілейді.

Бұл Сәулеге жеңіл соқпайды. Өркениетті елден келген адамға оғаш көрінеді. Содан бірде Сәуле ақпарат жүйелері арқылы жолын тауып мұхитқа оралады. Ондағы сапарластары өзіне қалдырып кеткен сүңгуір кеме ішінде жалғыздықты басынан кешеді. Мұны естіген Айдынбек жедел мұхитқа аттанады. Ұзақ іздеудің нәтижесінде екеуі кеме ішінде кездеседі. Оңаша сырласады. Қыз бұдан талай уақыттар бұрын Жерден сол ғаламшарға аттанған қазақ ғарышкерлерінің қалып қойған бірінің ұрпақтарының ұрпағы болып шығады. Үйленуге шешім етеді.

Бірақ қыздың бойында өзі туылып өскен ғаламшардың ғалымдары бойына «Пәк сезім» сезімін сіңірген. Егер өзімен бірге алғашқы неке түнінде болған жігіттің махаббат сезімі пәк болмаса, қыз бойындағы аса қуатты электр тогы еселеніп, жігіт таңға тірі қалмайды. Сәуле Айдынбекке осыны ескертеді. Айдынбек өзінің Сәулеге деген табиғи таза махаббат сезімінің пәк екенін дәлелдейді. Кеме ішінде көп уақыт бірге тұрады. Ұлды болады.

Автор шығарманы осындай сезіммен аяқтай отыра оқырманына «Бізде де сондай пәк махаббат сезімі бой алса ғой. онда алдамшы махаббат, ажырасу, жазықсыз перзенттерді жетім қалдыру атымен болмас еді» деген ойға қалдырады. Расында да бүгінде өзге елдердегі жүріс-тұрысқа еліктеп, жаман әдеттерге беріліп, отбасы шаңырағын ортасына түсіріп алып жүрген жастарымыз аз емес. Автор осыны қозғап отыр. Махаббат сезімі таза жерде ұлт та таза, ұлт таза жерде, демографиялық көбею де арынды болмақ. Ғылыми-болашақтық романның ғылыми идеясы да қоғамдағы жастарға «Пәк сезім» сезімін дарыту.

Сериясының оныншысы – «Жасампаздық қиырында» ғылыми-болашақтық роман.

Бұл ғылыми-болашақтық романның ғылыми идеясы жарық дүниедегі тірішілік иелерінің ішінде адам баласының жасампаз екенін ғылыми тұрғыдан көрсету. Жер ғаламшарымыздың геологиялық тарихына тереңдей ой жіберсек, ұлы табиғаттың ұлы өзгерістері мен құбылыстарына сай көптеген ірілі-ұсақты тірішілік иелерінің жер бетінен жойылып кеткеніне көз жеткіземіз.

Автор сериясының оныншысы - «Жасампаздық қиырында» ғылыми-болашақтық романының бірінші бөлімі «Күткен күн», «Аттанар алдында», «Егіздер», «Кішкентай ғаламшар», «Шардан шыққан адам», «Ауылды еске алғанда», «Алғашқы тілдесу», «Тежеу», «Кіші әлем», «Жерді ансау» тарауларындағы оқиғалар осыған тән оқиғалардан бастау алады. Бір топ қазақ ғарышкерлері Егіздер шоқжұлдызы құрамынан табылған тірішілікке қолайлы ғаламшарға аттанады. Автор сериясының қай ғылыми-болашақтық романында да кейіпкерлері ойдан алына салған ғаламшарға емес, ғылымда белгілі, зерттелген, өзі де бақылап көрген, «онда тірішілікті ғаламшарлар бар» деген ғылыми болжамдарға сай келетін шоқжұлдызға қарай жіберіліп жатады. Мұндай ғылыми деректер

оқырманның болашақ жөніндегі ой-арманын ұштап қана қоймай оған ғылыми білім де береді.

Жалпы, автор – оптимист жазушы. Қай шығармасынан да болашақтың жақсылықтарын оқимыз. Әлбетте, жарық дүниедегі табиғат ақылды, білімді, тапқыр адам баласының өзіне де аз қатер төндірмейді. Адам баласының қадамы ұзарған сайын, уақыт үнемдей білген сайын оған төнетін қатердің де ірі бола беретіні түсінікті. Ғалам құрылымы күрделі. Оның да ойы мен шұқыры бар. Қазақ ғарышкерлері көздеген жұлдыз жүйесіне жақындағанда нешетүрлі құбылыстардың куәгері болады. Алдарынан кіші әлем менмұндалайды. Қай адам да өзі туылып өскен ортадан өзгеше ортада болып, онда қиындық көргенде отанын аңсайды. Жұлдызаралық сапарда да солай. Мұндай сағыныш сезімдері автор сериясының қай-қай ғылыми-болашақтық романында да кездеседі.

Дана қазақ: «Шешінген суға түсуден тайынбас» деген мақал тудырған. Бұл жұлдызаралық сапарда болатын ғарышкерлерге де тән іспетті. Ғарышкерлер алдарынан көрінген ғаламшар кішкентай болса да оған жақындайды жұлдызаралық кемесімен. Сол екірада кеме төңірегіндегі кеңістікте шар пайда болып, оның ішінен адам шығады. Күрделі компьютерлік аудармашы құралдардың көмегімен ғарышкерлер ол адаммен тілдесіп, алдарынан менмұндалаған кішкентай ғаламшардың сырын ашады.

Екінші «Кіші әлем кеңістігінде» бөлімінің «Дайындық алдында», «Алғашқы мәлімет», «Ғаламат кеме», «Әуе шабуылы», «Екінші аялдама», «Қайта оралған алып кеме», «Сығылу аймағында», «Теңесу», «Кемедегі арпалыс», «Жоспарлы әрекет», «Табиғатқа табыну» тарауларында қазақ ғарышкерлерінің өздерінің алапат жұлдызаралық кемелерімен кіші әлем кеңістігіндегі ізгі әрекеттері суреттеледі. Адам баласының мақсаттары үнемі бір емес. Сондықтан да ішкі жағындағы термоядролық реакцияның кенеттен бұзылуы салдарынан сығылып кеткен орталық

Жұлдыздың төнірегіндегі кеңістіктегі кейбір кіші ғаламшардың тұрғындары ғарышкерлердің бұл қадамдарын жақтырмайды. Бір жағынан ол қарсылықтың жөні де бар еді. Кіші әлем кеңістігінде алапат көрінетін жұлдызаралық кеменің жүйедегі кіші ғаламшарлардың ретті қозғалстарын бұзуы мүмкін.

Үшінші «Ғаламшардағы ғаламаттар» бөлімінің «Өмір ескерткіштері», «Жәрдемші», «Әлемдегі алты алып», «Жерді сағынғанда», «Еске салынған қатер», «Ғарыштағы қуаныш», «Күтпеген қатер», «Үшіншідегі толқу», «Қайтуға дайындық», «Бесіншідегі құпия жиын», «Темір адамдар айқасы» тарауларында сығылған жүйедегі кішкентай ғаламшарлар тұрғындарының толқулары мен қарсы әрекеттері айқындала түседі. Қазақ ғарышкерлері жұлдызаралық кемелерін сығылған кеңістіктен қайта шығару әрекетін жасайды. Оларға ондағы жақтаушылар жағы ақыл-кеңес береді, көмек көрсетеді.

Төртінші «Соңғы аялдама» бөліміндегі «Отпен ойын», «Уақыт үкімі», «Үлкен ғаламшардағы толқу», «Кемедегі қуаныш», «Кіші әлемдегі шайқалыс», «Батыл шешім», «Күшейе түскен қозғалыс», «Ғаламшар сүйреген кеме», «Кіші әлемдегі қос жұлдыз», «Кіші әлемдегі жарылыс», «Жазылған жұдырық» тарауларда кіші әлемдегі оқиға шиеленсі арта түседі. Жүйедегі кейбір ғаламшардың тұрғындары толқуларын тоқтатпайды. Қазақ ғарышкерлері жұлдызаралық кемелерін кіші әлем кеңістігінен алып шығады. Бұл үлкен қуаншқа айналған еді. Бірақ артынша кіші әлем жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыстарында бейберекттік пайда болады.

Ғарышкерлерге жұлдызаралық кемелері сығылған кеңістіктен аман-есен шыққан соң Жерге қарай тартып кетсе де болар еді. Бірақ қазақ тәрбиесіне тән азаматтық арлары ондай жеңіл ойлылыққа жібермейді. Сығылған кеңістіктен жұлдызаралық кемелерінің сытылып шығуына ақыл-кеңес пен көмек көрсеткендерге жауап жақсылық

жасаулары керек. Ақылдаса келе, жүйедегі опырайып қалған жұлдызаралық кемеңің орнын толтырып, ғалам-шарлар қозғалыстарын қайта ретке келтіру үшін қазақ ғарышкерлері ерекше батыл әрекетке барады.

Сол жүйедегі кіші ғаламшарлар белдеуінен біреуін жұлдызаралық кемелеріне тіркеп, жүйеге әкеліп қоспақ болады. Әрекет сәтті басталған еді. Бірақ жүйенің орта Жұлдызының тартылыс өрісі өте күшті болғандықтан кіші ғаламшар қажетті айналымжолға түспей, Жұлдызға қарай ұшып онымен соқтығысып, үлкен жарылыс тұтанады. Ол жарылыстың әсерінен сығылған кеңістік пен ондағы күллі ғаламшарлар қайта ұлғаяды. Осылайша адам баласының ақыл-ойы адамзатты жасампаз етеді.

Автор бұл ғылыми-болашақтық романының оқиғалары арқылы өзіміздің Күн жүйеміздің болашағына да көз жіберіп отыр. Мәңгілік ештеме жоқ. Күн де секунд, минут сайын өзінің ішк энергиясын жоғалтуда. Ал егер ол кенеттен сығылып, «қара ойдымға» айналып, күллі ғаламшарлар мен олардағы күллі тірішілік иелері кішірейіп кетсе ше? Автордың ойынша, ондай жағдайда да адам баласы шығармадағыдай жол тауып шығады.

Сериясының он біріншісі – «Ғарыштан келген гүл» ғылыми-болашақтық романы.

Жазушы-болашақгердің бұл шығармасындағы оқиғалар өзге жұлдыз жүйесіндегі ғаламшардан Жерге оралған қазақ ғарышкерлерінің жолдағы оқиғалары мен Жеріміздегі оқиғалары баяндалады. Негізгі кейіпкерлері кемедегі ғарышкерлер тобының басшысы Мерген, биолог Гүлжан мен Ғарыш гүлі.

Сериясының он бірінші «Ғарыштан келген гүл» ғылыми-болашақтық романының бірінші «Оралу» бөліміндегі «Орындалған тапсырма», «Басылмаған әсер», «Кемедегі «жолаушы», «Ұйқы алдында», «Бөтендер арасында», «Кемедегі еркіндік», «Тірішіліктің тіректері», «Кемедегі бейберекет көрініс», «Сезімдегі сызат», «Жаңа органы

барлау», «Сүйінші. Жер көрінді!». «Құпия әрекет», «Туылған табиғат аясында» тарауларындағы оқиғалар Мерген мен Гүлжанның махаббат сезімдеріне гүлді ғаламшарда көрген бір ғажайып гүл үшін сызат түскен сәтінен бастау алып өрбиді. Қыз жаны қашан да нәзік. Ол гүл сезімімен бірдей. Оны түсінбеген Мерген өздері болған гүлді ғаламшардағы қалың жайқалған нешетүрлі ғажайып гүлдердің Гүлжанның үзіп алып кемеге апаруына рұхсат бермейді.

Мергеннің ұстанымы – бөтен ғаламшардың гүлдерінен кеме ішінде зиянды тозаң тарауы мүмкін. Өзі қарамағындағы ғарышкерлердің амандығы мен денсаулығына жауапты. Бұл жағын Гүлжан да түсіне бермейді. Ал Гүлжан ерекше назар аударған гүл ерекше қабілетті гүл еді. Ол екі ғашықтың өзі үшін ренжіскенін ұғып, өсіп тұрған орнынан босап, кеме ұшардан бұрын оның ашық тұрған шағын терезесі арқылы ішке еніп, жасырын күйде ғарышкерлермен бірге Жерге жетеді. Ғарышкерлер оны білмейді. Аман-есен Жерге, елге жетіп, тамаша табиғат аясында біршама демалған соң әрқайсысы өз тірішілігіне кіріседі.

Екінші «Ізденіс жолында» бөлімінің «Ғажайып гүл», «Жердегі серуен», «Жаңа ортада», «Кездесуден кейін», «Ғажайып түс», «Таудағы таңғажайып гүл», «Бақ ішінде», «Ғарышкерлер тойы». «Ғажайып гүлмен сырласу», «Жоғалған гүл», «Суық жаңалық» тарауларында ғарыштан келген гүлдің екі ғашықты қайта табыстыру жолындағы тағдыры суреттеледі. Алыс сапардан оралған жұлдызаралық кеменің ішін тексеріп-тазарту барысында қызметкерлер өздері бұрын-соңды көрмеген ғажайып гүлді тауып алып, ол жөнінде Мергенге хабарлайды. Мерген ол гүлді қокысқа тастауды өтінеді.

Гүлдің ауыр жолы басталады. Сонда да қайсар гүл өзінің жер бетімен де, биік темір бағандар арқылы жүргізілген жоғары вольтты жуан сым бойымен де жыл-

жи алатын қабілетімен Мергеннің ауылы маңындағы тауға жетеді. Бұл уақытарда ғарышкерлердің бір жұбы үйленіп той тойланады. Бірде Мерген бастаған геологтар тобы тау бөктерлерін зерттеуге шығады. Мерген онда өзі өзге ғаламшардан көрген ғажайып гүлге тап болады. Оны үйіне алып келіп сырласады. Ол жөнінде Гүлжанға хабарлап сапарлас достарын мемлекет сыйлаған үш қабатты үйіне меймандыққа шақырады. Бірақ терезе алдындағы ыдыстағы топыраққа қадалып, онан нәр мен су алып тұрған гүл меймандарға көрінгісі келмей ізім-ғайым жоғалады. Мерген өтірікшы болғандай болып Гүлжанды қайта ренжітіп алады.

Осы күндерде мектепте оқушылармен болған кездесуден кейін Мерген Сәрсенгүл есімді мұғалимамен танысады. Оның Гауһар есімді құрбысы бар. Гүлжан ол жөнінде естісе де еш алаң болмай өзі тұратын үйдің үлкен бағында биологиялық будандастыру арқылы гүлді ғаламшардан көрген гүліндей гүл өсіреді. Ол әрекеттері үшін сырттан алыпқашпа сөздер де естиді. Бірақ Гүлжан ондайға селт еткен емес.

Ғылыми-болашақтық романның үшінші «Қайта табысар жолда» бөлімінің «Мейрамханадағы шу», «Ғажайып гүлдің ұқсасы», «Аспа жолмен адасу», «Елге тараған жаңалық», «Гүлдер арасындағы кездесу», «Саналы гүл», «Кластағы қорқыныш», «Жағымсыз жала», «Қайта оралған гүл», «Суыған көңіл» тарауларынан ғарыштан келген гүлдің одан әргі әрекеттерін оқимыз. Мерген Сәрсенгүл, Гауһармен бірге ауыл мейрамханасына барады. Оны алдын ала сезген гүл олар отыратын дастархан үстіне гүл болып тұра қалады. Оның мәнісін түсінбеген Сәрсенгүл гүлді ұстай бергенде ол өз қабілетіне сай тарс еткен дыбыс шығарып, сұйығын шашады. Сәрсенгүлдің қымбат көйлегі былғанып қалады. Мейрамхана қызметкері гүлді қоқысқа апарып тастайды.

Бұл күндерде Гүлжан күрделі биологиялық будандастырумен өсірген гүлі жөнінде телеарналардан хабарлар беріліп жатады. Ғарыштан келген гүл темір бағаналар арқылы тартылған жоғары вольтты жуан сым бойымен жылжып Гүлжанның ауылына жетіп, оның үлкен бағына енеді, онда Гүлжан будандастырып өсірген өзі сияқты гүлмен кездеседі. Содан соң ол Сәрсенгүл сабақ беріп тұрған сынып ішіне еніп, терезе жақтауына жатып алады. Одан Сәрсенгүл қатты шошынып, ауырып та қалады. Жазылған соң ол Гүлжанға бейнетелефон қоңырауын соғып, өзін қорқытқан гүлдің соныкі екенін айтып жала жабады. Гүлжан оған да үлкен парасаттылықпен жауап беріп, төзімділік танытады.

Төртінші «Дәнекер» бөлімінің «Бақтағы ғашықтар», «Ренішті күн», «Қаладан келген ғалым», «Ауылдағы жиын», «Тілсіз қарсылық», «Қашқан гүл», «Ауылдағы жаңалық», «Гүл әлемінде», «Көпшіліктің көмегі», «Дәнекер» тарауларында ғажайып гүлдің Мерген мен Гүлжанды қайта табыстыру жолындағы әрекеттері күрделене түседі.

Ғарыштан келген гүл Гүлжан өсірген гүлге келіп, онымен «сырласады». Ал Гүлжанның күндері көңілсіз өтіп жатады. Осы күндерде гүл бағындағы жаңалықты теледидар арналарынан көрген Қалиолла есімді ғалым Гүлжанның ғылыми кеңес алып, тәжірибе жасау мақсатында баққа келеді. Екеуі әріптестер дәрежесінде сыйласады. Осы тұста Қалиолланың жеңіл көлігінің руліне жыланша оралған Ғажайып гүл оның Гүлжанға келіп, оны бірге қыдыруға шақырғанына қарсылығын білдіреді. Бұл оқиға да ауылға үлкен жаңалық болып тарайды.

Оны естіген Сәрсенгүл мен Гауһар гүлдің жолын аңдиды. Ол екеуі бірде ауыл сыртында серуендеп жүргенде темір бағаналар арқылы тартылған жоғары вольтты жуан сым бойымен зымырай жылжып келіп, жерге түскен Ғажайып гүлді көріп қалады. Гүлді екеуі таякпен ұрады.

таспен атады. Гүл қатты жарақаттанады. Бірақ оның бағына қарай Гүлжан мен Қалиолла бастаған бір топ гүл терушілер байқап қалады. Оларды алып жүрген көліктің жүргізушісі тездетіп сол ауылдағы Мергенге жетеді. Мерген гүлге биологиялық көмек көрсететін күрделі жүйелері бар арнайы көлікпен жетеді.

Ғарыштан келген гүл тездетіп арнайы зертханаға апарылады. Биологиялық көмектер көрсетіледі. Гүл өз қалпына келеді. Мерген мен Гүлжан мән-жайдың бәрін түсініп, гүл бағындағы үй ішінде таң қылаң бергенше сырласады. Ал бұл түнде Ғарыштан келген гүл мен Гүлжан күрделі биологиялық будандастырып өсірген гүл екі ғашыққа қатарласа бас иіп тұрады. Мерген мен Гүлжан риясыз жымыып бір-біріне қарайды. Ғылыми-болашақтық романды автор осындай бақытты көрініспен аяқтайды.

Автордың ғылыми идеясы түсінікті. Бұл жарық дүниедегі кез келген тірішілік иесіне қосымша қабілет дарыса, ол адамнан да артық ақыл-ойға ие бола алады. Бүгінгі күннің өзінде адам бойындағы көңіл-күйді, өзіне жасалған қамқорлықты сезетін гүлдер аз емес. Сондықтан да адамдар бір-біріне қуанышы мен жетістігін, ішкі махаббат сезімін гүл сыйлау арқылы білдіреді. Осыны автор болашақ заманға апарып, ғылыми негізде көркем, әсерлі шығармаға айналдырған.

Сериясының он екіншісі – «Күзетші» ғылыми-болашақтық романы.

Жазушы-болашақгердің бұл ғылыми-болашақтық романы ешбір бақылау құралынсыз-ақ аспаннан жиі көретін Айдың құпия-сырына арналған. Жастайымыздан көріп өссек те, оған қаншама автоматты ғаламшараралық кемелері қонып, бір топ ғарышкерлер сонда болып, табандарымен топырағын басып, тасын теріп, біршама зерттесе де оның әлі ашылмаған құпиялары мол. Аспандағы Айды былай қойғанда, өзіміз күнделікті аяғымызбен басып.

тірішілік етіп жүрген Жеріміздің құпия-сыры да толығымен ашыла қойған жоқ. Ал Жер шарымыздағы мұхит теңізінің құпиялары өз алдына ғарыш құпиясындай.

Автор сериясының он екіншісі – «Күзетші» ғылыми-болашақтық романының бірінші «Өскен орта» бөлімінің «Ғарыш үйі». «Жұлдызды әлеммен танысу», «Су айдынындағы жарыс». «Ғарыш бөлімінде». «Егіс алаңында», «Көмекшілермен ойын», «Күн күдіреті», «Жер төңірегінде», «Ғарыш үйіндегі өзгеріс», «Еркін дайындық» тарауларында жас ғарышкерлердің жұлдызаралық сапарға дайындықтары баяндалады. Жұлдызаралық сапар оңай сапар емес. Ол ұзақ уақыт пен төзімділікті, білімділік пен батырлықты талап етеді. Сол үшін де ондай ұзақ жұлдызаралық сапарға жасөспірімдер іріктеледі. Жастар алдын ала жасалған ғарыш үйінде дайындалады, жұлдызды әлеммен танысады. Олардың темір тұлға көмекшілері бар. Олар сапар барысында туындаған қиын жағдайларда, көп күшті керек ететін көмек қажет болған жағдайда, адамға зиянды ортаға баруға тура келген кездерде араласады. Сол себепті де дайындық барысында жастар сол темір тұлғалармен танысады, олармен түрлі жағдайларға сай жаттығулар өткізеді, түрлі ойындар ойнайды. Сапардағы үйлері – жұлдызаралық кемелінің қосалқысының ішінде де болады, Жер төңірегіне шағын ғарыш кемелерімен ұшып шығып, ол кеңістікте де жаттығулар өткізеді. Шығарманың бірінші бөлімінен осындай қызу дайындықты қызыға оқимыз.

Екінші «Жұлдызаралық жолда» бөлімінің «Жер дірілі», «Кеңістіктегі алғашқы күн», «Құпия жәшік», «Күн жүйесімен қоштасу», «Райымбек пен Айнұр», «Көктем тынысы», «Ең жайлы мезгіл», «Кеме бейнесі», «Өкінішті хабар», «Әлем суретшілері», «Кемедегі той», «Күншоғырға енгенде» тарауларында ғарышкерлердің жұлдызаралық кемелермен Жерден аттануы мен көздеген Күншоғырға ұшып жеткенге дейінгі оқиғалары тартымды су-

реттеледі. Жастар қашан да жігерлі. Олар ұшу барысында айнала жұлдызды дүниені тынымсыз зерттеумен қатар жастық шақтарын да бос өткізбейді. Алапат жұлдызара-лық кемеңнің ішінде барлық жағдай бар. Ғылыми зерттеу жұмыстарынан қолдары босаған кезде оранжереяға барып серуен құрады. Кемедегі ғарышкерлер тобының басшысы Райымбек пен Айнұр осы сапарға аттанбай тұрып-ақ бір бірін таныған жастар.

Қанша жас болса да ғарышкерлердің толқыныстары да орын алып отырады. Олар Күн жүйеміздің шекарасынан шыққан мезеттерде қимастық сезімге бөленеді. Бірақ олардың басты мақсаттары Жердегі ұстаздарынан алған тапсырмаларын бұлжытпай орындап оралу. Кемеңнің оранжереясы мен егісті даласында Жердегідей жыл мезгілдері алмасып тұрады. Самал жел де соғады. жаңбыр мен қар да жауады. Жердегі ғалымдар мен құрастырушылар осының бәрін жасаған. Ғарышкерлер көктемде егіске шығады, жаз бен күзде егін, көкөніс пен бақтардағы жемістерді жинайды. Арнайы автоматтандырылған-компьютерленген бөлімдерде хайуанаттар мен құстар да бар.

Ұзақ жұлдызаралық сапар барысында жастар есейеді. Райымбек пен Айнұр отбасын құрып, шаңырақ көтереді. Жастар отбасылы болғанда тұратын пәтерлер де қарастырылған кемеде. Онда алғашқы той да өтеді. Бұл қазақ ғылыми жанрында жазылған шығармаларда әлі күнге жазылмаған көрініс. Жалпы, жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының бәрінде де тек қазақтың ұлы мен қыздары жүреді. Қазақтың салт-дәстүрі үнемі көз алдымызда тұрады.

Үшінші «Жұлдыз жүйесінде» бөліміндегі «Он бесінші перзент», «Түн тыныштығында», «Алып ғаламшар», «Қызықты серуен», «Ғажайып ғаламшар», «Табысу», «Аспаннан келген алып бас», «Қалыпқа келген кеме», «Ауыл төңірегіндегі ойын» тарауларда отбасын құрған

қазақ жігіттері мен қыздарының өздері көздеген жұлдыз жүйесіне жеткеннен кейінгі тағдырлары суреттеледі. Бөтен жұлдыз жүйесі түгілі. Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың бірінде болудың өзі жатқан бір тарих емес пе? Жерден аттанған жеті ұл, жеті қызға он бесінші болып Райымбек пен Айнұрдың ұлы қосылады. Кемеде онан кейін де ұл-қыздар дүниеге келеді. Осылайша кемедегі ғарышкерлер бір дүйім әулетке айналады.

Ғарышкерлердің сапарлары сәтті болады. Көздеген ғаламшар әрі үлкен, әрі тірішілікті. Табиғаты да тамаша. Бірақ оның тартылыс өрісі Жерден әлдеқайда күшті болғандықтан қону кезінде кемеге біршама зақым келеді. Оны бірте-бірте қалыпқа келтіреді. Ғаламшардың тамаша табиғатын көре жүріп, жақсы деген аймағына қоныстанады. Ғаламшардың адам басы тәрізденген серігі де бар. Оның Айдан өзгешелігі, кейде қатты төмендеп, ғаламшардың бетіне дейін келеді. Айналасын үнемі бақылайды. Алғашында оған таңдана қарағанымен, ғарышкерлерге ол көрініс үйреншікті болып кетеді. Балалар да Жердегі ауылда туылып өскендей еркінсіп, ауылдың ішінде де, сыртында да ойнайды. Алып ғаламшардағы өмір осылайша жалғасып жатады.

Төртінші «Күзетші» бөлімінің «Ұмытылған қиындық», «Құпия ортада», «Ауылдағы қарбалас іс», «Алып бастың әрекеті», «Құпия ортадағы қауышу», «Алғашқы байланыс», «Ғаламшар ғаламаты», «Алғашқы әрекет», «Алып басқа шабуыл», «Алып ішіндегі арпалыс», «Ойдағыдай мәлімет», «Туылған жердің топырағы», «Күзетші» тарауларынан ғарышкерлердің ауыл сыртындағы тау шыңына шыққан балаларының күтпеген жерден ізім-ғайым жоғалғанына әбіржіп, батыл іс-әрекеттерге көшкендерін көреміз.

Шың басындағы балаларды аспаннан төніп келген алып бас әкеткен. Ол қатерлі қастандық емес. Шығармадағы оқиғалардың дамуынан алып ғаламшардың тұрғын-

дарының да аса жылыжүректі адамдар емес екендігін білеміз. Балалар алып бастың ішінен жол табуда біршама қиындықтар көріп барып бір бірімен табысады. Түсініспестіктен алып баспен арпалысу да орын алады. Бірақ оның соңы жақсылықпен аяқталады. Алып бас балаларды үлкен ғаламшардың қаһарлы әрекеттерінен сақтау үшін жұтып әкеткені белгілі болады. Ғарышкерлер Жерге оралған соң аспандағы үнсіз ғана күміс сәулесін төге жылжитын Айға басқаша көзбен қарайды. Оларда: «Осы өзіміздің Ай да барған үлкен ғаламшарымыздың серігі – алып бас сияқты іштей компьютерленген жасанды дене емес пе екен? Ол Жер бетіндегі күллі тірішілік иелерін аспаннан, алыстан бақылап, қорғаштап жүрген жоқ па екен?» деген ой туындайды.

Жеріміздің жалғыз табиғи серігі – Айдың Жердің өз осінде айналуы мен Күнді айнала қозғалуын қалыптандырып тұратыны, сәулесінің Жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарларға, адам баласының көңіл-күйіне, психологиясы мен белсенділігіне мол ықпал ететіні ғылымда анық белгілі. Ендеше, тек өзіміз топырағын басып жүрген Жерімізді ғана емес, аспандағы Айды да қамқорлыққа алуымыз қажет екен. Ғылыми-болашақтық романның ғылыми идеясы да осы.

Жүніс Сақұрпағы өзім оқып шығып қысқаша талдаған бұл он екі ғылыми-болашақтық романымен кідірген емес. Ол үнемі ізденіс, үнемі жазу үстінде. Биылғы, 2016 жылы тоқсаныншы ғылыми-болашақтық романын жазып бітірді. Олардан кітап болып жарық көрген, өзім қасқаша талдаған "Тірішілік ұясы", "Борыш", "Шенбердің түйісуі", "Көктен келген көшпенділер", "Марстан шыққан жаңғырық", "Қимайтын әлем", "Шолпанға көшкен ауыл". "Космотарих куәсі", "Су әлемінің саздары", "Жасампаздық қиырында", "Ғарыштан келген гүл", "Күзетші" ғылыми-болашақтық романдарынан басқа қара сиямен жазылған "Жеке әлем". "Құпия кеңістік". "Жалғасым". "Сөз

сөндіруші", "Үркер үйірінде", "Қайырымды құс". "Бесінші өмір", "Ғалам тұлпары», "Арлан", "Мәңгілік сағыныш", "Болашақтан оралу", "Аспан бағы", "Тірі жанбыр", "Әділеттілік елінде", "Жоғалған елдің жарығы", "Отты жұлдыз оралғанша", "Кезекті кезеңде", "Мөлдір мекен", "Ұқсастардың көсемі", "Ақылдар айқасы", "Жұлдыз жазушысы", "Қалқан", "Ғұмыр мәңгі болғанда", "Ой дүние", "Алыптар айналасында", "Сүмбіленің серіктері", "Сана сайысы", "Ай-адам", "Ішкі дүние", "Көзді ашып жұмғанша "Ой тоқтатушы", "Ғаламшар қожасы", "Сезім толқыны", "Жұлдыз белгі", "Аспан адасушылары", "Сары әлемнің сыңары", "Талант таразысы", "Айдан келгендер", "Кеңістік көсемі", "Анам менің", "Құдайдың қастары", "Қабілеттің қасіреті", "Білім бағы", "Күнге тартқан көш", "Әлемнің арғы жағында", "Ғарыштағы ғаламат ел", "Жад жоғалған жаһанда", "Жүйе", "Жанбыр жауғанда", "Дабыл", "Ақылға келу", "Аққулық ару айтқан сыр", "Тұлғасыздық тауқыметі", "Ақсызат", "Атлантида аспаны", "Көпғұмырлы адам", "Қолқоржын", "Арайлықтар таққан айып", "Кеңістіктегі керуен", "Жүрексіз адам", "Ай әжімі", "Ұмыт қалған ғұмыр", "Соқтығысу", "Уақыт қайтарымы", "Жанайналым шеңберінде", "Шолпан таңы атқанша", "Мейірім", "Тарантас", "Қотырбұлақ хикаясы", "Қазақстан кеңістігінде", "Жұп жазылар жиекте", "Жүйенің жұмак әлемі", "Шалқығандық шегінде", "Ешкім болмайтын әлемде", "Мен болған әлемде", «Еркіндік кеңістігінде», «Сәулелі адам», «Адамсыз әлемде» ғылыми-болашақтық романдарының қолжазбалары жеке қорында жариялануын күтіп жатыр.



ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ



ЖҮЛДЫЗТАНУ ӘЛЕМІ

Заман ағымына сай адам әрекетінің де, қоғам құрылымының да өзгеретіні ақиқат. Адамның өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарастары да бөлек болмақ. Осыған орай қазақ әдебиетінің ғылыми жанрында жаңа образдар, тың идеялар, танымды тақырыптар мен қызықты оқиғалардың қажеттілігі туындайды. Арман жолының ақиқат жайттарға айналу үдерісін жан-жақты көрсету абзал. Және де қазақ әдебиетіндегі ғылыми жанрды кино, мультфильм, анимация салаларымен байланысын арттыру керек. Өмірдегі шынайы орнын аша түсу қажет.

Қай ғылым саласының да адам баласының ой-арманынан бастау алып, өмірде жүзеге асып жататыны белгілі. Әдебиет әлемінде ғылымның шығыс көкжиегіне бағыт-бағдар беретін, ғалымға ой салатын шығарма – ғылыми-болашақтық шығарма. Сондықтан да бұл жанрда жазатын жазушы ғылымның қандай да бір саласымен айналысады.

Авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазып, кітап етіп шығарып, оқырмандарын болашақ жайлы ғылыми ой-арманға бөлеп келе жатқан жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағы жастайынан жұлдызтану ғылымын зерттеу, насихаттаумен тұрақты айналысады. Мерзімді баспасөз беттерінде, радио мен телеарналардың тілшілеріне берген сұхбаттарында жұлдызды әлемді ғылыми тұрғыдан бақылап-зерттеуге әкесі Сак пен анасы Құлханыстың жұлдызды аспан жайлы айтқан әңгімелерінің негіз болғанын айтады.

Жазушы-болашақгер Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданы орналасқан таулы аймақтағы Бәйдібек елді мекеніне көрші Алматыда дүниеге келген. Жаздың аптапты күндерінде тұрғындардың түнде үй ауласына жасалған үлкен сыпа үстінде ұйқтайтыны белгілі.

Осындай түндерде Жүніс анасынан көз алдарында жайнаған жұлдыздар жайлы көптеген аңыз-әңгімелерді тыңдаған. Сол әсермен түн салқындаған күз бен қыста да түн мезгілдерінде ұйқыдан оянып, сыртқа шығап жұлдыздарға қадала ұзақ қарап тұратын болған.

1957 жылғы Қазан айының 4-ші күнінде Байқоңырдан адамзат тарихында алғаш ғарышқа ұшып шыққан Жердің Бірінші Жасанды Серігі, 1959 жылғы Қаңтар айында Айға ұшырылған бірінші Ай-1 автоматты ғаламшараралық кемесі мен 1961 жылы адам өкілінің ғарышқа аттануы Жүністің жұлдызтану ғылымы мен жұлдызды әлемге жұлдызаралық кемелердің ұшуы жөніндегі ой-арманын еселей түсті. Жүніс оқыған ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы қазақ орта мектебі қаладан алыс, таулы аймақта орналасса да, ондағы астрономиялық, биологиялық, химиялық зертханалар қалалық мектептер дәрежесінде болды. Жүніс Сақұрпағы мектептің бастауыш сыныптарында оқып жүрген кезінің өзінде де жоғары сынып оқушыларымен бірге сол кезде көрінген Құйрықты жұлдыздарды, Күн мен Айдың жартылай, сақиналы, толық тұтылулары мен басқа да астрономиялық құбылыстарға мектеп сыңардүрбісі арқылы бақылау жасап жүрді.

Астрономия пәні жүрген оныншы сыныпта оның бұл ғылымға деген қызығушылығы еселене түсті. Сонымен бірге математика, физика, биология мен зоология пәндерін құмарта оқып, зертханаларда көптеген тәжірибе де жүргізді. Мектеп қабырғасында жүрген кездің өзінде Жүніс Сақұрпағы Алматыдағы Қазақ Ғылым академиясының Астрофизика институты және Ресей астанасы Мәскеудегі Мәскеу Мемлекеттік университетінің П.К.Штернберг атындағы Астрофизика институты ғалымдарымен хат жазысты.

Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының тырнақалды ғылыми-танымдық мақалалары өзі оқыған мектептің

оныншы сыныбында оқып жүрген кезінде-ақ аудандық «Алғабас» газетінің беттерінде жарияланған. Ол еңбек жолын аудан орталығы – қала тіпті Шаян елді-мекеніндегі байланыс бөлімшесінде телеграфшы болып бастады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Гидрометеорология қызметінің Шаяндағы стансисында ауа райын бақылаушы болды. Ел алдындағы әскери борышын өтеп жүрген жылдары да қызметтестерімен бірге қуатты әскери дүрбі арқылы 1970 жылы көрінген Бенетта аталған Құйрықты жұлдызға, Ай мен өзге де ғаламшарларға бақылау-зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1968 жылы республикалық «Білім және еңбек» ғылыми-көпшілік журналының 4-ші нөмірінде «Астрофизика» сөзжұмбағы жарияланды. Әскери газеттерге де ғылыми-танымдық мақалалар жазып, жариялап жүрді.

1972 жылы шығармашылық жолына біржолата бет бұрып, Алматыдағы Әбу Нәсір әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің Жазбагерлік факультетіне оқуға түскеннен кейін де жұлдызды әлемді бақылауын, ғылыми ізденістерін тоқтатқан жоқ. 1974 жылы ауылы маңындағы «Ақмешіт әулие» үңігірі атанып кеткен үлкен орынға назар аударып, оны «Қандай да бір шағын Құйрықты жұлдыз ядросының опырымы емес пе екен?» деген сұрақты хатына сол кездегі КСРО Ғылыми академиясының Меторит жөніндегі Комитетінің жауапты ғылыми қызметкері В. Хотинок: «Сыры ашылмаған үңгір жөнінде жазған хатыңызға алғыстымыз. Мұндай ғылыми мәліметтер ғылымға қашан да қажет. Ол әлі зерттелетін болады» деп жауап жазған.

Университет қабырғасында оқып жүргенде Жүніс Сақұрпағы стипендиясына арнайы дүкеннен қазақша «БЗҚ-457», орысша «ЗРТ-457» делінетін бақылау құралын сатып алып, 1975 жылдың жазында университет қалашығындағы студенттер үйінің өзі тұрған бөлмесінің оңтүстікке қараған жағындағы балконынан сол жылы бо-

лып өткен Айдың толық тұтылуына бақылау-зерттеу жұмысын жүргізіп, көргендері жөнінде ғылыми мәліметтер жазады. Ол еңбегі Ресейдің астанасы Мәскеу қаласында шығатын бүкілодақтық «Земля и Вселенная» ғылыми-көпшілік журналының 1976 жылғы 3-ші нөмірінде жарияланады. Бұл оның ғылыми ізденісі мен шығармашылығына мол серпін береді. Сол 1976 жылы өзі 1971 жылы қазақ ғылыми жанрында тұңғыш бастап жазған авторлық «Кеністік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының біріншісі – «Тірішілік ұясы» ғылыми-болашақтық романының қолжазбасын сол кезде жаңадан ашылған «Жалын» баспасына тапсырады. Ол 1983 жылы кітап болып жарық көреді.

1987 жылы ұлы ғалым, фарабитанушы Ақжан Жақсыбекұлы Машанидің алғы сөзімен «Жалын» баспасынан жарыққа шыққан авторлық сериясының екіншісі – «Борыш» ғылыми-болашақтық романының қаламақысына дүкеннен араб тілінен қазақ тіліне аударғанда «Жігіт» деген мағынаны беретін «Мицар» сынардүрбісін сатып алып, келесі, 1988 жылғы Қыркүйек айындағы Қызыл ғаламшар – Марстың Жерімізге ұлы қарсы тұруы – мейлінше жақын тұруы күндерінде бақылау-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, түрлі-түсті шыны сүзгілер арқылы 60 суретін салады, әрқайсысына қазақ және орыс тілдерінде ғылыми түсініктемелер жазады. Астрономия ғылымына қосқан бұл үлкен еңбегі үшін 1990 жылы Ресейдің астанасы Мәскеу қаласында шығатын бүкілодақтық «Астрономический вестник» ғылыми-көпшілік журналының жауапты хатшысы, белгілі астроном И.Т. Зоткиннің кепілдемесімен Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Астрофизика институтында сол кездегі КСРО Ғылым академиясы Физика-математика Бөлімінің құрамындағы Бүкілодақтық Астрономия-геодезия қоғамына толық мүше болады.

1980-2002 жылдар аралығында Жүніс Сақұрпағы бұрынғы «Білім және еңбек», кейінгі «Зерде» ғылыми-көпшілік журналында «Құс жолы». «Әуесқойлық кино», бұрынғы «Қазақстан пионері». кейінгі «Ұлан» газетінде «Жұлдыздар жайлы аңыздар», «Он сегіз мың ғалам», «Жұлдызнама» ғылыми-танымдық айдарларын ұзақ жылдар бойы жүргізіп. ондаған ғылыми-танымдық мақалалар мен қазақтың жұлдызды аспан жайлы аңыздарын және өзге халықтардың жұлдыздар жайлы аңыздарын қазақ тіліне аударып жариялады.

«Ай», «Айға сапар», «Алгол», «Босаға» және басқа көптеген ғылыми-танымдық мақалалары өзі 1988-2002 жылдары «Техника, Астрономия» ғылыми редакциясының меңгерушісі қызметін атқарған «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы шығарған қазақ тіліндегі 10, орыс тіліндегі 5 томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының томдарына енді. Сонымен қатар орыс тіліне аударылған ғылыми-танымдық мақалалары Алматы облыстық "Огни Алатау», Алматы қалалық «Вечерний Алматы» газеттерінде басылды. 1989 жылы есімі мен еңбегі қазақстанға ғана емес, шет елдерге де белгілі астроном, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор В.Г. Тейфельдің «Құйынды ғаламшардың құпиялары», 1990 жылы оның «Бар екен де, жоқ екен» ғылыми-танымдық мақаласын орыс тілінен қазақшалап, «Зерде» ғылыми-көпшілік журналында жариялады. Жүніс Сақұрпағының 1994 жылы болып өткен Күн жүйеміздегі ең алып ғаламшар – Асқақ ғаламшар – Юпитерге Шумейкер-Леви атанған Құйрықты жұлдыздың келіп соқтығысуы жөнінде «Халық кеңесі» газетінде жарияланған «Жұлдыздар соқтығысы» және орыс тіліне аударылып басылған осы оқиға жөніндегі «Доживем до понедельника», «Земле ничто не грозит», «Обошлось без катастрофического ущерба» ғылыми-танымдық мақалалары жазушы-ғалымның қаламының қарымдылығын танытты.

Сол 1994 жылы «Рауан». кейіннен қайтадан «Мектеп» атанған баспадан ол қазақ тіліне аударған орыс ғалымдары М.М. Дагаев пен В.М. Чаругиннің 9-11 сыныптарда қосымша оқуға арналған «Астрофизика» оқулығы жарық көрді. Әлбетте, аударма жасаудың шығарма жазудан екі есе ауыр екені белгілі. Сол себепті де, әдебиетте аудармашыны «Екінші автор» деп атайды. Оның үстіне, кітаптың «Астрофизика» екенін есепке алсақ, автордың бұл кітапты түгелдей қазақшалағанда қанша тер төккенін түсінеміз. Өйткені, бұл көркем тілмен өңдеп-өрбеп алып кететін көркем шығарма емес. Оның әрбір сөзінде ғылыми мән жатыр. Дұрыс аударылмаған бір термин оқырманын үлкен адасушылық пен қателесушілікке апарар еді. Ал бұл оқулық автордың біліктілігінен қарапайым, түсінікті қазақы тілмен аударылған. Сондықтан да бұл оқулық оқырман талабына сай көп таралыммен бірнеше рет қайта басылды.

Оқулықтың «Алғы сөзінен» кейінгі «Аспан денелерінің физикалық табиғатын зерттеу әдістері» делінген 1-ші Тарауын қамтитын «Аспан денелерін зерттеу», «Оптикалық сыңардүрбілер», «Радиосыңардүрбілер», «Аспан шырақтарының жарқырауы және түсі», «Спектрлер және спектрлік анализ», «Ғарыштық зерттеулер» тақырыптарында астрономия ғылымының өріс алуы, аспан денелерін Жерден бақылайтын сыңардүрбілердің шығуы мен жетілдірілуі, аспан шырақтарының түр-түсі, ғарыштық зерттеулердің бүгінгі үлкен жетістіктері айтылады.

«Күн» делінген 2-ші Тараудың «Жалпы мағлұматтар», «Күн атмосферасының құрылымы», «Күн энергиясының көздері», «Күннің ішкі құрылымы», «Күн белсенділігі және Күн-Жер байланыстылығы» тақырыптарынан Күннің өзі, ішкі жағдайы мен энергиясы, Күннің Жерімізге беретін әсері жөнінде мағлұмат аламыз.

«Күн жүйесіндегі кіші денелердің физикалық табиғаты» делінген 3-ші Тараудағы «Тициус-Бодэ ережесі».

«Кіші ғаламшарлар». «Құйрықты жұлдыздар». «Ақпа жұлдыздар және жұлдызтас ағындары». «Ақпа жұлдыздар – кіші ғаламшарлардың жарықшақтары» тақырыптарынан Күн жүйеміздегі Асқақ ғаламшар – Юпитер мен Қызыл ғаламшар – Марстың айналым жолдары аралығындағы кіші ғаламшарлар – астреонидтар белдеуі, ара-тұра көзге ғажайып аспан денесі болып көрінетін Құйрықты жұлдыздар мен өзіміз түнгі таза аспанда жиі байқайтын ақпа жұлдыздар – метеорлардың бөлшектеніп кеткен кіші ғаламшарлар мен Құйрықты жұлдыздардың қалдықтары екенін білеміз.

«Ғаламшарлар және олардың серіктері» делінген 4-ші Тарауындағы «Үлкен ғаламшарлардың екі тобы», «Жер», «Ай», «Олпан» (Меркурий), «Шолпан», «Қызыл ғаламшар» (Марс), «Асқақ ғаламшар» (Юпитер), «Қоңырқай ғаламшар» (Сатурн), «Нептун», «Уран» және «Плутон» тақырыптарынан Күн жүйеміздегі 9 ғаламшар мен олардың серіктері жөнінен мол мағлұмат аламыз.

«Жұлдыздардың физикалық табиғаты» делінген 5-ші Тарауындағы «Жылдық параллакс және жұлдызға дейінгі қашықтық», «Абсолютті жұлдыздық шама және жұлдыздардың жарықтылығы», «Жұлдыздардың спектрлік классификациясы», «Жұлдыздардың радиусы», «Қос жұлдыздар және жұлдыздардың массаларын анақтау», «Жұлдыздар ерекшеліктерінің өзара байланыстылығы», «Нейтрон жұлдыздар, жұлдыз дабылдар және қара ойдымдар» тақырыптарында жұлдыз дегеннің не екені, қос жұлдыздар, өзінен дабыл шығаратын жұлдыздар мен қара ойдым жөнінде нақты мағлұматтар берілген.

«Айнымалы және жаңа жұлдыздар» делінген 6-шы Тараудағы «Айнымалы жұлдыздар және оларды белгілеу», «Тұтылмалы-айнымалы жұлдыздар», «Физикалық айнымалы жұлдыздар» тақырыптарынан түн мезгілінде таза аспандағы мың-сан жұлдыздардың ішінен жарығын бірде молайтын, бірде азайтып тұратын жұлдыздардың айныма-

лы екенін. ал кейде қос жұлдыздың жанындағы жұлдыздың кенеттен көрінбей қалуын тұтылмалы-айнымалы жұлдыз екенін білеміз.

«Өзіміздің Жұлдызарал» делінген 7-ші Тараудың «Құс жолы және жұлдызарал», «Диффузиялық зат», «Магнит өрісі және ғарыш сәулелері», «Жұлдыз шоғырлары және жұлдыздар қауымдастықтары», «Жұлдыздар мен Күн жүйесінің қозғалысы», «Жұлдызаралдың айналуы және құрылымы» тақырыптарынан өзімізге аспаны тұнық түн мезгілдерінде үлкен ақжоллақ болып көрінетін тамаша жұлдыздар белдеуінің Құс жолы немесе Өзіміздің Жұлдызарал делінетінін жақсы білеміз. Өзіміз өмір сүріп жүрген Жер ғаламшарымыз құрамына енетін Күн жүйеміз осы Құс жолында. яғни Өзіміздің Жұлдызаралымызда. Ал одан сырт жатқан жұлдыз қауымдастықтары, жұлдызаралдар - галактикалар мен метagalaktikaлар қаншама. Олар жайлы ғылыми мәліметтер осы тарауларда берілген.

«Жұлдызаралдар (галактикалар) және Арғы жұлдызаралдар (Metagalaktikaлар)» делінген 8-ші Тараудағы «Жұлдызды жүйелерді ашу», «Жұлдызаралдардың кейіптері, қашықтықтары және өлшемдері», «Радиожұлдызаралдар және квазарлар», «Жұлдызаралдар шоғыры және Аарғы жұлдызаралдар», «Ғаламнаманың (Космологияның) элементтері» тақырыптарынан жұлдызаралдардан әріде жатқан көптеген жұлдызаралдар мен Арғы жұлдызаралдардың бар екенін және олардың табиғаты жөнінде оқимыз.

«Ғаламтану (Космогония) элементтері» делінген 9-шы Тараудың «Жұлдыздар мен жұлдызаралдардың пайда болуы», «Жұлдыздар эволюциясы», «Күн жүйесінің пайда болуы» тақырыптарынан ғаламтану ғылымының қырсырын білеміз. Сол ғылым саласы арқылы жұлдыздар мен жұлдызаралдардың. өзіміз өмір сүріп жүрген Жеріміз бар Күн жүйеміздің қашан, қалай пайда болғанына ой жүгіртеміз. (М.М. Дагаев. В.М. Чаругин. «Астрофизика: жалпы

білім беретін оқу орындарының 9-11 сыныптары оқушыларына арналған оқу құралы. 3-ші басылымы. Алматы. «Рауан», 2001 жыл).

Жазушы-ғалымның одан кейін қазақ тіліне аударған Е.П. Левитанның жалпы білім беретін мектептердің 11-шы сыныбына арналған «Астрономия» оқулығы да үлкен ғылыми еңбек. Оқулық 5 тарау. 33 параграфтан тұрады. «Астрономияға кіріспе» аталған 1-ші Тарауының «Астрономия пәні», «Жұлдызды аспан», «Жұлдызды аспан көрінісінің тәуілік бойындағы өзгерісі», «Жұлдызды аспан көрінісінің жыл бойындағы өзгеруі», «Географиялық ендікті анықтаудың әдістері», «Уақыттың негізгі өлшемдері» параграфтарынан оқушы бұл пәннің не пән екенінен бастап жұлдызды аспандағы шырақтар мен аспан денелерінің тәуілік және жыл бойындағы қозғалыстары, соған сай уақыт өлшемдері жөнінде мол мағлұмат алады.

«Күн жүйесінің құрылымы» аталған 2-ші Тараудың «Ғаламшарлардың көрінерлік қозғалыстары», «Күн жүйесі жөніндегі түсініктің дамуы», «Кеплер заңдары – аспан денелері қозғалысының заңдары», «Ньютонның Кеплер заңдарын қорытындылауы және нақтылауы», «Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтықтары және осы аспан денелерінің көлемдерін анықтау» параграфтарынан оқушы Күн жүйеміздегі күллі ғаламшарлар мен олардың серіктерінің қозғалыстары мен заңдылықтарын, Жерімізден қашықтықтары мен көлемдерін біледі.

«Күн жүйесі денелерінің физикалық табиғаты» аталған 3-ші Тараудағы «Жер – Ай» жүйесі», «Айдың табиғаты», «Жер тобының ғаламшарлары», «Алып ғаламшарлар», «Кіші ғаламшарлар мен аспанастар», «Құйрықты жұлдыздар және ақпа жұлдыздар» параграфтарынан оқушы Күн жүйемізді құрайтын ғаламшарлар мен олардың серіктері, сирек көрінетін Құйрықты жұлдыздар мен олардың ыдырағандарынан қалған қал-

дықтардан Жер атмосферасына енетін майда тастар – метеорлар мен жер бетіне келіп түскен аспанастар - метеориттер жөнінде мол білім алады.

«Күн және жұлдыздар» делінген 4-ші Тараудың «Күн туралы жалпы мәліметтер», «Күн атмосферасының құрылымы», «Күн энергиясының кайнар көзі және ішкі құрылысы», «Күн және Жердегі тірішілік», «Жұлдыздарға дейінгі қашықтық», «Жұлдыздардың кеңістіктік жылдамдығы», «Жұлдыздардың физикалық табиғаты», «Жұлдыздардың физикалық сипаттамаларының арасындағы байланыс», «Қос жұлдыздар», «Физикалық айнымалы жұлдыздар, жаңа және аса жаңа жұлдыздар» параграфтарынан оқушы Күн дегеніміздің не екеніне бастап, Күннің Жердегі тірішілікке берер ықпалын, жұлдыздардың жалпы табиғатын, қос жұлдыздар мен айнымалы, айнымалы-тұтылмалы жұлдыздардың сырын, жаңа жұлдыздар мен аса жаңа жұлдыздардың пайда болуын оқып біледі.

«Ғаламның құрылысы және эволюциясы» аталған Тараудың «Өзіміздің Жұлдызарал», «Өзге жұлдызаралдар», «Арғы жұлдызарал», «Жұлдызаралдар мен жұлдыздардың пайда болуы мен эволюциясы», «Ғаламшарлардың пайда болуы», «Ғаламдағы тірішілік және сана (соңғы шолу)» параграфтарынан оқушы құрамына Күн жүйеміз енетін Біздің Галактика, өзге галактикалар мен жұлдыздардың пайда болуы, ғаламдағы тірішіліктің басталуы және саналы тірішілік жөнінде мол түсінік алады.

Оқулықтың «Қосымшалар» бөлімінің «Ғарыш кеңістігін игерудегі маңызды мәселелер», «Жұлдызды аспанның айналмалы картасы», «Жер туралы негізгі мәліметтер», «Ай туралы негізгі мәліметтер», «Күн туралы негізгі мәліметтер», «Ғаламшарлар туралы негізгі мәліметтер», «Жер тобына жататын ғаламшарлар атмосфераларының ең басты параметрлері», «Ең жарық жұлдыздардың атаулары». «Қазақстан аймағы аспанынан

көрінетін ең жарық жұлдыздар туралы негізгі мәліметтер», «Рефераттар тақырыптары». «Қосымша оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі» тарауларынан Күн, Жер мен жүйеміздегі өзге ғаламшарлар жөнінде қосымша әрі нақты мәліметтер алады. Қазақ жерінің түнгі аспанынан қандай жарық жұлдыздарды көруге болатынын біледі. Сонымен бірге мұнда «Жұлдызды аспанның айналмалы картасын» қалай пайдалануға болатыны, рефераттар тақырыбын қалай таңдауға болатыны жөнінде толық мәліметтер берілген. (Е.П. Левитан. Астрономия: жалпы білім беретін оқу орындарының 11-ші сыныбына арналған оқулық – 2-ші басылымы – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2001 жыл).

Тоқсаныншы жылдардан бүгінгі күнге дейін жазушы-ғалымның жұлдызды әлем және жалпы жаратылыстану тақырыбындағы ғылыми-танымдық мақалалары республикамыздың бас газеті «Егемен Қазақстан» газетінде тұрақты жарық көріп келеді. «Байқоңырдан бастау алған жұлдызжол», «Қазақ күнтізбесі», «Қазақтың жұлдыз сағаты», «Қазақ халқының жұлдызды өркениеті», «Адамзаттың өзге әлемге сәлемі» және басқа ғылыми танымы мол мақалары өз оқырманын баурап алды. Ол осы «Егемен Қазақстан» газеті бетінде гректің ұлы философы Платонның аты аңызға айналған, бір түнде жер сілкінісінен ізім-ғайым болған Атлантида аралы жөнінде жазған «Тимэй» және «Критий» жазбаларын қазақ тіліне тұңғыш рет аударып жариялады.

Алматыдан Астанаға көшкен 2002 жылдан бастап Астанадағы беделді «Фолиант» («Ірі басылым») баспасының бас редакторы қызметін атқара жүріп, осы қалада шығып тұрған республикалық «Ел» газетінің құрамындағы өзі ашқан «Сүмбіле» ғылыми-танымдық басылымның авторы-редакторы қызметін атқарды. Ғылыми-танымдық басылымның ғылыми мақалаларын өзі жазды.

Бұл ғылыми мәнді әрі тартымды еңбектер «Ел» газетінің таралымының еселенуіне мол ықпал етті.

Қазақтың кең жазира даласынан бастау алатын аспан ғылымының елімізде қарқын алғанына аз уақыт өткен жоқ. Жұлдызды әлемді бақылап зерттеу ісі сонау ертеден. ұлы ғалым бабамыз Әбу Нәсір әл-Фарабиден. оның жұлдызды әлемді зерттейтін ғылым қалыптасқанға дейін жасаған ойыс айнасынан қадам алса. осы жұлдызды әлемді ғарыш кемелері көмегімен зерттеудің алғашқы қадамы да қазақ жеріндегі жер кіндігі атанған қасиетті жер Байқоңырдан басталған. Осындай елімізде жұлдызды әлемді зерттеу ғылымының елімізде қарқынды дамуы заңды. Алматы облысы мен Қарағанды облыстарындағы ежелгі обалардың аймағынан табылған ежелгі обсерваториялар да халқымыздың жұлдызды әлемге тек назар аударып, аңыздар тудырып қана қоймай, оны арнайы есептеулер жүргізетін орындарды қалыптастырғанын айқындайды.

Қазақ ғылымының жұлдызды әлемді зерттеуге арналған Астрофизика институты ұлы ғалым, геолог Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің ұсынысымен Алматы Алатауында бой көтерді. Ал институттың қалыптасуына кезінде Ресейден түрлі себептермен елімізге келген орыс ғалымдары да атсалысты. Нәтижесінде, жұлдызды әлемді бақылап зерттеуде көптеген ғылыми жұмыстар тындырылды. Ғылыми және ғылыми танымдық кітаптар жазылды. Солардың ішінде педагог ғалымдар, физика-математика ғылымдарының кандидаттары Хасен Әбішевтің «Аспан сыры», Мыңбай Исақовтың «Халық календары» кітаптары қазақтың жұлдызды әлемді танып-зерттеулерін ғылыми тұрғыдан нақытлай дәлелдеген маңызды еңбектер болды.

2014 жылы Астанадағы беделді «Фолиант» баспасынан халқымыздың жұлдызды әлемді зерттеу ғылымына тұғыш рет ана тілімізде жазылған үлкен еңбек – «Астрономия»

энциклопедиясы қосылды. Энциклопедия авторы Жүніс Сақұрпағын (Сахиевтің) Қазақ елімізде өзі «Кеңістік көшпенділері» деп жалпы айдарлаған авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазуды алғаш бастаған жазушы-болашақгер. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жандос атындағы әдеби. Халықаралық Байқоңыр сыйлықтарының лауреаты, бұрынғы КСРО Ғылым академиясы Физика математика Бөлімі құрамындағы Бүкілодақтық Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі екені, оның осы сериясымен бүгінгі күнге дейін «Тірішілік ұясы», «Борыш», «Шенбердің түйісуі», «Көктен келген көшпенділер», «Марстан шыққан жаңғырық», «Қимайтын әлем», «Шолпанға көшкен ауыл», «Космотарих куәсі», «Су әлемінің саздары», «Жасампаздық қиырында», «Ғарыштан келген гүл», «Күзетші» ғылыми-болашақтық романдарының қазақ ғылыми жанрының шаңырағын биікке көтергені белгілі.

Ол авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазумен қатар өзінің «Сүмбіле» деп атаған сыңардүрбісі арқылы Күн мен Айдың тұтылуларына, Шолпан, Қызыл ғаламшар, Асқақ ғаламшар ғаламшарлары мен Сүмбіле, Сұлусары, Үркер және Жұлдызаралдарға ғылыми тұрғыдан бақылау-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Ол ғылыми зерттеулерінің нәтижелері тек республикамыздың ғана емес, шет елдердің басылымдарында да жариялануда. Ал Қызыл ғаламшар -Марстың 1988 жылғы Қыркүйек айындағы Жерімізбен ұлы қарсы тұруы кезінде оған жүргізген бақылау зерттеулерінің ғылыми түсіндірмелері мен, өз көзімен көріп салған алпыс суретінің ғылыми маңыздылығы үшін 1990 жылдың Қаңтар айында Ресей астанасы Мәскеу қаласында орыс тілінде шығатын «Астрономический вестник» ғылыми-көпшілік журналының жауапты хатшысы, белгілі астроном И.Т.Зоткиннің кепілдемесімен КСРО Ғылым академиясы Физика-математика Бөлімі құрамындағы Бүкілодақтық Астрон-

номия-геодезия қоғамына толық мүше болды. Жұлдызды әлем ғылымы хақында Жүніс Сақұрпағының (Сахиевтің) төрт жүзден аса ғылыми-танымдық мақалалары жарық көрді. Авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдары мен ол еңбектерінің тізімі жинақталып. 2008, 2010, 2015 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК ғылыми кітапханасы баспасынан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде «Жүніс Сақұрпағы, Жунис Сахиев, Zhunis Sakurpau») биобиблиографиялық көрсеткіші шықты.

«Астрономия» энциклопедиясы Жүніс Сақұрпағының (Сахиевтің) ғылымның осы саласындағы танымы мол ірі еңбегі. Энциклопедияның тоғыз ірі бөлімінде астрономияның жай-жапсары түгелдей қамтылған. Бірінші «Адамзат санасындағы жұлдызды әлем» бөлімінің «Жер жөніндегі алғашқы түсінік», «Жұлдызды әлем жөніндегі алғашқы түсінік», «Аспандағы жарық жұлдыздарды ойша топтау», «Жұлдыздар арқылы жол табу, уақыт білу», «Жұлдыздар мен аспан денелеріне қарап ауа райын болжау», «Мүшел есебі», «Жыл басының жаршысы», «Күнтізбе жүйесін жасау», «Наурыздың астрономиялық негізі», «Жыл басы жылжыған жоқ», «Белдеулік уақыт» тақырыптарын қамтитын «Дүниетанымға талпыныс» тарауында дана ата-бабаларымыздың жұлдызды әлемге ежелден назар аударып, жұлдыздар мен аспан денелерін күнделікт тірішілік пен ауа-райын алдын ала болжауға қалай пайдаланғаны, мүшел, жыл есебінің қалай шыққаны таратыла айтылған.

Екінші «Астрономия ғылымының дамуы» бөлімінің «Астрономиялық ғылыми таным» тарауын қамтитын «Астрономия ғылымының қалыптасуы», «Үлкен ғылымның қарқын алуы», «Әл-Фарабидің ойыс айнасы», «Телескоп – аспан әлемін зерттеу құралы», «Телескоп орнатылатын күмбезді мұнара», «Телескоптардың түрлі құрастырылымдары», «Радиотелескоптар», «Обсерватори-

ялар». «Қазақ жеріндегі ежелгі обсерваториялар». «Өзге елдердегі ежелгі астрономиялық құрылыстар», «Ұлықбек обсерваториясы». «Осы заманғы обсерваториялар». «Жұлдызды әлемді Жер төңірегінен зерттеу», «Хаббл» ғарыш телескобы» тақырыптарында автор оқырманды астрономия ғылымының ел-елдердегі қалыптасу тарихына, астрономиялық құралдардың жасала бастауы мен олардың жетілдірілуі жолдарына тоқталады. Қазақ жеріндегі ежелгі обсерватория жөнінде толық мәлімет береді.

Үшінші «Жұлдызды әлем табиғатын тану» бөлімінің «Дүниенің жарық көздері» тарауыдағы «Жұлдыз», «Қос жұлдыздар», «Еселі жұлдыздар», «Айнымалы жұлдыздар», «Жұлдыз шоғырлары», «Шоқжұлдыздар», «Тұмандықтар», «Галактикалық тұмандықтар», «Жұлдызды аспан атласы» тақырыптарда Жұлдыз дегеннің өзі не дегеннен бастап, Қос жұлдыз, Еселі жұлдыздар, Айнымалы жұлдыздар, Айнымалы-тұтылмалы жұлдыздар, Жұлдыз шоғырлары мен олардың бәрі құрамына енетін Шоқжұлдыздар мен Жұлдызаралдар жөнінде танымды мағлұмат береді.

Төртінші «Ғаламның ірі құрылымдары» бөліміндегі «Галактикалар» тарауының «Құс жолы – өзіміздің Галактика», «Жүйеміздің орталығы – Күн» тарауындағы «Күн жүйесінің зерттелуі», «Күн – жұлдыз», «Күн тұтылуы», «Күн жүйесіндегі ғаламшарлар табиғаты» тарауындағы «Олпан» (Меркурий), «Шолпан», «Жер», «Жердің құрылымы», «Гидросфера», «Жер атмосферасы», «Жер биосферасы», «Жер бетіндегі кратерлер мен каньондар», «Жердің табиғи серігі – Ай», «Айдың топырағы мен тасы қандай?», «Қызыл ғаламшар», «Қызыл ғаламшардың табиғи серіктері», «Қызыл ғаламшардағы таулы аймақтар», «Күн жүйеміздің алыбы – «Асқақ ғаламшар» (Юпитер), «Асқақ ғаламшардың табиғи серіктері», «Сақиналы ғаламшар – «Қоңырқай ғаламшар» (Сатурн). Қоңырқай

ғаламшардың табиғи серіктері». «Уран». «Уранның табиғи серіктері», «Нептун». «Нептунның табиғи серіктері», «Плутон», «Плутонның табиғи серіктері», «Күн жүйесіндегі кіші ғаламшарлар», «Құйрықты жұлдыздар» (Кометалар). «Ақпа жұлдыздар (метеорлар) ағыны», «Аспан тастары» (Метеориттер). «Басқа жұлдызаралдар» (галактикалар), «Жұлдызарал (Галактика) шоғырлары», «Арғы жұлдызарал (Метагалактика), «Радиожұлдызаралдар», «Ғаламдық ілімдер» тарауындағы «Космология», «Космогония», «Астрология» тақырыптарынан Күн жүйеміз құрамына енетін Өзіміздің Галактика», Күн жүйемізді құрайтын ғаламшарлар мен олардың серіктері, кіші ғаламшарлар жөнінде толық мағлұматтар аламыз. Күн жүйеміздің сирек меймандары – Құйрықты жұлдыздар мен олардың ғажайып табиғаты туралы да қызықты мәліметтер көп. Одан әрі қарай осы үлкен бөлімде өзіміз түнгі аспаннан жиі көретін ақпа жұлдыздардың қырсыры, Жеріміздің бетіне келіп жеткен аспан тастары мен жалпы Ғалам құрылымы хақындағы тың мәліметтерге қаныға-мыз.

Жұлдызды әлемнің тек қана Жерден, қуатты айналы сыңардүрбілермен ғана бақыланып зерттелмейтіні белгілі. Ал өткен ғасырымыздың елуінші жылдарының аяғында, 1957 жылғы Қазан айының 4 күнінде Байқоңыр ғарыш айлағынан ғарыш кеңістігіне тұңғыш ұшып шыққан Жердің Бірінші Жасанды Серігі адам баласының ғарышты игеру идеясын жүзеге асырды. Автор осы саладағы жетістіктерге энциклопедияның бесінші «Жұлдызды әлемге сапар» бөлімін арнаған. Осы бөлімнің «Аңыздан – ақиқатқа» тарауының «Жерден – ғарышқа», «Ғарыш кеңістігіне қадам», «Қазақ ғарышкерлері», «Америкалықтардың ғарыш кеңістігін зерттеуі», «Айды ғарыш кемелерінің көмегімен зерттеу», «Айды Америка астронавтарының зерттеуі», «Шолпан ғаламшарын зерттеу», «Шолпанды Америка ғарыш кемелерінің зерттеуі», «Қы-

зыл ғаламшарды (Марсты) ғарыш кемелерімен зерттеу». «Қызыл ғаламшарды Америка ғарыш кемелерінің зерттеуі». «Асқак ғаламшарды (Юпитерді) Америка ғарыш кемелерінің зерттеуі». «Қоңырқай ғаламшар (Сатурн) әлемін ғарыш кемелерімен зерттеу». «Уран ғаламшарын ғарыш кемелерінің зерттеуі». «Нептун ғаламшарын ғарыш кемелерінің зерттеуі», «Плутон ғаламшарын ғарыш кемелерімен зерттеу» тақырыптардан Ай, Шолпан, Қызыл ғаламшар, Асқак ғаламшар, Қоңырқай ғаламшар, Уран, Нептун, Плутон, ірі ғаламшарлардың серіктері жайлы мол ғылыми мағлұматтар алып, олардың ғаламшараралық автоматты кемелер мен адам мінген кемелердің көмегімен түсіріліп алынған түрлі-түсті бейнелерін көре аламыз.

Астрономия ғылымының бүгіндегі құлашы кең, сансалалы. Оған қоса зерттеу құралдары мен жұлдызды әлем кеңістігіне алып баратын ғарыш кемелерінің ұшу жылдамдықтары мен күш-қуаттары да күн санап артып келеді. Біз енді жұлдыздардан радиодабылдар, бейнедабылдар күтумен, тың тындаумен шектелмейміз. Өзіміз де тірішілікті ғаламшары бар-ау деген жұлдыз жүйелеріне қарай радио дабылдар мен бейнедабылдар жібере, жұлдызаралық кемпелер аттандыра аламыз. Олардың алғашқы қарлығаштары – американың «Пионер», «Вояжер» атанған кемелері Күн жүйемізден сырт шығып та үлгерді. Олардың ішінде өзге дүние әлемінің иелеріне арналған қандай сәлемдерінің бары, ол жақтан Жерімізге келіп жеткен кейбір радиодабылдардың шешпесі энциклопедияның алтыншы «Беймәлім дүние әлемі» бөлімінің «Біз және өзге әлем» тарауының «Ежелгі өркениет ескерткішері», «Жұлдызды әлемнен жеткен радиодабылдар», «Күн жүйесіндегі үмітті аспан денелерін ғарыш кемелерімен зерттеу». «Жұлдызды әлем қиырына қадам», «Беймәлім аспан меймандары» тақырыптарында қызықты берілген. Сонымен бірге осы бөлімдегі көп уақыттан бері

жартылай жұмбақ болып жүрген Ұшатын Беймәлім Денелердің Жеріміздің көп аймақтарына табан тірегендері жөніндегі. Жер шарымыздың көптеген аймақтарындағы әлі күнге жартылай жұмбақ болып келе жатқан ғажайып құрылыстар жөніндегі ғылыми тұжырымды мәліметтер де оқырманға қызықты. Бұлармен қатар энциклопедияның әрбір бөлімдері мен тарауларында айтылатын ғылыми мәтіндерге сай астрономияның тарихы мен жетістіктерінен қысқа-қысқа қызықты жаңалықтар келтірілген.

Энциклопедияның жетінші «Әуесқойлық астрономия» бөлімінің «Жұлдызды әлемді өзіміз бақылаймыз» тарауының «Аспан сферасының координаттары», «Әуесқой астрономдарға арналған дүрбілер мен телескоптар», «Жұлдызды әлемді бақылаудағы ерекшеліктер», «Жұлдызды аспанның айналмалы картасы», «Жер атмосферасындағы күміс түсті бұлттарды бақылау», «Күміс түсті бұлттары суретке және киноға түсіру», «Полярлық шұғыланы бақылау», «Жердің жасанды серіктерін бақылау», «Жердің жасанды серіктерін суретке түсіру», «Астроклиматты бақылау», «Күнді бақылау», «Күнді суретке түсіру», «Шоқжұлдыздарды бақылау», «Аспанның солтүстік жартышарындағы батпайтын шоқжұлдыздар», «Аспанның оңтүстік жартышарындағы батпайтын шоқжұлдыздар», Жыл он екі айда шығып-бататын шоқжұлдыздар», «Наурыз», «Сәуір», «Мамыр», «Маусым», «Шілде», «Тамыз», «Қыркүйек», «Қазан», «Қараша», «Желтоқсан», «Қаңтар», «Ақпан», «Ғаламшарларды бақылау», «Айды бақылап зерттеу», «Ай тұтылуын бақылау», «Айдағы кездейсоқ құбылыстарды бақылау». «Айды суретке түсіру», «Ай мен Үркер тоғысуын бақылау». «Шолпан ғаламшарын бақылау», «Олпан ғаламшарын бақылау», «Қызыл ғаламшарды бақылау», «Асқақ ғаламшарды бақылау», «Асқақ ғаламшардың серіктерін бақылау», «Қоңырқай ғаламшарды бақылау», «Қоңырқай ғаламшардың серіктерін бақылау», «Кіші ғаламшарларды

бақылау». «Құйрықты жұлдыздарды бақылау». «Құйрықты жұлдыздарды суретке түсіру». «Құйрықты жұлдыз іздеу». «Ақпа жұлдыздардың ағынын бақылау». «Ақпа жұлдыздар ағынын суретке түсіру». «Аспан тасының Жерге құлау сәтін бақылау». «Аспан тасының Жерге құлау сәтінің суретін салу». «Жерге түскен аспан тасын іздеу». «Жұлдызды аспанды астрономиялық үйірмелерде бақылау» тақырыптарында мектеп қабырғасында Астрономия оқулығын қызыға оқып, жұлдызды аспанды мектеп сынардүрбісімен біршама бақылап тәжірибе алған, одан кейін өз бетінше бақылау-зерттеумен айналысқысы, астрономия ғылымына өзіндік үлес қосқысы келетін немесе келешекте маман астроном болғысы келетін талапты жастарға жұлдызды аспанды бақылап зерттеу жөнінде ақыл-кеңестер берілген. Бұл бөлімде автор өзінің бақылау-зерттеудегі тәжірибелерімен де бөліседі.

Сегізінші «Астрономия аңыздары» бөлімінің «Аспан қызықтарын оқиық» тарауының «Тұран астрономиясына шолу», «Аспанның солтүстік жартышарындағы шоқжұлдыздар», «Темірқазық», «Айдаһар», «Жетіқарақшы», «Цефей», «Қарақұрт» (Кассиопея), «Аспанның оңтүстік жартышарындағы шоқжұлдыздар», «Жыл он екі айда көрінетін шоқжұлдыздар», «Бикеш», «Қарға», «Таразы», «Жылан бөктерген», «Сарышаян», «Қасқыр», «Мерген», «Аққу», «Лира», «Бүркіт», «Дельфин», «Ешкі мүйіз», «Су құюшы», «Пегас», «Балықтар», «Кит», «Андромеда», «Токты», «Персей», «Торпақ», «Делбеші», «Үшарқар-Таразы», «Қоян», «Егіздер», «Бақташы», «Құс жолы», «Солтүстік Тәжі», «Геркулес», «Шаян», «Гидра», «Үлкен Арыстан», «Тостаған», «Вероника бұрымы», «Күн мен ғаламшарлар туралы аңыздар» тарауының «Күн», «Олпан», «Шолпан», «Ай», «Қызыл ғаламшар», «Асқақ ғаламшар» (Юпитер), Қоңырқай ғаламшар (Сатурн), «Уран ғаламшары», «Нептун ғаламшары», «Плутон ғаламшары», «Кіші ғаламшарлар». «Астрономия ақиқаттары» тарауының

«Астронавттар Айда не көрді?». «Ай – болашақ көзімен» тақырыптарынан оқырман қауым жайлы қазақ халқы мен әлем халқының жұлдызды аспан жайлы тудырған қызықты аңыздарын, сол аңыздардың шындыққа айналған сапарларын оқиды.

Мен шығармашылығы мен ғылыми еңбектерін зерттеп жүрген жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының (Сахивтің) өзінің де жастайынан жұлдызды әлем жайлы әкесі мен анасы айтқан аңыздармен сусындап өскені белгілі. Расында да ол аңыздардан қазақ даласы мен елінің жұлдызды әлемге көшкендей әсер аламыз. Жүйемізге тірішілік сәулесін сеуіп тұрған Күн мен түн қараңғылығын түріп, тірішілік атаулыға қуат сыйлайтын Ай, Күнге ең жақын орналасқан Олпан (Меркурий). Шолпан, ең алып – Асқақ ғаламшар (Юпитер) ғаламшарлары мен Темірқазық, Ақбозат пен Көкбозат жұлдыздары, Айдаһар, Жетіқарақшы шоқжұлдыздары, Сұлусары, Сүмбіле жұлдыздары, Торпақ, ондағы Үркер жұлдыздар шоғыры, Үшарқар-Таразы және басқа да жеке жұлдыздар мен шоқжұлдыздар жайлы айтылатын аңыздар адам арманын асқақтата түседі.

Олпан – аңызда қазақтың қолынан бал тамған тігінші сұлу қызы болса, Шолпан еңбекқор, ақылды емші қыз. Екеуі де өздерінің сұлулықтары мен ақылдылықтарына таласқан жігіттерден туындаған дау-дамайды тоқтатып, халықтың бірлігі мен татулығын сақтау үшін ұлы Жаратушыдан тіленіп таң жұлдыздарына айналған. Үркер жұлдыздар шоғыры қазақтың бір топ ару қыздары. Ол қыздарға жеті көздері қарақ – Жетіқарақшы жігіттер ғашық болып, қазақтың ескі бір салтына сай оларды Үлпілдек есімді ең сұлу қызын ұрлап алып қашып, өздеріне сегізінші жұлдыз етіп қосып алады. Үшарқар-Таразы шоқжұлдызы аншылық өмірмен байланысты аңыздалады. Бұл шоқжұлдыздан ата-бабаларымыз мергеннің мылтықтан оқ атып тұрған және оның алдында қатарласа зы-

мырай кашып бара жатқан үш арқарды көзге елестеткен. Қазақтың жұлдызды аспан жайлы қай аңызын оқысақ та, онан қазақты қасиетті даласындағы жусан иісі аңқып тұрғандай болады.

Жүніс Сақұрпағы (Сахиев) жинастырған жұлдызды әлем жайлы қазақ аңыздары мен қазақ тіліне аударған әлем халықтарының аңыздары кезінде «Егемен Қазақстан» газетінде («Аспан аңыздары», «Егемен Қазақстан», 2004 жыл, Қазан айының 27-ші күні), «Зерде» ғылыми-көпшілік журналы мен «Ұлан» газетінің бірнеше жылғы нөмірлерінде жарияланған болатын.

Энциклопедияның тоғызыншы «Астрономия анықтамалығы» бөлімінің «Астрономия ғылымының тарихи кезеңдері», «Қазақ әліпбиі», «Астрономиядағы қазақы атаулар», «Орыс әліпбиі», «Шоқжұлдыздардың орысшаланған атаулары», «Латын әліпбиі», «Шоқжұлдыздарды латынша атаулары», «Араб әліпбиі», «Шоқжұлдыздардың арабша атаулары», «Грек әліпбиі», «Астрономия белгілері», «Өлшем бірліктерінің қысқартулары мен белгілері», «Әр түрлі электрмагниттік толқындар», «Ұзындық бірліктері», «Түстердің толқын ұзындықтары», «Астрономия ғылымының салалары» тарауының «Авиациялық астрономия», «Астробиология», «Астродинамика», «Астрофизика», «Жұлдыздық астрономия», «Галактикадан тыс астрономия», «Радиоастрономия», «Сфералық астрономия», «Тәжірибелік астрономия», «Қазақстандағы астрономиялық мекемелер» тарауының «Қазақстан Республикасының ұлттық ғарыш агенттігі», «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы», «Байқоңыр ғарыш айлағы», «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы», «Астрономиялық терминдер мен ұғымдар», «Астрономдар және астрономияға үлес қосқандар» тақырыптарында осы ғылымның маман астрономдары мен оған үлес қосқан өзге дарын иелері есімдерінің тізімі. астрономия ғылымының

дамуы тарихындағы елеулі кезеңдер мен астрономия түсіндірмелері. қазақ, орыс, араб, грек, латын алфавиттері. қазақстандағы астрономия мекемелері жөнінде нақты мәліметтер берілген. Осының бәрі де Астрономия энциклопедиясының қазақ астрономиясы ғылымына қосылған ірі де елеулі еңбек екенін айғақтаайды. Ендеше. Астрономия энциклопедиясының оқырман қауымға берер білімі өте мол.

Энциклопедия жарық көрген 2014 жылғы Қараша айының 18-ші күнінде Астанадағы Жаңа Оқушылар Сарайының Планетарийінде қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртының тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Токтар Оңғарбайұлы Әубәкіровтың қатысуымен «Астрономия» энциклопедиясының тұсаукесері болып өтті бері. «Қазақстанда тұңғыш рет казак тілінде үлкен «Астрономия» энциклопедиясы жарыққа шықты. Авторы Жүніс Сақұрпағы (Сахиев) болған соң қарап шықтым. Ішіндегі материалдары сондай күрделі, сондай тамаша...» деп ағынан жарыла жоғары баға бағалады тұңғыш ғарышкер. Бұл сөздері «Астана» радиосынан, телеарналардан берілді. Энциклопедия жөнінде «Казахстанская правда», «Алматы ақшамы», «Оңтүстік Қазақстан», «Вечерний Астана», «Вечерний Алматы» және басқа да мерзімді басылымдарда көлемді-көлемді он пікірлі материалдар жарияланды.

ҒЫЛЫМИ ОЙЛАРДЫҢ РӨЛІ

Ғылыми жанр – адамзаттың табиғат сырларына тереңірек үңілуінен туындап, басты идеясында іргелі ізденіс, ойлар мен толғаныстар, ғылыми негізі бар, бірақ әлі іске аспаған жаңалықтармен ұштасып жатады.

Жүніс Сақұрпағының ғылыми ойлау қадамын өзі туылып өскен Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Бәйдібек ауданының Алмалы ауылындағы оқыған ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы қазақ орта мектебіне 1960 жылы ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов келіп кеткеннен кейін бастау алғаны оның шығармашылық өмірбаянынан жақсы белгілі. Алғашқы тырнақалды туындылары аудандық «Алғабас» газетінде оныншы сыныпта оқып жүрген кезінде жариялана бастаған. 1971 жылы ол қазақ ғылыми жанрында алғаш болып авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының алғашқысы – «Тірішілік ұясы» ғылыми-болашақтық романын жазды.

Жазушы-болашақгер республикалық басылымда алғаш рет 1974 жылы «Қазақстан пионері» газеті беттерінде жарияланған «Атлантида жаңғырығы» ғылыми-болашақтық повесть-бурименің өзі «Тұңғыықта» деп атаған үшінші бөлімін жазып жариялауымен көрінді. Бір бөлімін бір, екінші бөлімін екінші жазушы бір біріне ешбір қатысыз жағдайда жазатын бұл ғылыми шығарманы редакция алқасы талқылап, сыннан өткенін ғана жариялайтын. Жүніс Сақұрпағының жанрды игерудегі ерекше таланты сол кезде қазақ әдебиеті әлеміне бірді-екілі кітаптапымен танылып қалған Талап Сұлтанбеков, Шоқан Әлімбаев, Төлеш Сүлейменов, Абдул-Хамид Мархабаев есімді жазушы-болашақгерлерді елең еткізді.

Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының жариялануы Шығыс Қазақстан облысының облыстық

«Семей таңы» газетінің 1976 жылғы Желтоқсан айындағы екі нөмірінде жарияланған сериясының «Жаңбыр жауғанда» ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасының басылуымен бастау алды. «Білім және еңбек» ғылыми-көпшілік журналының 1977 жылғы 1-ші нөмірінде жарияланған «Уақыт қайтарымы» ғылыми-болашақтық романының «Әке өсиеті» делінген журналдық нұсқасы журналдың лауреаттық атағын жеңіп алды. («Білім және еңбек», 1977 жыл, 12 нөмірі. мұқабасының 3-ші ішкі беті. суретімен).

Сол 1977 жылдың аяғында жарыққа шыққан «Жібек жел» авторлар топтамасындағы шығармаларға жазған «Таланттың мініп тұлпарын...» алғы сөзінде қазақ халқы ғана емес, түркі жұртына да жақсы белгілі ірі әдебиет зерттеуші ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Рахманқұл Бердібаев оған енген «Жаңбыр жауғанда» ғылыми-болашақтық романына: «Жүніс Сақұрпағының «Жаңбыр жауғанда» ғылыми-болашақтық романында табиғаттың, жер мен судың, ауаның жүйесін бұзып, нысапсыздық, құныққандық бәсекесіне түсушіліктің қандайлық апатқа ұшырату мүмкіндігі ескертілген» деп жоғары бағасын берген («Жібек жел», авторлар топтамасы, «Жалын» баспасы, 1977 жыл).

1983 жылы Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының тұңғышы – «Тірішілік ұясы» ғылыми-болашақтық романы «Жалын» баспасынан жарық көріп, әдебиетшілер тарапынан жылы лебіздерге ие болды. Қазақстан Жазушылар одағының 1984 жылы болып өткен жылдық әдеби қорытындысында белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Файзолла Оразаев өзінің баяндамасында ғылыми-болашақтық шығармалардың ғылыми негізді идеяларына кеңінен тоқталып, оқырманды болашақтың жарқын өміріне жетелейтін құнды кітап екенін атап өтті.

Жүніс Сақұрпағының шығармашылығына деген ықылас әдебиет сыншылары тарапынан көбейе түсті. 1984 жылы белгілі әдебиет сыншысы Әлия Бөпежанова Жүніс Сақұрпағы және бірнеше жазушы-болашақгерлермен сұхбат жүргізді. Ол «Ғылыми жанр тынысы» деген тақырыппен «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Ол сұхбатта жазушы-болашақгер жанр ерекшелігі, оған дайындықсыз, ғылымның сала-саласынан хабарсыз келуге болмайтынын, жалпы әдебиеттегі шығармаларға қарағанда жанрдың ғылыми негізді талаптарының болатынын айтып өткен.

Жазушы-болашақгер сериясының екіншісі – «Борыш» ғылыми-болашақтық романының «Жалын» баспасы пікір жазуға берген қолжазбасын мұқият оқып шыққан ұлы ғалым, фарабитанушы, академик Ақжан Жақсыбекұлы Машани шығарманың мазмұны мен ғылыми идеясына терең мән беріп, оған «Қайырлы қадам» алғы сөзін жазды. Сөзінің соңын ғалым: «Жүністі қазақ халқының адамдық қасиеті мен озық ойын халықаралық аренада танытатын жазушы-болашақгер деп білемін» деген ақ тілегімен аяқтаған болатын.

Жүніс Сақұрпағының 1989 жылдың Қаңтар айында Алматыдағы теміржолшылардың балаларына арналған мектеп басшылығының шақыруы бойынша оқушыларымен кездесуі мен қазақ ғылыми жанры және жас жеткіншектерді осы жанрға баулу жөнінде айтқан тағылымды сөздері «Теміржолшы» газетінде «Есте қалар кеш болды» тақырыбымен көлемді мақала болып жарияланды (Ғ.Молдамұратов. «Есте қалар кеш болды», «Теміржолшы», 1989 жылғы Қаңтар айының 18-ші күніндегі нөмірі). Желтоқсан айында КСРО Жазушылар одағының шақыру хатымен Латыш Республикасының Дубулты қаласындағы Латыш Жазушылар одағының Демалыс үйінде өткен жазушы-болашақгерлердің бүкілодақтық семинарына қатысты. Сол семинарда оған

қатысушылар автордың «Тірішілік ұясы» мен «Соқтығысу» ғылыми-болашақтық романдарының орыс тіліне аударылған журналдық нұсқаларын оқып шығып. семинарға қатысушылар мен оның жетекшісі белгілі орыс жазушысы Сергей Снегов Жүніс Сақұрпағына КСРО Жазушылар одағына мүшелікке өтуге Кепілдеме жазды. Кепілдеме соңында ол: «Ғылыми-болашақтық кітаптары мен екі шығармасы Жүніс Сақұрпағының толыққанды маман жазушы болып қалыптасқанын көрсетеді» деген келелі бағасын берді (Сергей Снеговтың орыс тілінде өз қолтаңбасымен жазған Кепілдемесі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық мұрағаты, Жүніс Сақұрпағының жеке қоры). Бұл қазақ әдебиетінің ғылыми жанрында Жүніс Сақұрпағына бүкілодақтық семинар тарапынан берілген тұңғыш Кепілдеме, үлкен жетістік болды.

1990 жылғы Шілде айының 22-ші күнінде кітапханашы Тұрархан Әлиасқарова республикалық «Ұлан» газетінде жарияланған «Армандауға әркімнің еркі бар» мақаласында жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының Алматыдағы Жасөспірімдер кітапханасында оқырмандармен кездесуінде қазақ ғылыми жанрының бүгіні мен келешегі жөнінде қозғаған мәселелерін, осы жанрда жазамын деген талапкерлерге берген ақыл-кеңестері мен бағыт-бағдарын ашып жазған (Тұрархан Әлиасқарова. «Армандауға әркімнің еркі бар», «Ұлан», 1990 жыл, Шілде айының 22-ші күні). 1991 жылғы Мамыр айының 21-ші күнінде «Кітап жаршысы» газетінің бетінде «Жалынның» жаңалықтары» тақырыбымен Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының үшіншісі – «Шеңбердің түйісуі» ғылыми-болашақтық романының жарық көруі мен оның негізгі мазмұны мен ғылыми идеясы таратыла жазылған мақала жарияланды. Бұл «Шеңбердің түйісуі» ғылыми-болашақтық романында автордың адам тәнін өз-

герту арқылы ғылым мен қоғамға аса қатерлі зиян келтіруге болмайтыны айтылған.

Сол 1991 жылғы Тамыз айының 20-шы күнінде «Ұлан» газетінде «Болашақ жайлы жаңа кітап» тақырыбымен жарияланған мақалада да «Шеңбердің түйісуі» ғылыми-болашақтық романының ғылыми мән-мазмұны егжей-тегжейлі жазылған (Алма Үмбеттегі. «Болашақ жайлы жаңа кітап», «Ұлан» газеті. 1991 жылғы Тамыз айының 20-шы күніндегі нөмірі). Қыркүйек айының 7-ші күнінде жарияланған «Ұшқан ұяға оралу» тақырыбындағы мақалада Жүніс Сақұрпағының туылып өскен ауылындағы өзі оқыған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы қазақ орта мектебінде болып, ұстаздарымен кездескені, мектеп оқушыларына ғылыми жанр мен өзінің шығармашылық жолы жөнінде кеңінен әңгімелеп бергені жазылған («Ұлан» газеті, 1991 жылғы Қыркүйек айының 7-ші күні).

Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының үшіншісі – «Шеңбердің түйісуі» ғылыми-болашақтық романының терең ғылыми мазмұндылығы үшін 1994 жылғы Қараша айының 30-шы күнінде Үнді жазушыларының Қазақстандағы күндері өтіп жатқанда Қазақстан Жазушылар одағының үлкен залында Қазақстан Жазушылар одағы мен «Жандос» қоғамының Жандос әдеби сыйлығы дипломының одақ басқармасының бірінші хатшысының табыс еткені белгілі. Жазушы-болашақгердің осы жетістігі жөнінде «Халық кеңесі» газетінің сол жылғы Желтоқсан айының 10-шы күніндегі нөмірінде Д. Юсупованың «Жандос» сыйлығының лауреаттары». «Вечерний Алматы» газетінің Желтоқсан айының 21-ші күнінде К. Наурызбаевтың «Үмітіміз бен тірегіміз» («Надежда и опора») тақырыптарындағы мақалалары жарияланды. Ол еңбектерде Жүніс Сақұрпағына бұл әдеби сыйлық дипломының авторлық

«Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының жалпы ғылыми идеялары мен лауреаттық диплом берілген «Шенбердің түйісуі» ғылыми-болашақтық романының ерекшеліктері жөнінде кеңінен баяндалған.

1995 жылы Шығыс Еуразиядағы Чех Республикасынан келген әлемдік ғылыми жанрдың сыншысы, зерттеушісі Ярослав Олша Қазақстан Жазушылар одағы арқылы Жүніс Сақұрпағымен кездесіп, қазақ ғылыми жанры төңірегінде әңгіме өрбітті. Бұл елеулі әдеби оқиға жөнінде жазбагерлер О. Қауғабайұлы «Сирек жанр туралы» («О редком жанре») («Вечерний Алматы», 1995 жыл, Қараша айының 27-ші күні), Т. Боранғалиұлы «Ярослав Жүністі іздеп келді» («Егемен Қазақстан», 1995 жыл, Желтоқсан айының 9-шы күні), «Немезиданың қазақ қаламгерлеріне назары» («Егемен Қазақстан», 1996 жыл, Мамыр айының 8-ші күні) еңбектерін жариялады. Онда ғылыми жанр сыншысы әрі зерттеушісі Ярослав Олшаның Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдары және жалпы қазақ ғылыми жанры жөнінде айтқан лебіздері келтірілген.

Осы жылғы Желтоқсан айының 2-ші күнінде еліміздің орыс тіліндегі бас газеті «Казахстанская правда» газетінде жарияланған Жүніс Сақұрпағының шығармашылығы жөніндегі Александр Володев «Арманның алапат күші» («Волшебная сила мечты») мақаласында: «Қазақстанда ғылыми жанрда Жүніс Сақұрпағы сөз жоқ, өзі алғаш бастап жазған авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарымен ерекше көзге түседі, ол шығармалары қазақтың кең-жазира даласы мен Ғарыштың қиыр кеңістігіне деген шексіз махаббатымен астасып жатады. Сол кеңістіктегі адам баласына әлі беймәлім дүниелердегі адами қарым-қатынастар мен келеңсіз көріністерді ғылыми идеялық тұрғыдан суреттейді» деп жазды. Чехияның сыншысы, әлемдік ғылыми жандың

білгірі Ярослав Олша: «Жүніс Сақұрпағы авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарымен адам баласын болашаққа құштар ететін ерекше талант иесі» деп атады. Бұл профессор Ақжан Жақсыбекулы Машанидің: «Жүністі қазақ халқының рухани қасиеті мен озық ойын халықаралық аренада танытатын жазушы-болашақгер деп білемін» деген сенімін ақтағанының нақты дәлелі» деп жазды. («Қазақстанская правда», 2000 жыл, Желтоқсан айының 2-ші күні)

Чех Республикасының астанасы Прагада шығатын «Nemesis» ғылыми-көпшілік журналының 1996 жылғы 2-ші нөмірінде Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының алтыншысы – «Қимайтын әлем» ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасының Чех тіліне аударылып жарияланғаны белгілі. Осы жөнінде Қазақстың Жазушылар одағының ғылыми жанр кеңесінің төрағасы, педагогика ғылымының докторы, профессор Шәмшиден Әбдіраман Қазақстан Жазушылар одағының әдбеби жылдық қорытындысында ерекше атап өтті. Ол «Қазақ әдебиеті» газеті «Ғылыми жанр-96» тақырыбен жарияланды («Қазақ әдебиеті», 1998 жыл, Сәуір айының 24-ші күні).

Жүніс Сақұрпағының 1999 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген сериясының төртіншісі – «Көктен келген көшпенділер» ғылыми-болашақтық романын Қазақстан Жазушылар одағының әдеби жылдық қорытындысында баяндама жасаған Ғылыми жанр кеңесінің төрағасы Шәмшиден Әбдіраман ғылыми-болашақтық романда дана ата-бабаларымыздың ұлы табиғатты қорғау мен аялаудағы дана тәсілдері – көшпенділік өмірінің мән-мағынасының ашылғанын ерекше атап өтті. Баяндама «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды («Қазақ әдебиеті», 2000 жыл, Сәуір айының 28-ші күні).

Жүніс Сақұрпағының бұл ғылыми-болашақтық романы мен жалпы авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы

ғылыми-болашақтық романдары жөнінде белгілі жазушы Машһар Ғұмар «Ұлан» газетінде «Жұлдыздардан сыр тартқан» мақаласын жариялады. Мақаласында автор Жүніс Сақұрпағының шығармашылық жетістіктерін: «Жүністің ұлттық салт-дәстүрлер мен ғылыми идеяларға толы авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының әрқайсысы ол жұлдыздарға қарай көтеріліп бара жатқан бір-бір баспалдағы іспетті» деп жоғары баға берді («Ұлан» газеті, 2000 жыл. Сәуір айының 11-ші күні. «Алғабас» газеті, 2000 жыл. Шілде айының 7-ші күні, «Жетісу» газеті, 2000 жыл. Қазан айының 28-ші күні).

Осы 2000 жылы Жүніс Сақұрпағының шығармашылығы жөнінде «Оңтүстік Қазақстан» газетінің сол кездегі бас редакторының орынбасары, әдебиеттанушы Қайырғали Медет «Жер – кеңістіктегі жеке-дара бір үй ғана» деген тақырыпен көлемді сұхбат жүргізді. Сұхбатты қорытындылай келген әдебиетші: «Республикалық басылымдардың бәрінде де Жүніс Сақұрпағының Қазақстанда авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазуды алғаш бастағаны жөнінде жазылған. Бұл қазақ ғылыми жанры үшін үлкен бетбұрыс» деп қорытындылады («Оңтүстік Қазақстан». 2000 жылғы Маусым айының 8-ші күні).

2001 жылы Алматыдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының «Қазақстан тану» залында қазақ ғылыми жанрында тұңғыш рет Жүніс Сақұрпағының өмірі мен авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарына арналған кітап көрмесі болып өтті. Бұл көрме мен жазушы-болашақгердің шығармашылық жетістіктері жөнінде Т. Злотникова «Алыс жұлдыздардың жарығы» («Свет далеких звезд»). («Огни Алатау» газетғы, 2001 жылғы Маусым айының 9-шы күні), В. Моисеева «Ғылыми жанр. шындық көкжиегі» («Научный жанр. как реальность») («Вечерний Алматы» газеті, 2001

жылғы Маусым айының 20-шы күні), К. Асанова «Тұңғыш көрме» («Шымкент келбеті» газеті, 2001 жылғы Қыркүйек айының 7-ші күні). «Болашақ жайлы көрме» («Выставка о будущем»), («Панорама Шымкента», 2001 жылғы Қыркүйек айының 14-ші күні) тақырыптарындағы көлемді еңбектерін жазып жариялады.

2002 жылы Жүніс Сақұрпағының Алматыдағы «Білім» баспасынан жарық көрген авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының бесіншісі – «Марстан шыққан жаңғырық» ғылыми-болашақтық романы Қазақстан Жазушылар одағының әдеби жылдық қортындысында аталып өтті. Баяндамашы, Қазақстан Жазушылар одағы Ғылыми жанр кеңесінің төрағасы, педагогика ғылымның докторы, профессор Шәмшиден Әбдіраман ол жөнінде келелі пікірлерін айтты. Осы автордың «Көш бастаған көшпенділер» көлемді мақаласы Шымкент қаласында шығатын «Шымкент келбеті» газетінде жарық көрді («Шымкент келбеті», 2002 жылғы Мамыр айының 24-ші күні), 2003 жылы Жүніс Сақұрпағының Шығыс Еуропа асып, Чех Республикасының астанасы Прага қаласында шығатын «Nemesis» ғылыми-танымдық журналында чех тіліне аударылып жарық көрген авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының алтыншысы – «Қимайтын әлем» ғылыми-болашақтық романының кітап болып шыққаны белгілі. Бұл кітабы да Қазақстан Жазушылар одағының әдеби жылдық қорытындысында аталып өтіп, баяндама «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. 2004 жылы Жүніс Сақұрпағының ғылыми идеясын Австралия ғалымдары тәжірибе жүзінде жүзеге асырған авторлық сериясының жетіншісі – «Шолпанға көшкен ауыл» ғылыми-болашақтық романы оқырманын қуантты.

2008 жылы еліміздегі таралымы мол «Айқын» газетінде Батырболат Айтболатұлының Жүніс Сақұрпағымен «Сериялы ғылыми-болашақтық романдарымдағы бірер

ғылыми идеямы Австралияның ғалымдары жүзеге асырып та үлгерді» деген тақырыптағы көлемді сұхбаты жарияланды. Бұл еңбекте жазушы-болашақгердің авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының жетіншісі – «Шолпанға көшкен ауыл» ғылыми-болашақтық романында ғаламат жарық сәулесін жұтқыш құрылғы арқылы қазақтың Абзал есімді жігітінің өзінің сүйген қызы Шолпанға қол жеткізу үшін оның ауылын тұтастай Жерден Шолпан ғылымшарына көшіргеніне, бұл ғылыми идеяны Австралия университеті ғалымдарының лазер сәулесімен қандай да бір затты секундтің бір бөлшегінде ыдыратып жіберіп, сол заматта екінші жерге көшіргеніне, автордың кітабында айтылған ғылыми идеяның шындыққа айналғанына басты назар аударылған («Айқын», 2008.03.08).

Жазушы-болашақгердің осы кітабы жөнінде белгілі ғалым Шәмшиден Әбдіраман Қазақстан Жазушылар одағының әдеби жылдық қорытындысында жасаған «Ғылыми жанр мәртебесінің өзегі – ұлттық құндылықты таныту» баяндамасында: «Әділін айтсақ, Жүніс Сақұрпағы жыл сайын романдар жазып, жанрды қалыптастырған француздың ұлы жазушысы Жюль Верніміз болып тұр. Жүніс Сақұрпағының «Шолпанға көшкен ауыл» ғылыми-болашақтық романы да ғылымның алдына шыққан болжамшысы болып табылады. 2002 жылғы 18 Маусымда «Қазақстан» мен сол кездегі «ОРТ» телеарналарынан Австралия ұлттық университеті ғалымдарының жетекшісі Пин Койлер лазер сәулесін қандай да бір затқа, тіпті, тірі жанға да бағыттап, оны секундтың бір бөлшегіндей уақытта ыдырата сорып алып, екінші жерге көшіріп, қайта қалпына келтіруге болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Ал Жүніс бұл «Шолпанға көшкен ауыл» ғылыми-болашақтық романындағы идеясын 1974 жылы жазған болатын. Мұны қазақ ғылыми жанрының ғылым болашағын болжаудағы әлемдік дәрежедегі жетістігі деп

білуіміз керек» деп бағалады («Әдебиет айдыны» газеті. 2005 жылғы Мамыр айының 12-ші күні).

Жазушы-болашақгер сериясының алпыс екіншісі - «Жанбыр жауғанда» ғылыми-болашақтық романында жазылған ауа райын зымыранмен өзгерту жөніндегі ғылыми идеясының да бүгінде жүзеге асқаны – әуе кемесінен экологиялық таза иодты күміс, құрғақ мұз бен майда десертті цементке негізделген реогенттерді шашу арқылы ірі мерекелерді өткізу сәттерінде аспандағы түнерген бұлттарды уақытша ыдыратып, ашық күн жасау ісінің жүзеге асып, ауа райын да бағындыра бастағанымыз баршамызға жақсы белгілі. Жазушы-болашақгердің 2006, 2008, 2009, 2011, 2013 жылдары жарық көрген «Космотарих куәсі», «Су әлемінің саздары», «Жасампаздық кивырында», «Ғарыштан келген гүл», «Күзетші» және әлі жарық көрмеген ғылыми-болашақтық романдарында болашақта жүзеге асатын ғылыми идеялары көп. Бұл қазақ ғылыми жанрының шаңырағын биіктете түсті.

2015 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті РМК «Ғылым ордасы» ғылыми кітапханасы баспасынан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде: «Жүніс Сақұрпағы, Жунис Сахиев, Zhunis Sakurpau» биобиблиографиялық көрсеткіші үшінші басылымымен жарық көрді. Оған үлкен ғалым, техника ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымының докторы Шәмшиден Әбдіраман «Қазақстанда авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазуды алғаш бастаған жазушы-болашақгер, Қазақстан Жазушылар одағының әдеби, Халықаралық Байқоңыр сыйлықтарының лауреаты, бұрынғы КСРО Ғылым академиясы Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі Жүніс Сақұрпағының шығарма-шылық және ғылыми еңбектерінің қысқаша очеркін» жазды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жанрлық табиғаты жағынан тек өткен шақта баяндалатын қазақ ауыз әдебиетіндегі аңыздар мен ертегілерден мүлдем бөлек. ғылымның болашағына болжау жасайтын ғылыми жанрада Жүніс Сақұрпағы өзі алғаш бастап жазған авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарымен топ жарды.

Жүніс Сақұрпағының қай ғылыми-болашақтық романының кейіпкерлері де қазақтың ұл-қыздары, ғарышкерлері, ғалымдары. Тек авторлық сериясының біріншісі – «Тірішілік ұясы» ғылыми-болашақтық романының кейіпкерлерінің ғана бірнеше ұлттың өкілдері болып келетіні айтылды. Онда да кемедегі ғарышкерлер тобының басшысы Әсет есімді қазақ жігіті. Бұл автордың Кеңес Одағының қылышынан қан тамып тұрған кезінде де ұлттық рухын бәсеңдетпегенін көрсетеді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары көптеген шетел тілдеріндегі терминдер қазақшаланды. Космос – Ғарыш. Космонавт – Ғарышкер, Класс – Сынып, Процент – Пайыз, Самолет – Әуе кемесі, Планета – Ғаламшар және басқа да көптеген терминдер қазақшаланып, санамызға сінді.

2011 жылы «Болашақ» қауымдастының ұйымдастыруымен Астанадағы «Назараев университетінде» еліміздің тәуелсіздігіне 20 жыл, ғарышқа адам баласының тұңғыш ұшқанына 50 жыл олуына орай қазақ ғылыми жанрында тұңғыш рет өткен «Жазушы-болашақгерлердің Халықаралық 1-ші Конгресінде» өткен ғасырымыздың басында француздың ұлы жазушысы Jules Verne (орысша Жюль Верннің) ғылыми-саяхаттық, ғылыми-географиялық деп жазған романдарын орыс тіліне аударған кезде грек тілінен алынған «фантазия» сөзіне сай «ғылыми-фантастикалық» делініп кеткені, соның салдарынан қазақтың болашақ жайлы жазатын кейбір жазушы-

лардың ұлы жазушы Мұхтар Әуезов, Мәлік Ғабдуллин. Сейт Қасқабасов сынды зерттеушілерінің барына қарамастан қазақ ауыз әдебиетіндегі тек өткен шақта айтылатын аңыздары мен ертегілерін «фантастикаға» теліп жібергені, Саттар Ерубасов, Мұхтар Әуезов, Олжас Сүлейменов сынды реалист ақын-жазушылардың «фантастар» қатарына қосылып кеткені, ағылшын тілінде «фантастика» ұғымның жоқ екені, ағылшын тіліндегі Science fiction деген тіркестің қазақша баламасының «ғылыми болашақтық» деген мағынаны беретіндігі, сол себепті де ғылыми жанрдың граифін осы тұрғыдан қазақшалау қажет екендігі сөз болған.

Осы ұсынысқа орай Жүніс Сақұрпағы «жазушы-фантаст» терминін «жазушы-болашақгер», «ғылыми фантастика» терминін «ғылыми жанр», «ғылыми-фантастикалық» делінген грифті «ғылыми-болашақтық» деп өзгертті. 2011 жылы Астанадағы «Елорда» баспасынан жарық көрген сериясының он екіншісі «Күзетші» «ғылыми-болашақтық роман» деген грифпен жарық көрді. Ал еліміздің тәуелсіздік алғанына ширек ғасыр – 25 жыл толуы қарсаңында, 2015 жылы 1950 жылы жазылған туылғаны туралы куәлігінде «Сахов», төлқұжатында «Сахиев» болып орысшаланып кеткен тегін Сақұрпағы деп қазақшалап, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитеті, «Ғылым ордасы» РМК ғылыми кітапханасы баспасынан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде: «Жүніс Сақұрпағы, Жунис Сахиев, Zhunis Sakurpau» биобиблиографиялық көрсеткішін шығарды.

Осы жаңалыққа байланысты Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Бәйдібек ауданының орталығы Шаянда шығатын аудандық «Алғабас» газетінде «Жазушы жерлесіміз Жүніс Сахиев тегін қазақшалады» деген тақырыппен газеттің тілшісі Дана Құдайбергенқызының Жүніс Сақұрпағымен сұхбаты. «Шаян» газетінде оның бас ре-

дакторы Абзал Әлішерұлының Жүніс Сақұрпағы қазақы аты-жөнімен жазған «Жазушымен жүздесу». еліміздің тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы аталғалы отырған биылғы жылдың Наурыз айында Шымкен қаласында шығатын облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде Жүніс Сақұрпағы аты-жөнімен «Электронды кітапхана оқырманға тиімді» мақаласы жарық көрді. Астандағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының, Алматыдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитеті, «Ғылым ордасы» РМК ғылыми кітапханасының оқырманға арналған билеттеріне аты-жөнін Жүніс Сақұрпағы деп қазақша жаздырты.

Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағына дейін ақын-жазушылар әкелерінің есімдеріне мүлдем қатыссыз болса да Әкім Әшімов тегін Әкім Тарази, Иранбек Оразбаев тегін Иран-Ғайып деп өзгерткен болатын. Ал Жүніс Сахиев – Жүніс Сақұрпағы деп өз әкесінің қазақша атына көшіп отыр.

Қорыта келгенде, «Қазақтың Жюль Верні» атанған талантты жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағы бүгінгі күнге дейін өзінің авторлық «Кеністік көшпенділері» сериясының 90 ғылыми-болашақтық романын жазып бітірді, 12-сі кітап болып жарық көрді, қазақ ғылыми жанрын халықаралық аренаға шығарды. Мұнымен қатар автордың астрономия және жалпы ғылым салалары жөнінде жазған бес жүзге жуық ғылыми, ғылымтанымдық еңбектері, аудармалары жарық көрді. Астрономия ғылымы саласында оның Астанадағы беделді «Фолиант» баспасынан «Үлкен энциклопедия» сериясымен жарық көрген «Астрономия» энциклопедиясы қазақ астрономиясы шаңырағын биікке көтерді.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ
Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының авторлық
«Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық
романдары, ғылыми кітаптары мен өзге тілден
қазақшалаған ғылыми кітаптары

1983

Жүніс Сақұрпағы. Тіршілік ұясы. Алматы: Жалын, 1983. – 104 бет. [Серияның 1- ғылыми- болашақтық романы].

1987

Жүніс Сақұрпағы. Борыш. Алматы: Жалын, 1987. – 104 бет. [Серияның екінші ғылыми- болашақтық романы].

1991

Жүніс Сақұрпағы. Шеңбердің түйісуі. Алматы: Жалын, 1991. –208 бет. Серияның III-ғылыми болашақтық романы.

1994

Астрофизика. /Дагаев М.М., Чаругин В.М. - 7-11 сыныптарға арналып жазылған қосымша оқулық. 2-бас. / Орыс тілінен ауд. Жүніс Сақұрпағы.– Алматы: Рауан, 1994.

1996

Астрофизика. / Дагаев М.М., Чаругин В.М. -7-11 сыныптарға арналып жазылған қосымша оқулық. 3-бас. / Орыс тілінен ауд. Жүніс Сақұрпағы.– Алматы: Рауан, 1996.

1998

Астрономия. /Левитан Е.П. - 11 сыныпқа арналып жазылған оқулық / Орыс тілінен ауд. Жүніс Сақұрпағы.– Алматы: Рауан, 1998.

1999

Жүніс Сақұрпағы. Көктен келген көшпенілер. Алматы: Жазушы, 1999. – 272 бет. [Серияның төртінші ғылыми- болашақтық романы].

2001

Астрономия. Левитан Е.П. - 11 сыныпқа арналып жазылған оқулық. Қайта басылымы / Орыс тілінен ауд. Жүніс Сақұрпағы. – Алматы: Рауан, 2001.

Астрономия. /Дагаев М.М., Чаругин В.М. - 7-11 сыныптарға арналып жазылған қосымша оқулық. Қайта басылымы / Орыс тілінен ауд. Жүніс Сақұрпағы. – Алматы: Рауан. 1999.

2002

Жүніс Сақұрпағы. Марстан шыққан жаңғырық. Алматы: Білім, 2002. – 244 бет. [Серияның бесінші ғылыми- болашақтық романы].

2003

Жүніс Сақұрпағы. Қимайтын әлем: Алматы: Ғылым, 2003. – 198 бет. [Серияның 6-ғылыми-болашақтық романы].

2004

Жүніс Сақұрпағы. Шолпанға көшкен ауыл: Астана: “Елорда” баспасы, 2004. – 256 бет. [Серияның жетінші ғылыми- болашақтық романы].

2006

Жүніс Сақұрпағы. Космотарих куәсі. Астана: “Елорда” баспасы, 2006. – 267 бет. [Серияның сегізінші ғылыми- болашақтық романы].

2008

Жүніс Сақұрпағы. Су әлемінің саздары Астана. “Фолиант” баспасы: 2008. – 328 бет. [Серияның тоғызыншы ғылыми- болашақтық романы].

2009

Жүніс Сақұрпағы. Жасампаздық қиырында. Алматы: Білім, 2009. – 208 бет. [Серияның 10- ғылыми-болашақтық романы].

2011

Жүніс Сақұрпағы. Ғарыштан келген гүл. Астана: Елорда, 2011. – 312 б. Серияның он бірінші ғылыми-болашақтық романы.

2013

Жүніс Сақұрпағы. Күзетші. –Астана :Елорда,2013. – 360 б. Серияның он екінші ғылыми-болашақтық романы.

ЖАЗУШЫ-БОЛАШАҚҒЕР ЖҮНІС САҚҰРПАҒЫНЫҢ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫ МЕН ҒЫЛЫМИ, ҒЫЛЫМИ- ТАНЫМДЫҚ МАҚАЛАЛАРЫ

1. Жүніс Сақұрпағы. Астрофизика. Сөзжұмбақ. «Тапқыр болсаң, тауып көр!» айдарында // Білім және еңбек. – 1968. – № 4. – 32 б.

2. Жүніс Сақұрпағы. Адам бойындағы асыл қасиеттер. Ол қандай? // Білім және еңбек. – 1970. – № 8. – 31 б.

3. Жүніс Сақұрпағы. Армысың, Жеті отау! // Алғабас. – 1974, 6 Тамыз.

4. Жүніс Сақұрпағы. Тұңғықта. «Атлантида жаңғырығы» ұжымдық ғылыми-болашақтық повесть – бурименің үшінші бөлімі // Қазақстан пионері. – 1974. – 13 Маусым.

5. Жүніс Сақұрпағы. Жаңбыр жауғанда. Сериясының алпыс бірінші ғылыми-болашақтық романының алғашқы журналдық нұсқасы // Семей таңы. – 1976. – 11, 12 Желтоқсан.

6. Редакция. Любители астрономии наблюдают Лунное затмение// Земля и Вселенная. (Всесоюзный научно-популярный журнал) – 1976 – ном. 3.

7. Жүніс Сақұрпағы. Әке өсиеті. Сериясының жетпіс алтыншы «Уақыт қайтарымы» ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Білім және еңбек. – 1977. – № 1. – 18-19 б.

8. Жүніс Сақұрпағы. Жаңбыр жауғанда. Сериясының алпыс бірінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Жібек жел. – Алматы, 1977. – 227-239 б.

9. Жүніс Сақұрпағы. Арайлықтар таққан айып. Сериясының жетпісінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Жалын. Альманах. – 1978. – № 4. – 28-32 б.

10. Жүніс Сақұрпағы. Шолпан таңы атқанша. Сериясының жетпіс сегізінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Білім және еңбек. – 1978. – № 1. – 24-28 б.

11. Жүніс Сақұрпағы. Тоназытқыштан шыққан адам: Сериясының жетпіс бесінші «Соктығысу» ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Лениншіл жас. – 1979. – 30 Мамыр.

12. Жүніс Сақұрпағы. Тіршілік ұясы. Сериясының бірінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Білім және еңбек. – 1979. – №12. –11-14 б.

13. Жүніс Сақұрпағы. Кеңістіктегі керуен: Сериясының жетпіс бірінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Білім және еңбек. – 1980. – № 12. – 16-17 б.

14. Жүніс Сақұрпағы. Тіршілік ұясы. Сериясының бірінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // От-тас. Ұжымдық жинақ. – Алматы, 1981. – 146-160 б.

15. Жүніс Сақұрпағы. Шолпан таңы атқанша: Сериясының жетпіс сегізінші ғылыми-болашақтық романның журналдық нұсқасы // Сонда. – 160-169 б.

16. Жүніс Сақұрпағы. Таң жұлдызы – Шолпан. Ғылыми мақала // Социалистік Қазақстан. – 1982. – 28 Ақпан.

17. Жүніс Сақұрпағы. Ақсызат. Сериясының алпыс алтыншы ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы / Тіршілік ұясы. –1983. – 72-88 б.

18. Жүніс Сақұрпағы. Арайлықтар таккан айып. Сериясының жетпісінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. – 3-8 б.

19. Жүніс Сақұрпағы. Өке өсиеті. Сериясының жетпіс алтыншы «Уақыт қайтарымы» ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. – 21-27 б.

20. Жүніс Сақұрпағы. Жаңбыр жауғанда. Сериясының алпыс бірінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. – 9-18 б.

21. Жүніс Сақұрпағы. Кеңістіктегі керуен // Сонда. 67-72 б.

22. Жүніс Сақұрпағы. Қолқоржын. Сериясының алпыс тоғызыншы ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Қазақстан пионері. – 1983. – 7 Шілде.

23. Жүніс Сақұрпағы. Қолқоржын // Тірішілік ұясы. –1983. – 49-56 б.

24. Жүніс Сақұрпағы. Қотырбұлақ хикаясы. Сериясының сексен бірінші ылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. – 1983. – 40-48 б.

25. Жүніс Сақұрпағы. Пікірлескеннің пайдасы. Ғылыми-болашақтық шығарма. // Сонда. –18-21 б.

26. Жүніс Сақұрпағы. Тоңазытқыштан шыққан адам. Сериясының жетпіс бесінші Соқтығысу ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы. // Сонда. – 27-39 б.

27. Жүніс Сақұрпағы. Тірішілік ұясы. Сериясының бірінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы. – Алматы, 1983. – 88-101 б.

28. Жүніс Сақұрпағы. Шолпан таңы атқанша. Сериясының жетпіс сегізінші ғылыми-болашақтық романның журналдық нұсқасы // Тірішілік ұясы. – 1983. – 57-66 б.

29. Жүніс Сақұрпағы. Қолқоржын. Сериясының алпыс тоғызыншы ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Жерұйыққа саяхат. – Алматы, 1984. – 124-132 б.

30. Жүніс Сақұрпағы. Ай әжімі. Сериясының жетпіс үшінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Жалын. – 1985. – № 6. – 97-100 б.

31. Жүніс Сақұрпағы. «Жер астынан ғарышқа...» / Жүніс Сақұрпағының ұлы ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанимен сұхбаты // Қазақ әдебиеті. – 1986. – 12 Қыркүйек – 4 б.

32. Жүніс Сақұрпағы. Жерде шешілген жұмбақ. Ғылыми-болашақтық шығарма // Қызыл сәуле. – Алматы, 1986. – 67-84 б.

33. Жүніс Сақұрпағы. Мейірім. Сериясының жетпіс тоғызыншы ғылыми-болашақтық романның журналдық нұсқасы // Қазақстан пионері. – 1986. – 12 Қаңтар.

34. Жүніс Сақұрпағы. Ай әжімі: Сериясының жетпіс үшінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Борыш. – Алматы, 1987. – 54-58 б.

35. Жүніс Сақұрпағы. Аққулық ару айтқан сыр. Сериясының алпыс төртінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. – 58-69 б.

36. Жүніс Сақұрпағы. Борыш. Серияның екінші ғылыми-болашақтық романының повестік нұсқасы / Ұлы ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің алғы сөзімен. – Алматы: Жалын, 1987. – 6-52 б.

37. Жүніс Сақұрпағы. Жерде шешілген жұмбақ. Ғылыми-болашақтық шығарма // Борыш. – Алматы, 1987. – 69-81 б.

38. Жүніс Сақұрпағы. Мейірім. Сериясының жетпіс тоғызыншы ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда – 81-84 б.

39. Жүніс Сақұрпағы. Орта жолдағы оқиға. Ғылыми-болашақтық шығарма // Сонда. –84-87 б.

40. Жүніс Сақұрпағы. Орта жолдағы оқиға // Спорт. – 1987. – 28 Наурыз.

41. Жүніс Сақұрпағы. Ояну. Сериясының жетпіс бесінші Соқтығысу ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Борыш. – Алматы, 1987. – 87-92 б.

42. Жүніс Сақұрпағы. Ұмыт қалған ғұмыр. Сериясының жетпіс төртінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. –92-102 б

43. Жүніс Сақұрпағы. Жанрға жанашырлық. Ғылыми жанр жөніндегі мақала // Қазақ әдебиеті. – 1988. – 17 Маусым.

44. Жүніс Сақұрпағы. Тарантас. Сериясының сексенінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Білім және еңбек. – 1988. – № 1. – 17 б.

45. Жүніс Сақұрпағы. Айдаһар және Жетіқаракшы. Ғылыми-танымдық мақала. // Зерде. – 1989. – № 7. – 14 б.

46. Жүніс Сақұрпағы. Андромеда, Персей және Жетекші. Ғылыми-танымдық мақала. // Сонда. –№ 12. – 18 б.

47. Жүніс Сақұрпағы. Айналмалы аспан картасы. Ғылыми-танымдық мақала. // Сонда. –№ 1.

48. Жүніс Сақұрпағы. Жылан, Жыланбөктерген. Қалқан және Пегас. Ғылыми-танымдық мақала // Сонда. № 10. – 20-21 б.

49. Жүніс Сақұрпағы. Кино түсіру Ғылыми-танымдық мақала. // Сонда. – № 6. – 32 б.

50. Жүніс Сақұрпағы. Кинокамера және оның түрлері // Сонда. –№ 1.

51. Жүніс Сақұрпағы. Киноплёнка және оның түрлері // Сонда. –№ 4. – 31 б.

52. Жүніс Сақұрпағы. Түсірілмді киноплёнкаға шығару // Сонда. –№ 11. – 34-35 б.

53. Жүніс Сақұрпағы. Қазақстан Жазушылар одағы // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Алматы, 1989. 4-т. – 343-345 б.

54. Жүніс Сақұрпағы. Лира, Акку және Қарақұрт // Сонда. – 1989. – № 9. – 14 б.

55. Жүніс Сақұрпағы. Объектив және жарық реттегіш шынылар // Сонда. –№3. –28 б.

56. Жүніс Сақұрпағы. Спыршы және Тазылар // Сонда. –№ 8.

57. Жүніс Сақұрпағы. Темірқазық // Сонда. –№ 5. – 10-11 б.
58. Жүніс Сақұрпағы. Уақыт қайтарымы: Сериясының жетпіс алтыншы Уақыт қайтарымы ғылыми-болашақтық романының алғашқы журналдық нұсқасы // Денсаулық. – 1989. – №3. – 6-7 б.
59. Жүніс Сақұрпағы. Ғылыми жанр (Фантастка) // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. – Алматы. 1989. 4- т. – 603-604 б.
60. Жүніс Сақұрпағы. Айдағы жасырынбақ. Ғылыми-болашақтық шығарма // Ұлан. – 1990. – 13 Қыркүйек..
61. Жүніс Сақұрпағы. Бөгде ғаламшарлықтар қатесі. Сериясының алпыс үшінші Ақылға келу ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Ұлан. – 10 Қаңтар.
62. Жүніс Сақұрпағы. Жұлдызаралдар (Галактикалар) // Зерде. – 1990. – № 10. – 29 б.
63. Жүніс Сақұрпағы. Жұлдыз шоғырлары // Сонда. –№ 7. – 27 б.
64. Жүніс Сақұрпағы. Жұлдыздар жарылысы // Сонда. –№ 8. – 21 б.
65. Жүніс Сақұрпағы. Кит, Эридан және Үшарқар-Таразы // Сонда. –№ 5. – 28 б.
66. Жүніс Сақұрпағы. Мерген, Сарышаян Сукұюшы // Сонда. –№ 4. –26-27 б.
67. Жүніс Сақұрпағы. Октант, Киль, Центавр, Алтын балық және Туқан // Сонда.– № 11. – 17 б.
68. Жүніс Сақұрпағы. Сынармүйіз, Гидра және Үлкен Арлан // Сонда. –№6. – 22 б.
69. Жүніс Сақұрпағы. Тұмандық // Сонда. –№ 9. – 22 б.
70. Жүніс Сақұрпағы. Үшбұрыш, Торпак және Егіздер // Сонда. –№ 2. – 44 б.
71. Жүніс Сақұрпағы. Фильмді монтаждау // Сонда. – №2. – 22-23 б.
72. Жүніс Сақұрпағы. Фильмді сактау //Сонда. –№ 5. – 27 б.
73. Жүніс Сақұрпағы. Шаян. Арыстан және Бикеш // Сонда. –№ 3. – 27 б.
74. Жүніс Сақұрпағы. Возвращение к разуму. Журнальный вариант шестьдесят третьего научно-болашацкого романа из авторской серии под общим названием «Кеністік көшпенділері»

- «Кочевники Вселенной» // Вечерний Алматы. – 1990. – 6 Қаңтапр..

75. Жүніс Сақұрпағы. Айнымалы жұлдыздар // Зерде. 1991. – № 2. – 43 б.

76. Жүніс Сақұрпағы. Астронавтар Айда не көрді?: Америка астронавтарының 1969-1972 жылдардағы Айға жасаған ғарыштық сапарлары жөнінде // Сонда. – 19 Қараша.

77. Жүніс Сақұрпағы. Даналық мәйегі: Жазушы болашақгер Шоқан Әлімбаевтың туылғанына 50 жыл толуына орай жазылған естелік мақала // Парасат. – 1991. – № 2. – 7-8 б.

78. Жүніс Сақұрпағы. Қиял сапарында жолдарың болсын Алғы сөз: [Бір топ жас талапкерлердің болашақтық әңгімелеріне жазылған] // Ұлан. – 1991. – 27 Тамыз.

79. Жүніс Сақұрпағы. Құпиясы көп қос жұлдыз // Зерде. 1991. – № 1. – 31-35-б.

80. Жүніс Сақұрпағы. Сурет сыры. Сериясының алтыс үшінші Ақылға келу ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Шенбердің түйісуі. – Алматы, 1991. – 196-202 б.

81. Жүніс Сақұрпағы. Тарантас Сериясының сексенінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. 1991–203-207 б.

82. 77. Жүніс Сақұрпағы. Уақыт қайтарымы. Серияның жетпіс алтыншы ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. – 167-195 б.

83. Жүніс Сақұрпағы. Союз писателей Казахстана // Казахская ССР. Краткая энциклопедия. – Алма-Ата, 1991. – Т. 4. – С. 520-521.

84. Жүніс Сақұрпағы. Научный жанр (Фантастика) / Пер на рус. яз. М. Шокпарова // Казахская ССР. Краткая энциклопедия. – Алма-Ата, 1991. – Т. 4. – С. 578-579.

85. Жүніс Сақұрпағы. Ақ қалпақты ғаламшар // Ұлан. – 1992 –3 Ақпан.

86. Жүніс Сақұрпағы. Алып ғаламшар әлемі // Сонда. – 29 Сәуір.

87. Жүніс Сақұрпағы. Бұлт бүркенген ақ Шолпан // Сонда. – 14 Қаңтар.

88. Жүніс Сақұрпағы. Дабыл қалқып ғаламшар // Сонда. – 24 Маусым.

89. Жүніс Сақұрпағы. Дәу шыңғырған шатқал. Ғылыми-болашақтық шығарма. // Сонда. – 23 Қараша.

90. Жүніс Сақұрпағы. Керуен тізбегі үзілмесін. Қазақ ғылыми ның жай-болашақгерлік жанрының күйі мен көкейкесті мәселелері туралы мақала // Халық кеңесі. – 1992. 25 Қыркүйек.

91. Жүніс Сақұрпағы. Көп сақиналы ғаламшар // Ұлан. – 1992. – 27 Мамыр.

92. Жүніс Сақұрпағы. Соқтығысу. Сериясының жетпіс бесінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Астана дауысы. – 1992. – 28 Қараша.

93. Жүніс Сақұрпағы. Үн қатшы, өзге әлем ұланы // Ұлан. – 1992. – 21 Қазан.

94. Жүніс Сақұрпағы. Столкновение [Журнальный вариант семьдесят пятого научно-болашацкого романа из авторской серии под общим названием «Кеңістік көшпенділері» - «Кочевники Вселенной»] / Пер. на рус.яз. Н. Кенжегуловой // Голос столицы. – 1992. – 28 Қараша..

95. 105. Жүніс Сақұрпағы. Айдаһар // Ұлан. – 1993. – 10 Ақпан.

96. Жүніс Сақұрпағы. Аспанның солтүстік жарты шарындағы батпайтын жұлдыздар // Сонда. – 25 Мамыр.

97. Жүніс Сақұрпағы. Бикеш // Сонда. – 5 Қазан.

98. Жүніс Сақұрпағы. Білім кені // Сонда. – 23 Қараша.

99. Жүніс Сақұрпағы. Киль, Корма және Желкен // Сонда. – 3 Тамыз.

100. Жүніс Сақұрпағы. Көктен келген көшпенділер. Сериясының төртінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Зерде. – 1993. – № 10. – 16-18-б.

101. Жүніс Сақұрпағы. Көктен келген көшпенділер. Серияның төртінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. – №11. – 21-23 б.

102. Жүніс Сақұрпағы. Гнездо жизни [Журнальный вариант первого научно-болашацкого романа «Тірішілік ұясы» из авторской серии «Кеңістік көшпенділері» - «Кочевники Вселенной»] / Пер. на рус. яз. И. Мельцера // Веч. Алматы. – 1993.

103. Жүніс Сақұрпағы. Айға қарап неге алақан жаямыз? // Халық кеңесі. – 1994. – 1 Қаңтар.

104. Жүніс Сақұрпағы. Айдың алғашқы адамдары // Сонда. – 21 Шілде.

105. Жүніс Сақұрпағы. Бала Ұлықбек. Тұңғыш расытхана. Астрономияның көрегені: Өзбектің ұлы астрономы Ұлықбектің өмірі мен ғылыми еңбектері жайлы мақала // Ұлан. – 1994. – 22 Наурыз.

106. Жүніс Сақұрпағы. Ғарыштан келген гүл. Сериясының он бірінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Өркениет. – 1994. – 13 Тамыз.

107. Жүніс Сақұрпағы. Ғарыштан келген гүл. Сериясының он бірінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Сонда. – 20 Тамыз.

108. Жүніс Сақұрпағы. Жұлдыздар соқтығысы: 1994 жылғы Шілде айында Шумейкер-Леви тапқан құйрықты жұлдыздың Күн жүйеміздегі алып Асқақ ғаламшар-Юпитермен соқтығысуы жайлы // Халық Кеңесі. – 1994. – 11 Тамыз.

109. Жүніс Сақұрпағы. Жыланбөктерген // Ұлан. – 1994. – 5 Сәуір.

110. Жүніс Сақұрпағы. Қазақ күнтізбесі хақында: «Қазақ күнтізбесін» жөнге келтіру жайлы // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 18 Наурыз.

111. Жүніс Сақұрпағы. Қимайтын әлем. Сериясының алтыншы ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы / Тірішілік. – 1994. – № 1. – 55-68 б.

112. Жүніс Сақұрпағы. Қиыр кеңістік келімсектері // Көк аспан – Қара Жер. – 1994. – 5 Қыркүйек.

113. Жүніс Сақұрпағы. Құзғын // Ұлан. – 1994. – 3 Мамыр.

114. Жүніс Сақұрпағы. Өркениеттің дамуы // Өркениет. – 1994. – 24 Қыркүйек.

115. Жүніс Сақұрпағы. Таразы // Ұлан. – 1994. – 22 Ақпан.

116. Жүніс Сақұрпағы. Американды на Луне // Вечерний Алматы. – 1994. – 16 Желтоқсан.

117. Жүніс Сақұрпағы. Белый гигант нашей Солнечной системы // Веч.Алматы. – 1994. – 31 Қазан. – 1 б.

118. Жүніс Сақұрпағы. Возвращение к разуму [Журнальный вариант шестьдесят третьего научно-болашацкого романа «Ақылға келу»] // Там же. – 1994. – 1 Сәуір. – 2 б.

119. Жүніс Сақұрпағы. Доживем до понедельника: О столкновении кометы Шумейкер-Леви с Юпитером // Там же. – 15 Маусым.

120. Жүніс Сақұрпағы. Желанный из миров [Журнальный вариант шестого научно-болашакского романа «Қимайтын элем» из авторской серии «Кеңістік көшпенділері» - «Кочевники Вселенной»] / Пер. на рус. яз. К. Наурызбаева // Там же. – 30 Желтоқсан. – 5 б.
121. Жүніс Сақұрпағы. Звезда // Там же. – 28 Желтоқсан. – 4 б.
122. Жүніс Сақұрпағы. Земле ничто не грозит: О столкновении кометы Шумейкер-Леви с Юпитером // Там же. – 20 Шілде. – 1 б.
123. Жүніс Сақұрпағы. Как Солнце влияет на человека // Там же. – 1994. – 31 Тамыз. – 1 б.
124. Жүніс Сақұрпағы. Навечно среди звезд: О планете Сатбаева // Веч. Алматы. – 1994. – 30 Қараша.
125. Жүніс Сақұрпағы. Навечно среди звезд: О планете Сатбаева // Яркая звезда. – Алматы, 1994.
126. Жүніс Сақұрпағы. Обошлось без катастрофического ущерба: О столкновении кометы Шумейкер-Леви с Юпитером // Там же. – 25 Шілде. – 2 б.
127. Жүніс Сақұрпағы. Персона нон грата [Журнальный вариант семидесятого научно-болашакского романа «Арайлыктар таккан айып» из авторской серии «Кеңістік көшпенділері» - «Кочевники Вселенной»] / Пер. на рус. яз. К. Наурызбаева // Там же. – 25 Қараша. – 4 б.
128. Жүніс Сақұрпағы. Правитель и ученый: Об узбекском великом астрономе Улугбеке // Там же. – 11 Қараша.
129. Жүніс Сақұрпағы. Абдрахманов Махмұт // Абай: Энциклопедия. – Алматы, 1995. – 58 б.
130. Жүніс Сақұрпағы. Аққу // Ұлан. – 1995. – 15 Тамыз.
131. Жүніс Сақұрпағы. Ақын аға // Абай: Энциклопедия. – Алматы, 1995. – 70 б.
132. Жүніс Сақұрпағы. Дельфин // Ұлан. – 1995. – 10 Желтоқсан.
133. Жүніс Сақұрпағы. Жыл мезгілдері // Абай: Энциклопедия. – Алматы, 1995. – 261 б.
134. Жүніс Сақұрпағы. Қасқыр // Ұлан. – 1995. – 21 Ақпан.
135. Жүніс Сақұрпағы. Мерген // Сонда. – 7 Қараша.
136. Жүніс Сақұрпағы. Белый гигант нашей Солнечной системы // Вечерний Алматы. – 1995. – 11 Маусым.

137. Жүніс Сақұрпағы. Желанный из миров [Журнальный вариант шестого научно-болашакского романа «Қимайтын әлем» из авторской серии «Кеңістік көшпенділері» - «Кочевники Вселенной»] / Пер. на рус. яз. К. Наурызбаева // Простор. – 1995. – № 9-10. – 85-88 б.

138. Жүніс Сақұрпағы. Звездное скопление // Вечерний Алматы. – 1995. – 11 Тамыз.

139. Жүніс Сақұрпағы. Как Солнце влияет на человека Там же. – 10 Шілде.

140. Жүніс Сақұрпағы. Кратные звезды // Там же. – 18 Шілде.

141. Жүніс Сақұрпағы. Луна «стабилизатор» Земной жизни // Там же. – 1 Тамыз.

142. Жүніс Сақұрпағы. Новые и сверхновые звезды // Там же. – 28 Тамыз.

143. Жүніс Сақұрпағы. «Окольцованная» планета // Там же. – 2 ҚЫРКҮЙЕК.

144. Жүніс Сақұрпағы. Переменные звезды // Там же. – 1 Наурыз. – 3 б.

145. Жүніс Сақұрпағы. Прорыв во Вселенную: О первом полете человека в космос // Там же. – 1995. – 12 Сәуір. – 5 б.

146. Жүніс Сақұрпағы. Ешкі мүйіз // Ұлан. – 1996. – 25 Наурыз.

147. Жүніс Сақұрпағы. Қатері жоқ құйрықты жұлдыз Егемен Қазақстан. – 1996. – 27 Наурыз.

148. Жүніс Сақұрпағы. Қимайтын әлем. Сериясының алтыншы ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы Чех тіліне аударған П. Вейгел // Nemtsis. – 1996. – №2. 16-18 б.

149. Жүніс Сақұрпағы. Лира // Ұлан. – 1996. – 20 Ақпан.

150. Жүніс Сақұрпағы. Отты жұлдыз оралғанша. Аспанның ғажайып мейманы-құйрықты жұлдыздар жөнінде // Сонда. – 16 Сәуір.

151. Жүніс Сақұрпағы. Английский научный жанр (фантастика) О научном жанре Англии // Вечерний Алматы. – 1996 – 27 Мамыр.

152. Жүніс Сақұрпағы. Болгарский научный жанр (фантастика) О научном жанре Болгарии // Там же. – 26 Шілде

153. Жүніс Сақұрпағы. Когда пойдет дождь [Журнальный вариант шестьдесят первого научно-болашакского романа из

авторской серии «Кеністік көшпенділері» - «Кочевники Вселенной»] / Пер. на рус. яз. А. Никольского // Горизонт. – 1996 – 22 Наурыз.

154. Жүніс Сақұрпағы. Комета приближается // «Огни Алатау».

155. Жүніс Сақұрпағы. Геркулес // Ұлан. 1997. –13 Мамыр.

156. Жүніс Сақұрпағы. Ешк імүйіз // Сонда. – 25 Наурыз.

157. Жүніс Сақұрпағы. Пегас // Сонда. –26 Тамыз.

158. Жүніс Сақұрпағы. Ай // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. – 1-т. – 123-124 б.

159. Жүніс Сақұрпағы. Айға сапар // Сонда. – 126-128 б.

160. Жүніс Сақұрпағы. Ақмешіт әулие үңгірі. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақмешіт әулие елді-мекені мен Алмалы ауылы арасындағы ғажайып жер асты әлемі жөнінде // Сонда. –190 б.

161. Жүніс Сақұрпағы. Алгол // Сонда. –258 б.

162. Жүніс Сақұрпағы. Андромеда // Ұлан. – 1998. – 30 Маусым.

163. Жүніс Сақұрпағы. Андромеда тұмандығы // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. –1-т. –364 б.

164. Жүніс Сақұрпағы. Антарес // Сонда. – 372 б.

165. Жүніс Сақұрпағы. «Аполло» // Сонда. – 391-392 б.

166. Жүніс Сақұрпағы. Аризон кратері // Сонда. –432 б.

167. Жүніс Сақұрпағы. Асқар асудағы аға: // Қазақстан мұғалімі. – 1998. – Мамыр – 8 б.

168. Жүніс Сақұрпағы. Аспан аңыздары: Жұлдызды әлем жайындағы қазақ аңыздары туралы ғылыми-танымдық мақала // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. –1-т. 480-481 б.

169. Жүніс Сақұрпағы. Аспандағы жүздесу // Ұлан. – 1998. – 2 Қараша.

170. Жүніс Сақұрпағы. Астрономиялық таңбалар // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. –1-т. – 496 б.

171. Жүніс Сақұрпағы. Асы-Түрген обсерваториясы // Сонда. –502-503 б.

172. Жүніс Сақұрпағы. Әубәкіров Тоқтар. Қазақтың тұңғыш ғарышкері туралы мақала. Энциклопедиялық өмірбаяны // Сонда. –698-699 б.

173. Жүніс Сақұрпағы. Токты // Ұлан. – 1998. – 23 Маусым. – 6 б.

174. Жүніс Сақұрпағы. Айдағы жасырынбақ. Ғылыми-болашақтық шығарма // Көктен келген көшпенділер кітабында. – Алматы, 1999. – 244-248 б.

175. Жүніс Сақұрпағы. Аспаннан нұр жауады: Жұлдыз жауыны туралы // Алматы ақшамы. – 1999. – 5 Қараша.

176. Жүніс Сақұрпағы. Балықтар // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1999. – 2-т. – 133 б.

177. Жүніс Сақұрпағы. Бикеш // Сонда. – 325 б.

178. Жүніс Сақұрпағы. Босаға // Сонда. – 382 б.

179. Жүніс Сақұрпағы. Дабыл. Сериясының алпыс екінші ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы // Көктен келген көшпенділер кітабында. – Алматы, 1999. – 249-271 б.

180. Жүніс Сақұрпағы. Жұлдыз жауыны // Егемен Қазақстан. – 1999. – 13 Қараша.

181. Жүніс Сақұрпағы. Ғылыми жанр. (фантастика). Қазақ ғылыми жанры жөнінде // Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы, 1999. – 659-660 б.

182. Жүніс Сақұрпағы. Ғылыми жанр (фантастика-98). Қазақстан Жазушылар одағының әдеби жылдық қорытындысында Қазақ ғылыми жанры туралы жасаған баяндамасы // Қазақ әдебиеті. – 1999. – 16-23 Сәуір. – 8 б.

183. Жүніс Сақұрпағы. Леониды обещают фейерверк // Казахстанская правда. – 1999. – 9 Қараша.

184. Жүніс Сақұрпағы. На облете Жасыла: Научно-болашақское произведение // – Огни Алатау. – 1999. – 25 Ақпан.

